



KAZAKHSTAN ENGINEERING
NATIONAL COMPANY

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП
2015



МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ БӨЛІГІ	2
«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі төрағасының алғыс сөзі	3
«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының алғыс сөзі	5
Қазақстанның машина жасау саласының нарығын шолу	7
«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰК» АҚ ТУРАЛЫ	11
«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ жалпы мәліметтері және акционерлік капиталының құрылымы	12
Компанияның даму стратегиясы — миссиясы, қызметінің негізгі бағыттары, мақсаттары мен міндеттері	13
Компанияның қаржылық және операциялық қызметінің 2015 жылғы нәтижелері	14
Қаржылық қолдау. Дивидендтер туралы ақпарат	17
Компанияның 2015 жылдағы басты оқиғалары мен жетістіктері	18
Компания ЕТҰ-ның тізбегі және олар туралы қысқаша ақпарат	20
Компания активтерінің құрылымы	23
Жекешелендіру бағдарламасы	24
Түрлендіру бағдарламасы	24
Компанияның инвестициялық қызметі	26
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ	28
Компанияның корпоративтік басқару құрылымы	29
Компанияның корпоративтік басқару жүйесінің сипаты	29
Компанияның корпоративтік басқару қағидалары және ол бойынша есеп	30
Компанияның Директорлар кеңесінің құрамы және оның мүшелерінің қысқаша өмірбаяндары	33
Компанияның Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп	39
Компанияның Директорлар кеңесінің Комитеттері	41
Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру туралы есеп	47
Компанияның Ішкі аудит қызметі	47
Компанияның Ішкі аудит қызметінің қызметі туралы 2015 жылғы есеп	48
Компания Басқармасының құрамы және оның мүшелерінің қысқаша өмірбаяндары	49
Компания Басқармасының жанындағы Комитеттер	54
Компания Басқармасының Қызметі туралы есеп	55
Компания Басқармасының мүшелеріне сыйақы беру туралы есеп	55
Компания тәуекелдерінің негізгі факторлары және тәуекелдерді басқару жүйесі	56
КОМПАНИЯНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ	62
Компанияның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі	63
Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдарында әлеуметтік серіктестікті ұйымдастыру	64
Компанияның демеушілік және қайырымдылық көмегі	65
Компанияның кадр саясаты	66
Еңбекті қорғау және қауіпсіздігі. Қоршаған ортаны қорғау	68
Экологиялық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде негізгі міндеттер	69
КОМПАНИЯНЫҢ БАСТЫ ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ	70
КОМПАНИЯНЫҢ КЕЛЕШЕК КЕЗЕҢДЕРГЕ ЖОСПАРЛАРЫ МЕН МАҚСАТТАРЫ	86
ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК	87
ГЛОССАРИЙ	158




KAZAKHSTAN ENGINEERING
NATIONAL COMPANY

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ 2015 жылғы жылдық есеп

КІРІСПЕ БӨЛІГІ

- «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі төрағасының алғыс сөзі
- «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының алғыс сөзі
- Қазақстанның машина жасау саласының нарығын шолу





САУРАНБАЕВ НҰРЛАН ЕРМЕКҰЛЫ

«Қазақстан инжиниринг» ҰҚ» АҚ
Директорлар кеңесінің төрағасы

Компания қорғаныс өнімін, екіұдай мақсаттағы және азаматтық машина жасау өнімдерін өндіру салаларында бірыңғай қаржылық, өндірістік және технологиялық саясатты қамтамасыз ететін холдингтік құрылым болып табылады.

Компанияның жалғыз акционері «Самрұқ-Қазына» АҚ болып табылады, оның акцияларының 100% Қазақстан Республикасының Үкіметіне тиесілі, бұл ретте 2010 жылдан бастап Компания Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің сенімгерлікпен басқаруында тұр.

«Қазақстан — 2050» Стратегиясын іске асыру үшін, Қазақстан өз қорғаныс қабілеттілігі мен әскери доктринаны нығайтуға, әртүрлі қорғаныс тежеу тетіктерінде қатысуға тиіс.

Осыған байланысты, Компанияға мемлекеттік қорғаныс тапсырысты уақтылы және сапалы орындауды, Қазақстан Республикасының Қарулы күштерін, басқа әскерлер мен әскери құрылымдарды техникалық және технологиялық жаңғыртуға, ұлттық машина жасауды дамытуға, тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді өндіруде қазақстандық қамтудың үлесін көбейтуге көмек көрсетуді қамтамасыз ету бойынша, сондай-ақ қазіргі жағдайларда жұмыс істеуге қабілетті білікті инженерлік-техникалық кадрларды даярлау бойынша стратегиялық маңызды міндеттер жүктелді.

Компания Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан – 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» жолдауына сәйкес Компания Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген, Компанияның 2013-2022 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске

асырады. Компанияның даму стратегиясы онжылдық кезеңге стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін белгілейді. Компанияның жұмысы корпоративтік басқарудың ең жақсы стандарттарын енгізу, басқарылатын активтердің ұзақ мерзімді құнын максималдандыру, «Самрұқ-Қазына» АҚ мен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі қызметінің әскери-техникалық, индустриалдық-инновациялық, әлеуметтік-экономикалық және өзге де бағыттарында мемлекеттік саясаттың басымдықтарын есепке алумен дүниежүзілік нарықтардағы бәсекеге жарамдылығы қағидаттарында құрылды.

Компанияның 2015 жылы Қазақстан Республикасының машина жасау саласындағы үлесі 10,3% деңгейінде қалыптасты.

Компания және Компаниялар тобының ұйымдары елді әлеуметтік-экономикалық жаңғыртуға маңызды үлес қосады. Меншік өндірісті дамытумен қатар, қорғаныс кәсіпорындары жұмыс орындарын беріп және жергілікті бюджеттерге салықтарды аударып, ел өңірлерін дамытуға, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етуге өз үлесін қосады.

Машина жасау саласында халықаралық ұйымдардың тәжірибесін зерделеу мақсатында, Компания отандық кадрларды кәсіби дамыту үшін, шетелдік мамандарды және қазіргі заманғы өндіріс технологияларын тарту жолымен халықаралық әскери-техникалық ынтымақтастығының дамуында белсенді қатысады.

Сөйтіп, экспорттық әлеуетті дамыту мақсатында Компания өз жарнамалық-көрмелік қызметін белсендірді. Сонымен, Компанияның ұйымдары Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қамқорлығымен өткізілетін, ол Астана қаласында 2016 жылдың 2-нші 5-інші маусым аралығында болған, KADEX (Kazakhstan Defence Exhibition) IV Халықаралық қару-жарақ және әскери-техникалық мүлік көрмесінде қатысты.

Бүгінгі таңда ұқсас көрмелердің бүкіл әлемде зор әйгілілігі бар. Өйткені әсіресе қазір қорғаныс ведомстволар жаһандық және өңірлік тұрақтылыққа әсер етудің үлкен әлеуетіне ие. Сондықтан негізгі акценттердің бірі электрондық және электрондық-оптикалық жүйелердің, байланыс және басқару, желілік шешу жүйелерінің дамуына жасалады. Дәстүрлі бұндай көрмелерде шетелдік серіктестіктерде ең үлкен сұранысқа әскерлерді және қаруды, өте дәл қарудан қорғау жүйесін басқару кешендері, авиациялық техника, ӘШҚҚ құралдары мен жүйелері, оптикалық-электрондық құралдар ие болады. Іс-шаралар шеңберінде қонақтары мен қатысушыларының қорғаныс секторы кәсіпорындарының жаңа зерттемелерінің экспозициясымен танысу ғана емес, бірақ олардың әрекеттегі жауынгерлік мүмкіндіктерін бағалау мүмкіндіктері болады.

Сонымен қатар, Компанияда корпоративтік басқару Компанияның бәсекеге жарамдылығын көбейтудің негізгі қаржылық емес факторларының бірі болып табылады, ол сонымен қатар акционермен, сенімгерлік басқарушымен және инвесторлармен Компанияны, оның нарықтық құнын қабылдау деңгейін арттыруға, сондай-ақ қарыз капиталдың құнын төмендетуге ықпал етеді.

Негізгі мақсаты біздің азаматтардың әлеуметтік қауіпсіздігі мен амандығы болып табылуын назарға ала отырып, Компания БҰҰ бастамашылық етілген, іскерлік ортаны өз қызметінде адам құқықтарын, еңбек қатынастары және қоршаған ортаны қорғау нормаларын сақтау саласында негізін қалаушы қағидаттарды басшылыққа алуға шақыратын Жаһандық шартқа қосылды.

Тұтас алғанда, Компания қызметінің позитивті серпіні және бұдан әрі өсу үшін, үлкен келешектері болуын атап өту керек.

ЫДЫРЫСОВ Ерлан Сапарғалиұлы

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ
Басқарма төрағасы



Бүгінгі күнге Компаниялар тобында машина жасау және әскери-өнеркәсіп саласының 15 еншілес және 12 тәуелді ұйымдары бар.

Компаниялар тобы қызметінің негізгі бағыттары машина жасау, қорғаныс және екіұдай мақсаттағы өнімдерді өндіру және оған сервистік қызмет көрсету, инжиниринг, мұнай газ, темір жол, агроөнеркәсіптік және отын-энергетикалық кешендерде өнімді өндіру және қызметтер көрсету болып табылады.

Топқа кіретін ұйымдардың өндірістік, техникалық және қаржылық әлеуетін тұрақты ұлғайтып, «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ 6 мыңға жуық адамның жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етеді, олардың ішінен 250 инженерлер-конструкторлар 11 конструкторлық бюролар мен 9 мамандандырылған зертханаларда жұмыс істейді.

Компанияның бүгінгі нәтижелеріне көбінде Ел басы Н.Ә. Назарбаевтың, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, «Самұрұқ-Қазына» АҚ мен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қолдауының арқасында жетті.



2015 жылы Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі BBB- және тиісті BBB деңгейінде шетелдік және ұлттық валютада Компанияның инвестициялық рейтингін растады, Moody's халықаралық рейтингтік агенттігі Компанияға Вa3 деңгейінде кредиттік рейтинг берді.

Компания «ұлттық компания» мәртебесіне ие және Қазақстанның машина жасау кәсіпорындарының арасында бірінші болып халықаралық рейтингтер алған және капиталдар нарықтарына кірген, Қазақстанда жалғыз машина жасау компаниясы болып табылады.

Корпоративтік басқару рейтингі 2015 жылы 71% құрады, ол алдыңғы жылдың деңгейін 3,2 пайыздық тармаққа артады. Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі 71% құрады, ол экономикалық дағдарыстың және жалпы дүниежүзілік өндірістік құлдыраудың қиын жағдайларында тұрақтылықты сақтау туралы айтады.

2016 жылы және келесі жылдары Компанияның аса маңызды мақсаттары машина жасау саласында көшбасшылық позицияларды қалыптастыру, ол саланы жеделдетілген әртараптандыру локомотивтерінің ролін ойнауға тиіс, сондай-ақ жақын және алыс шетелдің ұқсас компанияларымен бәсекеге түсу қабілеті, жаңа өнімдерді енгізу және Жекешелендіру бағдарламасын іске асыруда қатысу болып табылады.

2016–2017 жылдардың ішінде Компаниямен «Жекешелендірудің 2016 – 2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 30.12.2015 жылғы № 1141 қаулысын (бұдан әрі - № 1141 Қаулы) іске асыру жоспарланды. Бұның шеңберінде № 1141 Қаулыға енгізілген және «Самрұқ-Қазына» АҚ Басқармасының 29.01.2016 жылғы № 02/16 шешімімен белгіленген 17 еншілес, тәуелді және немерелес ұйымдарды сату, тарату және қайта құру, сондай-ақ Компания Директорлар Кеңесінің 20.01.2016 жылғы шешімімен бекітілген (№1 хаттама), Компанияның активтерін қайта құрылымдаудың 2016 жылға арналған жоспарына сәйкес Компанияның қосымша төрт активін сату жоспарланды.

Компаниямен Қазақстан Республикасының аумағында бірлескен кәсіпорындарды бұдан әрі құру үшін, шетелдік компаниялармен ынтымақтастығы саласында белсенді жұмыс жүргізілді. Бүгінгі таңда мыналар сияқты, жетекші халықаралық компаниялармен бірлескен компаниялар құрылды: Aselsan түнде көру электрондық құрылғыларды өндіру бойынша түркиялық компания, Airbus Helicopters франция-неміс компаниясы, тікұшақтардың жетекші өндірушісі және Paramount Group құрышпен қапталған машиналарды өндіруді жасау бойынша оңтүстік-африка компаниясы.

2015 жылғы 30 қарашада Астана қаласында Ел басы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан ПарамOUNT Инжиниринг» ЖШС бірлескен кәсіпорнымен қосылған, құрышпен қапталған дөңгелекті машиналарды өндіру бойынша зауытты салтанатты түрде ашты.

Соңында, біздің міндетіміз елдің экономикалық күшін көбейтіп, Қазақстанға егемендікті және серіктестерінің құрметін қамтамасыз етуге қабілетті, сондай экономикалық әлеуетті жасаудан тұрады деп атап өткім келеді.




ҚАЗАҚСТАННЫҢ МАШИНА ЖАСАУ САЛАСЫНЫҢ НАРЫҒЫН ШОЛУ




Машина жасауда өндіріс көлемдерінің серпіні

Қазақстан Республикасында машина жасау өнімдері өндірісінің көлемі 2008 жылмен салыстыру бойынша 2015 жылы номиналды шамасында 2 есе (302,8 млрд теңгеден 614,4 млрд теңгеге дейін) өсті. 2014 жылмен салыстыру бойынша 2015 жылы машина жасау өнімдері өндірісінің көлемі 869,9 млрд теңгеден 614,4 млрд теңгеге дейін, 29,4% төмендеді (1-сурет).



1-сурет. Машина жасау өндірісінің 2008-2015 жылдарғы көлемі, млрд теңге




- Локомотивтер, 42
- Жеңіл автомобильдер, 37 157
- Ауыл және орман шаруашылығына арналған тракторлар, 1 209
- Трансформаторлар, 4 633,30
- Жүк вагондары, 1 636
- Сұйықтық айдауға арналған насостар, 16 766
- Комбайндар, 435

2-сурет. Машина жасау өнімдерінің басты түрлері өндірісінің көлемі, дана


Машина жасау саласы өнімдерінің экспорты мен импорты

Қазақстан Республикасының машина жасау өнімдері экспорты көлемдерінің серпіні бір мағыналы емес. 2009–2010 жылдарғы дағдарыстың нәтижесінде машина жасау саласы өнімдері экспорты көлемдерінің күрт қысқаруы (3 еседен астам) байқалады. Екі жыл бойы тұрақты өсудің нәтижесінде 2012 жылға экспорттың көрсеткіштері дағдарысқа дейінгі деңгейді артты. Кейінгі жылдары машина жасау өнімдері экспортының төмендеуі байқалды. 2015 жылдың қорытындылары бойынша Қазақстанның машина жасау экспорты 0,6 млрд АҚШ долл. құрады, ол 2008 жылдың экспорт көлемінен 53% кем және 2008 және 2014 жылдарғы өнімдердің экспортынан 2 еседен астам төмен (3-сурет).




3-сурет. Машина жасау саласы өнімдерінің 2008-2015 жылдарғы экспорты, млн АҚШ долл.

2015 жылдың қорытындылары бойынша машина жасау саласы өнімдерінің импорты 11,9 млрд. АҚШ долл. құрады, бұл 2008 жылдан 14,7 % кем және 2014 жылдан 32% кем (4-сурет).



4-сурет. Машина жасау саласы өнімдерінің 2008-2015 жылдарғы импорты, млн АҚШ долл.



5-сурет. Машина жасау саласы өнімдері өндірісінің 2015 жылғы көлемі

2015 жылы машина жасау саласы өнімдері өндірісінің көлемі 614,4 млрд теңге, немесе өнеркәсіптің жалпы көлемінде 4,2% құрады.

Қазіргі уақытта Қазақстанның машина жасау саласында басымдық бағыттар: автомобиль жасау, темір жол машина жасау, электр жабдықтарды өндіру, ауыл шаруашылық машина жасау, мұнай газ машина жасау, тау-кен машина жасау болып табылады.



KAZAKHSTAN ENGINEERING
NATIONAL COMPANY

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ 2015 жылғы Жылдық есеп

«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰК» АҚ ТУРАЛЫ

- «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ жалпы мәліметтері және акционерлік капиталының құрылымы
- Компанияның даму стратегиясы — миссиясы, қызметінің негізгі бағыттары, мақсаттары мен міндеттері
- Компанияның қаржылық және операциялық қызметінің 2015 жылғы нәтижелері
- Қаржылық қолдау. Дивидендтер туралы ақпарат
- Компанияның 2015 жылдағы басты оқиғалары мен жетістіктері
- Компанияның ЕТҰ-ның тізбегі және олар туралы қысқаша ақпарат
- Активтердің құрылымы
- Жекешелендіру бағдарламасы
- Түрлендіру бағдарламасы
- Компанияның инвестициялық қызметі



«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ жалпы мәліметтері және акционерлік капиталының құрылымы

«Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компания» Акционерлік қоғамы (бұдан әрі - «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ немесе

Компания) «Қазақстан Республикасы қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 наурыздағы № 244 Қаулысына сәйкес Компанияның құрамына Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі қорғаныс өнеркәсібінің кәсіпорындарын және әскери зауыттарды енгізу жолымен құрылды. 2006 жылдың қазан айында Компания акцияларының мемлекеттік пакеті (100%) сол сәтте мемлекетке тиесілі, Қазақстан Республикасының қорғаныс өнеркәсібін басқару жүйесін жетілдіру мақсатта, «Самрұқ» Холдингі» АҚ (қазір – «Самрұқ-Қазына» АҚ) жарғылық капиталын төлеуге тапсырылды. 2009 жылдың қазан айында Компания акцияларының 100%-дық пакеті «Самрұқ-Қазына» АҚ Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігіне сенімгерлікпен басқаруға, ал 2010 жылдың маусым айында – Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне сенімгерлікпен басқаруға тапсырылды.

Компанияның құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады. Компанияның жалғыз акционері «Самрұқ-Қазына» АҚ (бұдан әрі — «Самрұқ-Қазына» АҚ немесе Қор) болып табылады.

Компания азаматтық және арнаулы өнімдерді, сондай-ақ екіұдай мақсаттағы өнімдерді өндіруде мамандандырылатын ірі машина жасау кәсіпорындарында бірыңғай қаржылық, өндірістік және технологиялық саясатты қамтамасыз етуге тартылған холдингік құрылым болып табылады.

31.12.2015 ж. акциялар туралы мәліметтер:

- 1) акциялардың саны, түрі — 21 476 802 (жиырма бір миллион төрт жүз жетпіс алты мың сегіз жүз екі) жай акциялар;
- 2) орналастырылған акциялардың саны, түрі — 21 476 802 (жиырма бір миллион төрт жүз жетпіс алты мың сегіз жүз екі) жай акциялар;
- 3) құрылтайшылармен төленетін бір акцияның номиналды құны — 1 000 (бір мың) теңге;
- 4) артықшылықты акциялар жоқ.

Компанияның даму стратегиясы— миссиясы, қызметінің негізгі бағыттары, мақсаттары мен міндеттері

Қазіргі уақытта дүниежүзілік экономика тұрлаусыздық белгілерін көрсетеді, ол көбінде жеке нарықтарда конъюнктураның маңызды өзгеруінің тәуекелдерін артады. Ұзақ мерзімді келешекте энергия көздерінің дүниежүзілік бағалардан тәуелділігін төмендету үшін, ел экономикасы маңызды әртарапандырылуға тиіс. Бұл оған тұрақтылықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді және олар қандай болады, содан тәуелсіз жаңа экономикалық жағдайларға бейімделу үшін мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасында мемлекетпен «Қазақстан — 2050» Стратегиясы іске асырылуда, онда елдің ұзақ мерзімді даму стратегиясының негізгі басымдықтары машина жасауды дамыту, өз қорғанысқа қабілеттілігін және әскери доктринаны нығайту, әртүрлі қорғаныс тежеу тетіктерінде қатысу болып табылады. Және бұл бағытта да Компанияның ролі өсіп келеді.

Салада аса ірі субъекті болып табылып, Компания, технологиялар трансфертінің, ең жақсы басқару тәжірибелерін енгізудің және жаңа географиялық нарықтарға шығудың есебі арқылы машина жасаудың ең талап етілген секторларында оның дамуының локомотиві болуға тиіс. Компания акционерлік құнын жасауға және операциялардың тиімділігін максималдандыруға ғана емес, бірақ және серіктестерді тартуға, салаішілік және салааралық кооперацияны дамытуға, олар Қазақстан Республикасының бүкіл машина жасау саласына жергілікті нарықта ғана емес, бірақ және өңірлік, ал келешекте – жаһандық нарықта бәсекелесуге мүмкіндік беретін сақтандырма технологияларды әзірлеуді қамтамасыз етуге тиіс.

Компанияның миссиясы Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 17 ақпандағы шешімімен бекітілген (№ 4 хаттама), «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Даму стратегиясына сәйкес Компаниялар тобына кіретін ұйымдардың активтерін тиімді басқару және ұзақ мерзімді құнын көбейту жолымен машина жасауды дамытуда мемлекеттің стратегиялық мүдделерін іске асырудан тұрады.

2022 жылға Компания бір қатар өнеркәсіптік кәсіпорындарды біріктіретін, қорғаныс-өнеркәсіптік кешенді қоса алып, экономиканың барлық салалары үшін машина жасау өнімді өндіретін тиімді машина жасау холдингке, Қазақстанның инжинирингтік қызметтер нарығында жетекші инжинирингтік компанияға айналуға, жоғары технологиялар саласында құзыреттіліктің орталығы және өз мамандану секторында көпшілікке танылған сарапшы болуға тиіс. Дүниежүзілік және ұлттық экономикадағы ағымдағы ахуалдың есебімен, сондай-ақ интеграциялық процесстердің даму келешегінің есебімен тіпті ішкі нарықта да бәсекелестік артып келеді. Осыған байланысты, стратегиялық мақсаттарға жету үшін, Компания тең деңгейде мына стратегиялық бағыттар бойынша дамитын болады:

- 1) Тиімді және бәсекеге жарамды Холдинг қалыптастыру;
- 2) Ұлттық экономиканы әртарапандыру және жаңғырту мақсаттарында машина жасау саласын дамытуға көмек көрсету;
- 3) Компанияның тұрақты дамуын қамтамасыз ету.

Компанияның қаржылық және операциялық қызметінің 2015 жылғы нәтижелері

Бүгінгі таңда «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ (бұдан әрі — Компаниялар) Қазақстанның машина жасау саласын дамыту үшін, зор әлеуеті бар. Жаңа инвестициялық жобалар іске асырылады. Компания машина жасаудың қосымша салаларын игереді және халықаралық көшбасшылармен бірге оларды іске асыруға тырысады.

2015 жылы Қазақстан Республикасының машина жасаудағы Компанияның үлесі 10,3% деңгейінде қалыптасты. Бұл ретте 2010 жылмен салыстыру бойынша 2015 жылы Компаниялар тобын сатудан табыс 4,1 есе, еңбек өнімділігі – 3 есе өсті.

2015 жылы елде қалыптасқан экономикалық ахуал тұтас алғанда, оның ішінде машина жасауда өнеркәсіп көрсеткіштерінің төмендеуіне әкеліп соқты. Жеке алғанда, машина жасау өнімдері өндірісінің 2015 жылғы көлемі 614 млрд теңге деңгейінде қалыптасты, ол былтырғы жылдың ұқсас кезеңінің деңгейінен 29% төмен. 2015 жылдың қорытындылары бойынша машина жасаудың өнеркәсіптік өнімінің физикалық көлемінің индексі былтырғы жылдың ұқсас кезеңіне 70,4% құрады.

Машина жасау саласының субъектісі ретінде, Компанияға сонымен қатар жағымсыз факторлар да әсер етті, ол Компания қызметінің нәтижелерінде көрінді.

Компаниялар тобы бойынша қызметтің қаржылық және операциялық көрсеткіштері

Көрсеткіштері	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2010 жылға 2015 жылдың өсу серпіні
Сатудан табыс (млрд теңге)	15,4	33,6	52,2	44,8	38,5	63,5	4,1 раз
Активтер (млрд теңге)	24,7	27,4	45,9	74,1	89,1	114,1	5,1 раз
Қаржылық нәтиже (млн теңге) *	378,8	2264	4558	3083	917	-8 266	-
Дамуға шығыстар (инвестициялар) (млн теңге)	897	2044	9651	3552	6720	4 822	5,4 раз
Еңбек өнімділігі (мың теңге/адам)	3838	6560	10 763	12 868	11 794	12 595	3,3 раз
Орташа айлық жалақы (мың теңге)	70,5	86,9	135,5	114,2	124,2	111,9	1,6 раз

* қаржылық нәтиже = азшылық үлесін шегеруге дейін таза табыс

41,2 млрд теңге жоспар болған кезде Компания өнімдерін сатудың 2015 жылғы шоғырландырылған көлемі 63,5 млрд теңге немесе жоспарға 154% (2014 жылға 65%-ға көбею) құрады, соның ішінде:

- мамандандырылған өнімдерді және екіұдай мақсаттағы өнімдерді сату көлемі бойынша орындау 53,2 млрд теңге немесе МҚТ орындау нәтижесінде жоспарға 351% құрады;
- сервистік қызметтердің көлемі бойынша орындау 2,1 млрд. теңге құрады, ол 2015 жылға арналған жоспарлық көрсеткіштен 75% төмен және 2014 жылға қарағанда 80% төмен;
- азаматтық өнімдерді сату көлемі бойынша орындау 8,2 млрд теңге немесе жоспардан 46% құрады (6-сурет).




6-сурет. Табыстар құрылымы

Қызметтің пайдалылығы 13,1% (жоспар 7,7%) құрады. 2014 жылы осы көрсеткіш 2,1% құраған. Капиталдың пайдалылығы 28,4% (жоспар 9,2%) құрайды, ол жоспарланған көрсеткіштен төмен. EBITDA margin 2,1% (жоспар 12,5%) құрайды. 2014 жылы жоспарлық көрсеткішті орындау 17% құрады.


2015 жылы сату көлемінде экспорттық өнімнің үлесі жалпы сату көлемінен 3,7% құрады.

2015 жылдың аяғына шоғырландырылған активтер 114,1 млрд теңге құрады. 2014 жылмен салыстыру бойынша активтердің өсуі 1,3 есе құрады (7-сурет).



7-сурет. Активтер, млрд теңге

2015 жылы Компанияның қаржылық нәтижесі жоспарлық пайда 3 163 млн теңге кезінде 8 266 млн теңге шығын құрады. Қалыптасқан қаржылық нәтиженің негізгі себебі ұлттық валютаның еркін құбылмалы бағамына ауысудың нәтижесінде 13 811 млн теңге мөлшерінде бағамдық айырмасы бойынша шығын алу болып табылады (8-сурет).



8-сурет. Қаржылық нәтиже, млн теңге

Еңбек өнімділігі бір жұмыскерге 12,6 млн теңгеге жетті. 1,6 есе өнімділіктің орташа салалық көрсеткіші артты (9-сурет).



9-сурет. Еңбек өнімділігі, мың теңге

Қаржылық қолдау. Дивидендтер туралы ақпарат

Мемлекеттен алатын кепілдіктер және Компаниямен өзіне қабылданған мемлекет алдындағы кез келген міндеттемелер туралы ақпарат Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес ашылады.

Компанияда «Самрұқ-Қазына» АҚ Басқармасының 2012 жылғы 2 қазандағы шешімімен (№ 39/12 хаттама) бекітілген, еншілес ұйымдарға қатысы бойынша «Самрұқ-Қазына» АҚ Дивидендтік саясаты әрекет етеді.

Компания акционерлеріне дивидендтер төлеу туралы шешім Компанияның Жалғыз акционерінің шешімімен қабылданады.

2015 жылғы 31 шілдеде Компания «Делойт» ЖШС Компанияның 2015-2017 жылдарға арналған жеке және шоғырландырылған қаржылық есептілігінің аудитін жүргізу бойынша қызметтер сатып алу туралы шарт жасады (№ КЕ-3/172 шарт).

Шарттың құны барлық кезең үшін 111 000 000 (бір жүз он бір миллион) теңге немесе ҚҚС есебімен жылына 37 000 000 (отыз жеті миллион) теңге құрайды.

«Самрұқ-Қазына» АҚ Басқармасының 2016 жылғы 16 маусымдағы шешімімен 2016 жылы маусымда (№ 24/16 хаттама) Компанияның 2015 жылғы жылдық қаржылық есептілігі бекітілді.

Осы шешіммен және де Компаниямен 8 337 487 000 (сегіз миллиард үш жүз отыз жеті миллион төрт жүз сексен жеті мың) теңге мөлшерінде шоғырландырылған шығын алумен байланысты, 2015 жылғы жұмыстың қорытындылары бойынша Компанияның жай акциялары бойынша дивидендтер төлемеу қабылданды.

Компанияның 2015 жылдағы басты оқиғалары мен жетістіктері

1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 39 Бұйрығымен Компания Директорлар Кеңесінің мүшелері Смағұлов Болат Советұлының, Рақишев Кеңес Хамитұлының өкілеттіктері 2015 жылғы 27 қаңтардан бастап мерзімінен бұрын тоқтатылды.

2. «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 29 қаңтардағы Шешімімен (№ 1 хаттама) 69 адам штаттық санымен «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ жаңа ұйымдастырушылық құрылымы бекітілді. Осы шешіммен және де «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқармасының жаңа құрамы бекітілді. Жаңа құрылымға келісімді, Басқарма мүшелері — Басқарма төрағасының орынбасарлары ретінде 3 жыл өкілеттігі мерзімімен жаңадан Бижанов Димаш Нурахметұлы, Ыдырысов Ерлан Сапарғалиұлы және Мыншарипова Сая Найманбайқызы сайланды. Сонымен қатар, «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің осы шешімімен Қапаков Айбек Әмірбекұлы, Муратов Ерлан Мұратұлы «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасарлары атқарып отырған қызметтерінен босатылды.

3. «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 25 ақпандағы Шешімімен (№ 2 хаттама) «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқармасының төрағасы ретінде Ыдырысов

Ерлан Сапарғалиұлы тағайындалды. «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің осы шешімімен және де Сұлтанбеков Қанат Танатарұлы тұтас алғанда «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқармасы өкілеттіктерінің мерзімі аяқталуына дейінгі мерзімге «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқармасы төрағасының орынбасары ретінде тағайындалды.

4. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 172 Бұйрығымен Ыдырысов Ерлан Сапарғалиұлы тұтас алғанда «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімі аяқталуына дейінгі мерзімге «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайланды.

5. 2015 жылғы 21 мамырда «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ мен Rheinmetall Eastern GmbH («Райнметалл Шығыс нарықтар ГмбХ») компаниясының арасында Ынтымақтастығы туралы келісімге қол қойылды, онда Тараптар Қазақстан Республикасының Қарулы күштерінің және басқа да әлеуетті ведомстволарының мұқтаждықтары үшін, Rheinmetall компаниясының бар жобалары мен технологияларын пайдаланумен қорғаныс мақсаттағы, сондай-ақ экспортқа бағдарланған өнімдерді өндіру бойынша бірлескен кәсіпорынды Қазақстан Республикасында құру бойынша өз ойларын жазды.

6. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 29 мамырдағы № 285 Бұйрығымен Абдуов Нұрлан Қанатұлы «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, тұтас алғанда «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімі аяқталуына дейінгі мерзімге тәуелсіз директор ретінде сайланды.

7. «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 30 маусымдағы Шешімімен (№ 6 хаттама) 87 адам штаттық санымен ұйымдастырушылық құрылымы бекітілді. «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің осы шешімімен және де «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 31 наурыздағы шешімімен бекітілген (№3 хаттама), Компанияның ұйымдастырушылық құрылымы шығынға қойылды.

8. 2015 жылғы 19 тамызда «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ мен «Ф. Э. Дзержинский атындағы Оралвагон зауыты» ҒӨК ААҚ (Ресей) арасында Ұзақ мерзімді ынтымақтастығы туралы келісімге қол қойылды.

9. 2015 жылғы 20 тамызда «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ мен «Белтехэкспорт» ЖАҚ (Беларусь

Республикасы) арасында Ынтымақтастығы туралы келісімге қол қойылды.

10. 2015 жылғы 25 тамызда «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ, «Гранит» АКТБ» ЖШС, «Алмаз-Антей» Концерн ӘШҚҚ» ААҚ (Ресей) арасында Ұзақ мерзімді ынтымақтастығы туралы келісімге қол қойылды.

11. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 18 қыркүйектегі № 538 Бұйрығымен «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің, тәуелсіз директорлар Махат Рашит Мұқарамұлының (2015 жылғы 1 шілдеден бастап) және Абдуов Нұрлан Қанатұлының (2015 жылғы 29 шілдеден бастап) өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды және Исенжулов

Ержан Бақытұлы, Ларионов Дмитрий Владимирович «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері, тұтас алғанда «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімі аяқталуына дейінгі мерзімге тәуелсіз директорлар ретінде сайланды.

12. 2015 жылғы 26 қазанда «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ мен Rheinmetall Eastern GmbH («Райнметалл Шығыс нарықтар ГмбХ») компаниясының арасында оберлескен кәсіпорын құру туралы Құрылтай шартына қол қойылды.

13. 2015 жылғы 30 қазанда Компанияның Aselsan түнде көру электрондық құралдарды өндіру бойынша түркиялық компаниясымен бірлескен кәсіпорны - «Қазақстан Aselsan Инжиниринг» ЖШС Astana Invest 2015 VI халықаралық инвестициялық форумды өткізу шеңберінде «Инновациялар көшбасшысы» номинациясында дипломмен марапатталды.

14. «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 27 қарашадағы Шешімімен (№ 9 хаттама) «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқармасының мүшесі ретінде «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ аппаратының басшысы Бергенев Әділғазы Садвоқасұлы тағайындалды.

15. 2015 жылғы 28 қарашада «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқармасының төрағасы Ерлан Ыдырысов Абдаллы II Королі атындағы Жобалық-конструкторлық бюроның (бұдан әрі — KADDB) бас директоры Мохаммед М. аль-Хабхаман кездесті. Келіссөздер барысында Тараптар өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды. Құжат ол Астана қ. «Қазақстан Парамаунт инжиниринг» ЖШС зауытында шығарылатын, 50 бірлік құрышпен қапталған дөңгелек техниканы KADDB жеткізуді көздейді. Кездесудің соңында «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқармасының төрағасы Ерлан Ыдырысов иордандық әріптестерді KADDEX 2016 IV Халықаралық қару-жарақ және әскери-техникалық мүліктің көрмесінде қатысуға шақырды.

16. 2015 жылғы 30 қарашада Астана қ. Ел басы Нұсултан Назарбаев «Қазақстан Парамаунт Инжиниринг» ЖШС бірлескен кәсіпорнымен қосылған, құрышпен қапталған дөңгелекті машиналарды өндіру бойынша зауытты салтанатты түрде ашты.

17. 2015 жылғы 3 желтоқсанда «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқармасының төрағасы Ерлан Ыдырысов пен «Росатом — Халықаралық желі» (РХЖ) президенті Александр Мертен Өзара түсіністік және стратегиялық ынтымақтастығы туралы меморандумға қол қойды.

18. 2015 жылғы 11 желтоқсанда Компанияның еншілес кәсіпорны «Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ ірі кәсіпкерлік субъекті санатында өндірістік мақсаттағы ең жақсы кәсіпорын ретінде «Алтын сапа» Қазақстан Республикасы Президентінің Сыйлығына ие болды.

19. 2015 жыл бойы Компаниялар тобының он екі жұмыскері Конституцияның 20 жылдығына орай мерекелік медальмен, жиырмасы - «Құрметті машина жасаушысы» белгісімен, отызы – Қорғаныс министрі мен «Самрұқ-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ Басқарма төрағасының грамотасымен марапатталды. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі Күніне мемлекеттік наградалармен Компанияның сегіз өкілі, оның ішінде «Құрмет» орденімен — үшеуі, «Ерен еңбегі үшін» медалімен — екеуі, Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен — екеуі марапатталды.

Компанияның ЕТҰ тізбегі және олар туралы қысқаша ақпарат

Компаниялар тобының құрамына өнімді өндіретін және мұнай газ, темір жол, энергетика, ауыл шарушылық машина жасау, қорғаныс-өнеркәсіптік кешен үшін, сондай-ақ радиоэлектрондық байланыс саласында қызметтер көрсететін 27 кәсіпорын кіреді.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің сенімгерлік басқаруына акциялардың пакетін тапсыру есебі арқылы, Компания нақты мемлекеттік қорғаныс тапсырыстың негізгі орындаушысы болды, ол Компаниялар тобының қорғаныс кәсіпорындарының жүктемесін көбейтуге мүмкіндік береді.

Ұйымның атауы	Қызмет түрлері
Еншілес ұйымдар (50% астам акцияларға/қатысу үлестеріне ие болу)	
«811 Автожөндеу зауыты ҚИ» АҚ	Жүк автомобиль және шынжыр табан техниканы, қозғалтқыштар мен агрегаттарды жөндеу, автомобиль техниканы жаңғырту және қайта жабдықтау.
«832 Автожөндеу зауыты ҚИ» АҚ	Атомобиль техниканы жөндеу.
«С. М. Киров атындағы зауыт» АҚ	Навигациялық жүйелерді, теміржол саласы үшін басқару пульттерді; басқару блоктарды және мұнай газ кешені және басқалар үшін автоматтандырылған құрылғыларды өндіру және қызмет көрсету.
«ҚазИнж Электроникс» АҚ	Қару-жарақты, екіұдай мақсаттағы өнімдерді жаңғырту және күрделі жөндеу, қазіргі заманғы байланыс құралдарды және радиоэлектроника бұйымдарын өндіру және компьютерлік жабдықтардың құрастырма өндірісі.
«С. М. Киров атындағы Машина жасау зауыты» АҚ	Теңіз су асты қаруды теңіз кемелері үшін гидравлика және автоматика бұйымдарын; өндіру өнеркәсібі үшін пневмоперфораторларды; теміржол саласы үшін қосалқы бөлшектерді өндіру және қызмет көрсету.
«Мұнаймаш» АҚ	Мұнай газ секторы үшін қарнақтық тереңдіктегі сорғылар; халық тұтынатын тауарлар.
«Гидроприбор» ФЗИ» АҚ	Конструкторлық және зерттеу жұмыстары, сондай-ақ теңіз және өзен катерлерді, жүзіп жүретін құралдарды және су асты аппараттарды, жер үсті және әуе роботтарды, тұрба құбырлары мен су асты объектілерді су асты зерттеу және жөндеу үшін жабдықтарды өндіру.

«Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ	Ұңғымаларды бұрғылау және күрделі жөндеу үшін жабдықтарды, мұнай өңдеу зауыттары және мұнай химия өндірістері үшін жабдықтарды, жол құрал-саймандарын және теміржол жолдарын жөндеу және қызмет көрсету үшін механикаландыру құралдарын өндіру.
«Омега» прибор жасау зауыты» АҚ	Суды тазартуға арналған қондырғыларды, теміржол саласы үшін өнімді; цифрлық АТС және құрауыш бөліктерін, телефон аппараттарды өндіру; халық тұтынатын тауарлар және басқа.
«Семей инжиниринг» АҚ	Қару-жарақты және әскери техниканы жөндеу; әртүрлі модификациялы қозғалтқыштарды күрделі
«Семей машина жасау зауыты» АҚ	ГТ-Т базалық шассида шынжыр табан транспортер-тартқышты дайындау, оның түрлері және оған қосалқы бөлшектерді өндіру; теміржол саласы үшін өнімдер.
«Тыныс» АҚ	Авиациялық бұйымдарды, өрт сөндіру құралдарды, медициналық жабдықтарды дайындау, полиэтилен тұрбаларды, әлеуетті құрылымдар үшін қорғау құралдарын өндіру.
«Зенит» Орал зауыты» АҚ	Катерлер мен кемелерді дайындау және жөндеу; мұнай газ кешені үшін болаттан жасалған конструкцияларды, қосалқы бөлшектерді және басқаны жобалау және дайындау.
«Қазақстандық авиациялық индустрия» ЖШС	Авиациялық техниканы өндіру және қызмет көрсету.
«Қазақстан инжиниринг» ҒЗИ» ЖШС	Қорғаныс-өнеркәсіптік кешеннің кәсіпорындары үшін арнаулы өнімдердің жаңа түрлерін әзірлеу.
Бірге бақыланатын ұйымдар (50% астам қатысу үлестеріне ие болу)	
«Еурокоптер Қазақстан инжиниринг» ЖШС	Тікұшақтарды өндіру және қызмет көрсету.
«Қазақсан Aselsan инжиниринг» ЖШС	Электрондық-оптикалық құралдарды өндіру.



«Thales Kazakhstan Engineering» ЖШС

Электрондық жабдықтарды, бағдарламалық қамтамасыз ету жүйелерін дайындау және қызмет көрсету; қорғаныс нарығы үшін радио коммуникациялық жабдықтарды дайындау және қызмет көрсету.

Тәуелді ұйымдар (50% кем акцияларға/қатысу үлестеріне ие болу)

«Қазақстан инжиниринг дистрибьюшн» ЖШС

Компаниялар тобының кәсіпорындарымен шығарылатын өнімді сату, инвестициялар тарту, жабдықтарды жеткізуге мемлекеттік бағдарламалар мен тендерлерде қатысу.

«ЗИКСТО» АҚ

Жүк теміржол вагондарды жөндеу, элементтерді ауыстырумен екі дана дөңгелекті жөндеу.

«КАМАЗ-Инжиниринг» АҚ

Автобустарды, автомобильдерді, арнаулы техниканы және оларға қосалқы бөлшектерді өндіру және қызмет көрсету.

«Индра Қазақстан инжиниринг» ЖШС

Радиолокациялық станцияларды, радиоэлектрондық күрес және радиоэлектрондық барлау жүйелерін өндіру және қызмет көрсету.

«Қаз-СТ Инжиниринг Бастау» ЖШС

Инжинирингтік қызметтер көрсету (Singapore Technologies Engineering бірлескен кәсіпорын).

«Камаз Семей» ЖШС

Автомобиль техникасын өндіру.

«Арнаулы машина Астана» ЖШС

Теміржол, мұнай газ және энергетика салалары үшін қосалқы бөлшектердің бөлшектерін өндіру және жөндеу.

Компания олардың акциялары пакетінің кем дегенде 10% ие ұйымдар

«№405 Авиажөндеу зауыты» АҚ

Ұшақтар мен тікұшақтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу.

«№ 406ГА Авиажөндеу зауыты» АҚ»

Ұшақтар мен тікұшақтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу.

«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰК» АҚ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



Жекешелендіру бағдарламасы

«Жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 31 наурыздағы № 280 Қаулысын (бұдан әрі — № 280 Қаулы), «Самрұқ-Қазына» АҚ Басқармасының 2014 жылғы 24 шілдедегі № 34/14 шешімін (бұдан әрі – Қордың Шешімі) орындау үшін, «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Директорлар кеңесімен (бұдан әрі – Компания) Компанияның активтерін қайта құрылымдаудың 2015-2016 жылдарға арналған жоспары бекітілді (2015 жылғы 30 маусымдағы № 6 хаттама).

2015 жылдың ішінде № 280 Қаулыға және Қордың Шешіміне келісімді сатуға жататын Компанияның активтері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында ағылшын, солай голланддық сауда-саттық әдістерімен электрондық аукцион тәсілімен қойылды. Бұл ретте әр актив сауда-сатыққа кем дегенде екі рет қойылды, ал кейбіреулері бес рет қойылды.

Сонымен қатар, барлық сауда-саттық қатысушыларының жеткілікті санының болмауына байланысты, болмаған деп танылды.

2015 жылдың төртінші тоқсанында Компания «Самрұқ-Қазына» АҚ бірлесіп, бәсекеге жарамды ортаға тапсыруға жататын Компания активтерінің жаңа тізбегін жасақтады. Бұл тізбек «Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 1141 Қаулысына (бұдан әрі - № 1141 Қаулысы) енгізілді.

2016–2017 жылдардың ішінде № 1141 Қаулыға енгізілген және «Самрұқ-Қазына» АҚ Басқармасының 2016 жылғы 20 қаңтардағы № 02/16 шешімімен белгіленген 17 еншілес, тәуелді және немерелес ұйымдарды сату, тарату және қайта құру, сондай-ақ Компания Директорлар Кеңесінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы шешімімен бекітілген (№1 хаттама), Компанияның активтерін қайта құрылымдаудың 2016 жылға арналған жоспарына сәйкес Компанияның қосымша 4 активін сату жоспарланды.

Түрлендіру бағдарламасы

Түрлендіру бағдарламасы — бұл «Самрұқ-Қазына» АҚ қызметін және бақыланатын қоржынды компанияның қызметін ауқымды түрлендіру бағдарламасы. «Самрұқ-Қазына» АҚ түрлендіру бағдарламасы «Самрұқ-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 17 қыркүйектегі шешімімен (№ 113 хаттама) бекітілді.

Бағдарлама үш бағытты қамтиды:

- қоржынды компаниялардың құнын арттыру;
- инвестициялық қызметті жүргізуге Қордың қоржынының құрылымы мен тәсілін өзгерту;
- Қорды және оның қоржынды компанияларын басқару жүйесінде өкілеттіктерді және жауапкершіліктерлі қайта бөлу.

Белгілі болғандай, «Самрұқ-Қазына» АҚ компаниялар тобын түрлендіру «Адамдар, процесстер, технологиялар» қағидатының негізінде ең жақсы дүниежүзілік тәжірибе бойынша жүргізіледі. Осы бағыттар бойынша барлық компанияларда жұмысты Қормен әзірленген бірыңғай әдістемені пайдаланумен тік тұрғызу жоспарлануда.

Сонымен қатар, Қор басқармасының 2014 жылғы 09 желтоқсандағы шешімімен (55/14 хаттама) «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ түрлендіру бойынша Жол картасы (бұдан әрі – Жол картасы)

бекітілді. Бірнеше кезеңдерден тұратын Жол картасы бір қатар іс-шараларды орындауды көздейді.

2015 жылдың ішінде Қордың Түрлендіру бағдарламасын іске асыру және Жол картасы іс-шараларын орындау бойынша Компанияда мына іс-шаралар жүргізілді:

«Адамдар» бағыты бойынша:

- Компанияда басқарушылық және әкімшілік қызметтерге жалдаған кезде конкурстық іріктеу енгізілді. Сонымен қатар, жұмыскерлерді материалдық емес ынталандыру жүйесі енгізілді, оның шеңберінде Компания «Самрұқ-Қазына» Корпоративтік университет» ЖУ-пен тесттік сұрақтарды әзірлеу және тестілеуді жүргізу бойынша қызметтер көрсетуге шарт жасады. Ұқсас ережелер «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ барлық еншілес ұйымдарында белгіленеді. Бос орындар туралы хабарландырулар Компанияның және оның еншілес ұйымдарының ресми сайттарында, сондай-ақ Қордың бірыңғай порталында орналастырылады;

- «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқармасы Төрағасының 2015 жылғы 21 мамырдағы № 29 бұйрығымен Жол картасының іс-шараларын іске асыру үшін жауапты тұлғалар бекітілді;

- Компания Басқармасының 2015 жылғы 19 тамыздағы шешімімен Компания жұмыс берушілері мен жұмыскерлерінің арасында ішкі коммуникацияларының ережелері, сондай-ақ Компанияның еншілес ұйымдарының директорлар кеңестерінде және бақылау кеңестерінде Компания өкілдерінің қызметін қамтамасыз ету мәселелері жөнінде Өзара әрекет ету тәртібі бекітілді;

- 2015 жылғы 5 қазанда АТ бөлігінде процесстер мен технологияларды енгізу үшін Компанияда жауап беретін Түрлендіру бойынша қызметінің бас менеджері Абдрахманова Жанаргуль тағайындалды;

- 2015 жылғы 18-20 қараша аралығында Компания Басқармасы төрағасының орынбасарлары № 1 модуль, «Түрлендірудегі көшбасшы» Бағдарламасы бойынша «Самрұқ-Қазына» Корпоративтік университет» ЖУ-де оқу өтті;

- Сонымен қатар, қазіргі уақытта Компания «Хей групп» ЖШҚ қызметтерді бағалау жобасын іске асырады, оған келісімді еңбекті төлеудің тиімді жүйесін белгілеу және жұмыскерлердің уәждемелерін арттыру үшін қызметтердің құндылықтары белгіленеді. Сонымен қатар Компанияның бағалау комитетінің құрамы белгіленді (2015 жылғы 7 желтоқсандағы № 78 бұйрық);

- Компания Басқармасының 2015 жылғы 15 желтоқсандағы шешімімен (№ 54/15 хаттама) «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Таланттарын басқару ережелері бекітілді;

- Компания Басқармасының 2015 жылғы 24 желтоқсандағы шешімімен (№ 56/15 хаттама) ТОП кандидаттардың - «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ 25 тиімді жұмыскерлерінің тізімі бекітілді.

«Процесстер» мен «Технологиялар» бағыты бойынша:

- Компанияның ЕТҰ-да АТ-инфрақұрылымды даярлау және жұмылдыру жүргізілді;

- еншілес ұйымдарда АТ-процесстер мен ақпараттық қауіпсіздік диагностикасы жүргізіледі;

- Компанияның үш ЕТҰ-да пилоттық жобаның шеңберінде «1С Кәсіпорын» негізінде ERP және PLM жүйелерді енгізу жүргізіледі;

- «Түрлендіру бойынша жергілікті команданың» ережелері мен функционалдық қызметтерін әзірлеу жүргізіледі;

- «1С Кәсіпорын» негізінде ERP және PLM жүйелерді пайдаланумен кәсіпорындарды автоматтандыруды енгізу бойынша 2016-2017 жылдарға арналған кезеңді Жоспарды әзірлеу жүргізіледі;

- АТ Қызметімен бірге ҚР СТ ИСО/МЭК 27001 негізінде Ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесін енгізу жүргізіледі.

Компанияның инвестициялық қызметі

Компанияның Инвестициялық саясатына сәйкес, Компанияның Инвестициялық қызметінің мақсаты ұзақ мерзімді келешекте Компания құнын максималдандыру болып табылады.

Инвестициялық саясаттың негізгі қағидаттары болып табылады:

- Инвестициялық шешімдер қабылдау процессінде стратегиялық мақсаттарды біріктіру.
- Инвестициялық шешімдерді қабылдау кезінде инвестициялық бағалаудың құралдарын пайдалану.
- Инвестициялық қызметті басқару кезінде жобалық басқару құралдары мен рәсімдерін пайдалану.
- Бюджеттік бақылаудың және Компанияның инвестициялық қызметінің нәтижесі үшін жауапты басшылардың басқарушылық еркіндігі деңгейінің теңгерімі.
- Инвестициялық қызмет нәтижелері мониторингінің, бағалау мен талдаудың міндеттілігі.

2015 жылы Компаниямен инвестициялық жобаларды іскеасыру жалғастырылды:

1. «Астана қаласында Авиациялық-техникалық орталық құру»;
2. «ҚР әскери және азаматтық техника өндірісін ұйымдастыру»;
3. «МАЗ автомобильдерінің құрастырма өндірісін құру»;
4. «Қазақстан Республикасының аумағында электрондық-оптикалық құралдарды өндіру бойынша орталық құру»;
5. «600 тоннаға дейін құрғақ салмағымен жаңа жіктелім кемелерді және басқа ірі габаритті өнімдерді шығаруды игеру үшін, «Зенит» Орал зауыты» АҚ теңіз кеме жасауды дамыту».

Жоғарыда аталған инвестициялық жобалар импорт алмастыру, ішкі қажеттілікті және экспортқа шығуды қамтамасыз ету шеңберінде Компанияның қорғаныс, азаматтық мақсаттағы өнімдерін өндіру және сату бойынша мақсаттарына жетуге бағытталды:

1) «Астана қаласында Авиациялық-техникалық орталық құру» жобасы Қазақстанда Қазақстанның авиациялық техникасына сервистік қызмет көрсетуді, күрделі және ағымдағы жөндеуді жүзеге асыратын мамандандырылған авиациялық кәсіпорын құруға бағытталды. Бүгінгі таңда барлық бұл іс-шаралар таяу шетел (РФ, Беларусь, Украина) кәсіпорындарында жүргізіледі;

2) «ҚР әскери және азаматтық техника өндірісін ұйымдастыру» жобасы құрышпен қапталған дөңгелекті машиналар мен бронетранспортерлерді өндіруге бағытталды. 30 қарашада Астана қаласында Қазақстан Республикасының Президенті – Қарулы күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев құрышпен қапталған дөңгелекті машиналарды, оның ішінде «Қазақстан ПарамOUNT Инжиниринг» ЖШС бірлескен кәсіпорынмен қосылған Арланды, Барысты өндіру бойынша зауытты салтанатты түрде ашты деп атап өту керек;

3) «МАЗ автомобильдерінің құрастырма өндірісін құру» жобасы «МАЗ» модельді жүк автомобильдерімен елдің ішкі нарығының қажеттілігін қамтамасыз етуге бағытталды. Жобалық қуаттылыққа шығу кезінде өндіру көлемдері жылына автомобиль техникасының 440 бірлігін және тіркеме техниканың 1000 бірлігін құрайды;

4) «Қазақстан Республикасының аумағында электрондық-оптикалық құралдарды өндіру бойынша орталық құру» жобасы ҚР қорғаныс өнеркәсібінің электрондық-оптикалық құралдарда қажеттілігін ҚР ішкі нарығында тауарлар мен қызметтердің қазақстандық қамтылуын көбейту стратегиясын іске асыру шеңберінде жергілікті технологиялық өндірісті құру жолымен қанағаттандыруға бағытталды;

5) «600 тоннаға дейін құрғақ салмағымен жаңа жіктелім кемелерді және басқа ірі габаритті өнімдерді шығаруды игеру үшін, «Зенит» Орал зауыты» АҚ теңіз кеме жасауды дамыту» жобасы ҚР қорғаныс өнеркәсібінің 600 тоннаға дейін құрғақ салмағымен жаңа жіктелім кемелерде және басқа ірі габаритті өнімдерде қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталды.

Компаниямен мына инвестициялық жобаларды іске асыру мүмкіндігі қаралады:

- 1) Қорытылатын модельдер бойынша құю өндіріс ұйымдастыру.
- 2) «Тыныс» АҚ композиттік құрышты плиталарын өндіру.
- 3) «Зенит» Орал зауыты» АҚ дайындау өндірісін жаңғырту.
- 4) «С. М. Киров ат. зауыт» АҚ өндіріс жаңғырту».
- 5) «Петропавлов ауыр машина жасау зауыты» АҚ жаңғырту.

Жеке инвестициялық жобалар стратегиялық болып табылады және Қарулы күштерді технологиялық жаңғырту бағдарламасына сәйкес Қазақстан республикасының қорғаныс-өнеркәсіптік кешенін дамытуға бағытталды.

Қазақстандық тараптан инвестициялық жобаларға инвестициялар республикалық бюджеттің, «Самрұқ-Қазына» АҚ қаражатының, меншік қаражаттың есебі ақылы, тартылған қарыздардың (облигациялық бағдарламалар) есебі арқылы Компаниямен жүзеге асырылады.



KAZAKHSTAN ENGINEERING
NATIONAL COMPANY

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ 2015 жылғы Жылдық есеп

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

- Компанияның корпоративтік басқару құрылымы
- Компанияның корпоративтік басқару жүйесінің сипаты
- Компанияның корпоративтік басқару қағидаттары және ол бойынша есеп
- Компанияның Директорлар кеңесінің құрамы және оның мүшелерінің қысқаша өмірбаяндары
- Компанияның Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп
- Компанияның Директорлар кеңесінің Комитеттері
- Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру туралы есеп
- Компанияның Ішкі аудит қызметі
- Компанияның Ішкі аудит қызметінің қызметі туралы 2015 жылғы есеп
- Компания Басқармасының құрамы және оның мүшелерінің қысқаша өмірбаяндары
- Компания Басқармасының жанындағы Комитеттер
- Компания Басқармасының Қызметі туралы есеп
- Компания Басқармасының мүшелеріне сыйақы беру туралы есеп
- Компания тәуекелдерінің негізгі факторлары және тәуекелдерді басқару жүйесі



Компанияның корпоративтік басқару құрылымы

Компания органдарының жүйесіне кіреді:

Жалғыз акционер — Компанияның жоғары органы.

Директорлар кеңесі — Компанияның стратегиясын әзірлеу, оның қызметіне жалпы басшылық ету және Басқарма қызметін бақылау үшін жауап беретін басқару органы.

Басқарма — Компанияның ағымдағы қызметін басқаратын және Кеңеспен белгіленген стратегияны іске асыратын алқалы атқарушы органы.

Ішкі аудит қызметі — ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару саласында бағалауды, бухгалтерлік есеп жүйесінің дұрыстығын, толықтығы мен әділдігін және қаржылық есептіліктің, Компания қызметін жетілдіру мақсатында корпоративтік басқару және кеңес беру саласында құжаттардың орындалуының сенімділігін бағалауды жүзеге асыратын орган.

Компанияның органдарымен жіне лауазымды тұлғаларымен Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған рәсімдерді сақтауын, сондай-ақ Компанияның корпоративтік басқару саласындағы заңнама нормаларын, Жарғының қағидаларын және Компанияның өзге ішкі құжаттарын сақтауды қамтамасыз ету Компания Директорлар кеңесінің Корпоративтік хатшысына (бұдан әрі - Корпоративтік хатшы) жүктеледі.

Корпоративтік хатшы Компания органдарының арасында тиімді ақпарат алмасуға ықпал етеді және Компания Директорлар кеңесінің және Компания Басқармасының мүшелері үшін барлық басқару мәселелері жөнінде кеңесші қызметін орындайды.

Компания органдарының арасында жауапкершілікті бөлу Компанияның Жарғысына сәйкес айқын жазылған және Жалғыз акционердің мүдделерін сақтауға кепілдік береді. Компанияның органдарының өз міндеттемелерін кәсіби тәсілмен орындау өкілеттіктері мен ресурстары бар.

Компанияның және еншілес және тәуелді ұйымдарының арасындағы өзара қарым-қатынас Компанияның және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының тиісті органдары арқылы, бекітілген корпоративтік рәсімдердің шеңберінде жүзеге асырылады. Компания жұмыскерлерінің бекітілген корпоративтік рәсімдердің шеңберінен тыс еншілес және тәуелді ұйымдарға ресми емес жүгінуіне тыйым салынады.

Компанияның корпоративтік басқару жүйесінің сипаты

Компанияның корпоративтік басқаруы дегенде жалғыз акционердің, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің атынан сенімгерлік басқарушының, Директорлар кеңесінің, Басқарманың және жалғыз акционердің мүддесінде мүдделі тұлғалардың, Компанияның және оның еншілес жіне тәуелді ұйымдарының арасындағы қарым-қатынастар кіретін, Компанияның қызметін басқаруды және бақылауды қамтамасыз ететін процесстердің жинтығы ұғынылады.

Жалғыз акционердің құқықтары және меншік құқықтарымен өкім ету тәртібі Компанияның Жарғысында бекітілді.

Компанияның Жалғыз акционері корпоративтік басқару тәжірибесіне оң әсер көрсетеді, неге десең корпоративтік басқару саласында негізгі ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеуді және қабылдауды ынталандырады, әдістемелік көмек көрсетеді, корпоративтік басқарудың тиімді процесстерін ұйымдастыруды ынталандырады.

Компания корпоративтік басқарудың дамуын Компания қызметінің тиімділігін, оның құнын

арттыру, капиталды тартуға шығындарды төмендету құралы ретінде қарайды.

Қордың тапсырмасы бойынша Компанияда жыл сайынғы негізінде, Қор тобының компанияларында Корпоративтік басқаруды диагностикалау әдістемесіне сәйкес Компанияның корпоративтік басқаруына диагностика жүргізіледі. Компанияның корпоративтік басқаруына диагностика жүргізу нәтижелері бойынша, Компанияның корпоративтік басқару жүйесін бұдан әрі жетілдіру және айқындалған сәйкессіздіктерді жою бойынша ұсынымдарды орындау мақсатында, Компанияның Директорлар кеңесінің шешімімен алдағы жылға корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді. Компания жылдың қорытындылары бойынша Директорлар кеңесінің алдында Іс-шаралардың деректеріне сәйкес іс-шараларды орындау туралы есеп береді.

Компанияның корпоративтік басқару қағидалары және ол бойынша есеп

Компания корпоративтік басқаруды жүйелендіру, қызметтің ашықтығын қамтамасыз ету және Компанияның тиісті корпоративтік басқару стандарттарын сақтауға дайындығын растау үшін, «Самрұқ-Қазына» АҚ Басқармасының 2015 жылғы 27 мамырдағы шешімімен (№22/15 хаттамасы) бекітілген Корпоративтік басқару кодексін басшылыққа алады.

2015 жылы «PricewaterhouseCoopers» ЖШС компаниясы (бұдан әрі — PwC) «Самрұқ-Қазына» АҚ тобының компанияларында Корпоративтік басқаруды диагностикалау әдістемесіне сәйкес корпоративтік басқару жүйесіне диагностикалау жүргізілді.

2014 жылғы және 2015 жылғы 1 жарты жылдықтағы оқиғалар мен материалдар зерттелді, Директорлар Кеңесінің, Басқарманың мүшелерімен және Компания басшылығымен сұхбат жүргізілді. Диагностикалаудың нәтижелері бойынша ең жақсы дүниежүзілік тәжірибелердің талаптарына корпоративтік басқару деңгейінің сәйкестігі 71% құрады. Былтырғы жылмен салыстыру бойынша Компанияның корпоративтік басқару деңгейі 3,2 пайыздық тармаққа өсті.

Келешекте Компанияның алдында, оның мақсатында Компанияның корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша іс-шаралардың 2016-2017 жылдарға арналған жоспары бекітілген, PwC компаниясымен корпоративтік басқаруды диагностикалау барысында ұсынымдарды, деректерді орындау бойынша міндет тұр.

Кодекстің негізін қалаушы қағидалары болып табылады:

1) Тұрақты даму қағидасы

Компанияда Іскерлік этика кодексі бекітілді (Компания Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 31 мамырдағы шешімі, № 5 хаттама), оның әрекеті Директорлар кеңесінің мүшелерін қоса алып, барлық жұмыскерлер мен лауазымды тұлғаларға таралады. Іскерлік этика кодексін енгізу процессінде Компанияның барлық жұмыскерлері қол қойып, онымен танысты. Жаңадан түскен жұмыскерлерге құжатты түсіндіру жұмысқа қабылдаған кезде жүргізіледі.

Корпоративтік басқару және іскерлік этика кодекстеріне сәйкес, Компанияның барлық жұмыскерлері мен лауазымды тұлғалары онда өзіне қатысты да (немесе өзімен байланысты тұлғаларға), басқаларға қатысты да мүдделердің шиеленісі туындауы мүмкін ахуалдарды болдырмау үшін, өзін солай ұстауға тиіс. Әлеуметтік-еңбек қарым-қатынастарды реттеу саласындағы саясат қолайлы еңбек жағдайларын жасауға, жұмыскерлердің өмір сүру сапасын жақсартуға, олардың біліктілігін арттыруға бағытталды. Әкімшілік жұмыскерлері мақсаттарының карталары, сондай-ақ басшылық және басқарушылық жұмыскерлер қызметі басты көрсеткіштерінің карталары жыл сайын

бекітіледі. Персоналды іріктеп алу жүйесінің шеңберінде бос орындарға ашық конкурс өткізіледі.

Компания қоршаған ортаға максималды ұқыпты қарау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану қағидаттарын сақтауға тырысады, қоршаған ортаға келеңсіз әсерлердің алдын алуға ықпал етеді, қоршаған ортаның жағдайы үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қолданады, экологиялық тұрғыда таза және энергияны үнемдейтін технологияларды дамытуға және таратуға көмек көрсетеді. Компанияда және еншілес ұйымдарда еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы қызметі құрылды. Еншілес ұйымдарда OHSAS сапа жүйесі енгізілді.

Акционер/құрылтайшы ретінде өз құқықтарын іске асыру мақсатында, Компания Заңнаманың, Жарғының, Корпоративтік басқару кодексінің және Компанияның ішкі құжаттарының, еншілес және тәуелді ұйымдары жарғысының талаптарына сәйкес еншілес және тәуелді ұйымдармен өзара қарым-қатынасты жүзеге асырады.

2. Акционерлердің (қатысушылардың) құқықтарын сақтау және акционерлерге (қатысушыларға) әділ қарым-қатынасының қағидасы:

Қор Компанияның корпоративтік басқару тәжірибесіне оң әсер көрсетеді, неге десен корпоративтік басқару саласында негізгі ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеуді және қабылдауды ынталандырады, әдістемелік көмек көрсетеді, корпоративтік басқарудың тиімді процесстерін ұйымдастыруды ынталандырады.

Компания Қор мен сенімгер басқарушының Директорлар кеңесінің мүшелерін тағайындау және сайлау сияқты, басты корпоративтік шешімдерді қабылдауда тиімді қатысуын қамтамасыз етеді.

Жалғыз акционердің құқықтары және меншік құқықтарымен өкім ету тәртібі Компанияның Жарғысында бекітілді.

Дивидендтер төлеу Компанияның Дивидендтік саясатымен реттеледі (Қор Басқармасының 2.10.2012 жылғы №39/12 хаттамасы). Дивидендтік саясатта дивидендтерді белгілеу қағидалары, тәртібі және төлеу мерзімі бар.

3. Директорлар кеңесі мен атқарушы органдары тиімділігінің қағидалары :

Компанияның Директорлар кеңесінің қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасында, Компанияның Жарғысында, Корпоративтік басқару кодексінде, Директорлар кеңесі туралы ережеде регламенттеледі.

Компанияның Жарғысында Директорлар кеңесінің мүшелеріне, оның ішінде Компанияның Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорларына қойылатын өлшемдер белгіленді. Бұдан басқа, Директорлар кеңесінің мүшелеріне қойылатын талаптар «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және «Самрұқ-Қазына» АҚ Компанияларының тәуелсіз директорларын іріктеп алу ережелерінде белгіленді. Директорлар кеңесінің аудит бойынша, сыйақы және тағайындаулар, стратегия және инвестициялар бойынша Комитеттері қызмет етеді.

Ең жақсы дүниежүзілік тәжірибеге келісімді, Директорлар кеңесі Комитеттерінің төрағалары ретінде тәуелсіз директорлар сайланды.

Компанияның Басқармасы Компанияның алқалы атқарушы органы болып табылып, жалғыз акционердің және Компания Директорлар кеңесінің шешімдерін орындайды, Директорлар кеңесіне есеп береді және оның алдында жүктелген міндеттерді орындау үшін жауапкершілікті көтереді.

Басқарма мүшелерінің құқықтары мен міндеттері Компанияның Жарғысында, Корпоративтік басқару кодексінде, Басқарма туралы Ережеде, еңбек шартында белгіленеді. Басқарма туралы Ереже Басқарма қызметінің ұйымдастырушылық-құқықтық негіздерін, оның құзыреттілігін, жауапкер-

шілігін, құру тіртібін, жұмыс тәртібін, шешімдерді рәсімдеу және мәжілістерді хаттамалау тәртібін, Басқарма мүшелерінің жауапкершілігін регламенттейді. Басқарма Компания қызметінің жедел басшылығын жүзеге асырады және Компанияның басқа органдарының және лауазымды тұлғаларының құзыретіне жатқызылмаған, Компания қызметінің мәселелері жөнінде шешімдер қабылдайды. Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің шешімдерін уақтылы және жедел орындайды. Басқарма мәжілістері аптасына бір реттен сирек өткізілмейді.

Компания Директорлар кеңесі мен Басқармасы мәжілістерінің көбі Компанияның Директорлар кеңесінің және тиісті Компания Басқармасының Жұмыс жоспарына келісімді күндізгі нысанында өтеді, белсенді талқылау өтеді, сапалы және уақтылы шешімдер қабылданады, Компанияның Директорлар кеңесі және Компанияның Басқармасы олардың құзыреттіліктеріне сәйкес тәуекелдерді басқаруда және басқа мәселелерде белсенді қатысады.

4. Тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және аудит қағидасы :

Компанияда ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару жүйесі қалыптасты: Ішкі бақылау ережесі,

Тәуекелдерді басқару саясаты, Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау ережелері, Тәуекелдердің жеке түрлерін басқару ережелері енгізілді. Аталған құжаттарда Компанияның Директорлар кеңесінің, Компания Басқармасының, Компанияның Ішкі аудит қызметінің, тәуекелдер иелерінің – Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің басқару деңгейлері, құзыреті белгіленді.

Сонымен қатар Компанияда Инвестициялық жобалардың тәуекелдерін бағалау ережелері, Іске асырылған тәуекелдерді есепке алу әдістемесі енгізілді, тәуекелдер базасы жүргізіледі, Инвестициялық жобалардың тәуекелдерін бағалау ережелері, Іске асырылған тәуекелдерді есепке алу

әдістемесі енгізілді, тәуекелдер базасы жүргізіледі, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жөнінде бөлімше жасақталды, тұрақты негізінде Компания Басқармасының жанында Тәуекелдер жөнінде комитет қызмет етеді.

Компаниямен жыл сайынғы негізінде тәуекелдер тіркелімі қайта қаралады, тәуекелдердің иелері, тәуекелдерді төмендетуге және басқаруға бағытталған іс-шаралар, орындау мерзімдері мен іс-шаралардың құны белгіленеді. Сыртқы және ішкі жағдайлар маңызды өзгерген жағдайда, тәуекелдердің тіркелімі бір жыл ішінде өзекті қылуға жатады. Сонымен қатар, жыл сайынғы негізінде Ішкі бақылау жүйесін жетілдіру бойынша іс-шаралардың жоспары қалыптастырылады.

Компания тоқсан сайынғы негізінде Компанияның Директорлар кеңесін Компанияда тәуекелдерді басқару жүйесі туралы хабарландырады. Компанияның Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті Компанияның Директорлар кеңесіне барлық ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару мәселелері жөнінде ұсынымдарды қарайды және тұжырымдайды.

Компанияның Директорлар кеңесінің 2007 жылғы 11 мамырыдағы шешімімен Компанияның Ішкі аудит қызметі құрылды, оның негізгі мақсаты Компанияның Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетіне және Компанияның Директорлар кеңесіне ішкі бақылауды бағалау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жолымен Компанияны тиімді басқаруды қамтамасыз ету үшін арналған тәуелсіз және объективті ақпаратты ұсыну болып табылады.

5. Ашықтық қағидасы:

Осы қағидаға сәйкес Компанияның корпоративтік сайтында, сондай-ақ Компанияның Жылдық есептерінде Компанияның қызметі туралы, оның ішінде қаржылық жағдайы, экономикалық көрсеткіштері, оның қызметінің нәтижелері, меншік және басқару құрылымы туралы ақпараттың уақтылы ашылуы қамтамасыз етіледі.



KAZAKHSTAN ENGINEERING
NATIONAL COMPANY

Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерінің құрамы, қысқаша өмірбаяндары





Компанияның Директорлар кеңесі мүшелерінің құрамы, қысқаша өмірбаяндары

2015 жылы Компания Директорлар кеңесі мүшелері болып табылды:

САУРАНБАЕВ Нұрлан Ермеқұлы	- Директорлар кеңесінің мүшесі 10.09.2014 ж. бастап; - Директорлар кеңесінің төрағасы 27.01.2015 ж. бастап
РАУ Альберт Павлович	Директорлар кеңесінің мүшесі 10.06.2010 ж. бастап.
САЛИМГЕРЕЕВ Малик Жанабайұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі 3.03.2012 ж. бастап
АУБАКИРОВ Серік Ғабдуллаұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі 4.12.2013 — 22.10.2015 жж.
СМАҒҰЛОВ Болат Советұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі 5.10.2010 — 27.01.2015 жж.
БАЙСЕИТОВ Бақытбек Рымбекұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор 13.03.2014 ж. бастап
РАКИШЕВ Кеңес Хамитұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор 13.03.2014 — 27.01.2015 жж.
МАХАТ Рашит Мұқарамұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор 13.03.2014 — 1.07.2015 жж.
АБДУОВ Нұрлан Қанатұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор 29.05.2015 — 29.07.2015 жж.
ИСЕНЖУЛОВ Ержан Бақытұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор 18.09.2015 ж. бастап
ЛАРИОНОВ Дмитрий Владимирович	Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор 18.09.2015 ж. бастап
ЫДЫРЫСОВ Ерлан Сапарғалиұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі 3.04.2015 ж. бастап

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша Директорлар кеңесінің құрамына 7 мүше, оның ішінде 3 тәуелсіз директорлар кіреді.



САУРАНБАЕВ Нұрлан Ермеқұлы

Директорлар кеңесінің төрағасы

- Директорлар кеңесінің төрағасы;
- Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің орынбасары (14.08.2014 ж. бастап);
- Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі (18.05.2011 — 13.08.2014 жж.);
- «Самрұқ-Қазына» АҚ басқарушы директоры (17.01.2011 — 17.05.2011 жж.);
- «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарушы директоры, (22.07.2009 — 24.06.2010 жж.).

Директорлар кеңесінің мүшелігі туралы мәліметтер:

2008 жылдан 2010 жылға дейін — «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;

2010 жылдан 2011 жылға дейін — «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

Туылған жылы — 1967 ж.

Білімі жоғары.

Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына ие емес.



РАУ Альберт Павлович

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕСІ

- Директорлар кеңесінің мүшесі;
- Қазақстан Республикасының инвестициялар және даму жөніндегі министрінің вице-министрі (13.08.2014 ж. бастап);
- Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар бірінші вице-министрі (2010–2014 жж.);
- Ақмола облысының әкімі (2008–2010 гг.).

Туылған жылы — 1960 ж.

Білімі жоғары.

Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына ие емес.



САЛИМГЕРЕЕВ Малик Жанабайұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі, Директорлар кеңесінде «Самрұқ-Қазына» АҚ өкілі

- Директорлар кеңесінің мүшесі, Директорлар кеңесінде «Самрұқ-Қазына» АҚ өкілі;
- «Самрұқ-Қазына» АҚ активтерді басқару жөнінде бас директор 2014 ж. бастап;
- «Самрұқ-Қазына» АҚ басқарушы директоры (2012–2014 жж.);
- «Самрұқ-Қазына» АҚ мұнай газ активтерін басқару жөнінде директор (2010–2012 жж.);
- ҚР ЭМРМ мұнай өнеркәсібін дамыту департаментінің директоры (2007–2010 жж.).

Туылған жылы — 1960 ж.

Білімі жоғары, геологиялық-минералогиялық ғылымдардың кандидаты. Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына ие емес.



БАЙСЕЙТОВ Бақытбек Рымбекұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

- Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор;
- BRB Invest Тобының Бақылау кеңесінің төрағасы (2013 ж. бастап);
- Pearl Oriental Oil Limited вице-төрағасы (2011 ж. бастап);
- «Як-Алакон» Корпорациясы Директорлар кеңесінің мүшесі (2003 ж. бастап);
- «BCC Invest» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы (1999 ж. бастап);
- «Банк ЦентрКредит» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы (1997 ж. бастап).

Туылған жылы — 1958 ж.

Білімі жоғары.

Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына ие емес.



ИСЕНЖУЛОВ Ержан Бақытұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

- Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор;
- «Мұнай оңтүстік» ЖШС коммерция жөнінде бас директордың орынбасары (2010 ж. бастап);
- ORIENT Energy коммерция жөнінде вице-президенті —British Petroleum серіктесі (2006–2009 жж.);
- «British Petroleum» өкілдігінің халықаралық трейдингі басшысының орынбасары (2005–2006 жж.);
- заместитель директора по коммерции ТОО «ҚазМұнайГаз» ЖШС коммерция жөнінде директордың орынбасары — Алатау» (2004–2005 жж.).

Туылған жылы — 1968 ж.

Білімі жоғары.

Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына ие емес.



ЛАРИОНОВ Дмитрий Владимирович

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

- Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор;
- Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бухгалтерлік есеп және аудиторлық қызмет мәселелері жөнінде кеңес беру органының мүшесі (2009 ж. бастап);
- ҚМЭБИ, Қазақстан КБАИ оқытушысы (2009 ж. бастап);
- «BDO Қазақстан аудит» ЖШС-де серіктес (2005–2015 жж.);
- Дүниежүзілік Банкінің кеңес берушісі (2005, 2012 жж.);
- Халықаралық бухгалтерлер федерациясының Дамушы ұлттары жөнінде комитетінің мүшесі (2008–2010 жж.);
- «Қазақстан Республикасының кәсіпқой бухгалтерлерінің палатасы» БҚҰ Төрағасының орынбасары, Кеңесінің мүшесі (2003–2010 жж.). Директорлар кеңесінің мүшелігі туралы мәліметтер: 2013 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін — «Астана ЭКСПО 2017» Ұлттық компания» АҚ, тәуелсіз директор; 2008 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін — «Эйр Астана» АҚ, тәуелсіз директор; 2015 жылдан бастап 2008 жылға дейін — «Қазақтелеком» АҚ, Тәуелсіз директор.

Туылған жылы — 1973 ж.

Білімі жоғары.

Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына ие емес.



ЫДЫРЫСОВ

Ерлан Сапарғалиұлы

Директорлар кеңесінің мүшесі

- Директорлар кеңесінің мүшесі;
- «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқармасының төрағасы (26.02.2015 ж. бастап);
- «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқармасы төрағасының орынбасары (29.08.2014 — 25.02.2015 жж.);
- «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ басқарушы директоры (29.06.2010 — 29.08.2014 жж.);
- «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ вице-президенті, Басқарма мүшесі (16.02.2010 — 29.06.2010 жж.);
- «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Техникалық саясат және инновациялар департаментінің директоры (1.06.2005 — 16.02.2010 жж.).

Туылған жылы — 1977 ж.

Білімі жоғары. Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына ие емес.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 39 Бұйрығымен 2015 жылғы 27 қаңтардан бастап Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелері Смағұлов Болат Советұлының, Ракишев Кеңес Хамитұлының өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтады. Сонымен қатар, бұйрықтың 2 тармағына сәйкес Сауранбаев Нұрлан Ермеқұлы Компанияның Директорлар кеңесінің төрағасы ретінде сайланды.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 29 мамырдағы № 285 Бұйрығымен Абдуов Нұрлан Қанатұлы Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі – Тәуелсіз директор ретінде сайланды.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 3 сәуірдегі № 172 Бұйрығымен Ыдырысов Ерлан Сапарғалиұлы Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде сайланды.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2015 жылғы 18 қыркүйектегі № 538 Бұйрығымен Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі – Тәуелсіз директоры Махат Рашид Мұқарамұлының (2015 жылғы 1 шілдеден бастап) және Абдуов Нұрлан Қанатұлының (2015 жылғы 29 шілдеден бастап) өкілеттіктері мерзімнен бұрын тоқтады. Сонымен қатар, бұйрықтың 2 тармағына сәйкес Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі – Тәуелсіз директор ретінде Исенжулов Ержан Бақытұлы мен Ларионов Дмитрий Владимирович сайланды.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №50 Бұйрығымен Директорлар кеңесінің мүшесі Аубакиров Серік Фабдуллаұлының (2015 жылғы 22 қазаннан) өкілеттіктері мерзімнен бұрын тоқтады.

Директорлар кеңесінің Тәуелсіз директорлары «Самрұқ-Қазына» АҚ Басқармасының 2010 жылғы 8 маусымдағы № 36/10 шешімімен бекітілген, «Самрұқ-Қазына» АҚ Компаниялардың тәуелсіз директорларын іріктеп алу ережелеріне сәйкес сайланды.



Компанияның Директорлар кеңесінің қызметі туралы есеп

2015 жылы Компанияның Директорлар кеңесінің 10 мәжілісі өтті, олардың ішінен күндізгі — 9, сырттай — бір. Компанияның Директорлар кеңесінің мүшелерімен 102 мәселе қаралды.

Компанияның Директорлар кеңесінің мәжілістерінде қатысудың 2015 жылғы кестесі

Т.А.Ә., қызметі	Директорлар кеңесінің мәжілістерінде қатысуы (%-да)
САУРАНБАЕВ Нұрлан Ермеқұлы ДК төрағасы	100
РАУ Альберт Павлович ДК мүшесі	40
САЛИМГЕРЕЕВ Малик Жанабайұлы ДК мүшесі	100
АУБАКИРОВ Серік Ғабдуллаұлы ДК мүшесі	80
БАЙСЕИТОВ Бақытбек Рымбекұлы ДК мүшесі, тәуелсіз директор	80
МАХАТ Рашит Мұқарамұлы ДК мүшесі, тәуелсіз директор	100
АБДУОВ Нұрлан Қанатұлы ДК мүшесі, тәуелсіз директор	100
ИСЕНЖУЛОВ Ержан Бақытұлы ДК мүшесі, тәуелсіз директор	100
ЛАРИОНОВ Дмитрий Владимирович ДК мүшесі, тәуелсіз директор	100
ЫДЫРЫСОВ Ерлан Сапарғалиұлы ДК мүшесі	100

Директорлар кеңесінің 2015 жылы қаралған басты мәселелері

Директорлар кеңесінің мәжілістерінде:

- Компания Басқармасының дербес құрамын қалыптастыру;
- ұйымдастырушылық құрылымды бекіту;
- ірі мәміле және оларды жасауда қызығушылығы бар мәмілелерді жасау туралы;
- демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету туралы;
- Компанияның ұйымдастырушылық құрымын бекіту туралы;
- Компанияның ішкі аудит қызметінің есептерін қарау туралы;
- Компанияның тәуекелдерді туралы есептерді шоғырландырылған негізінде бекіту туралы;
- активтерді қайта құрылымдау бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту туралы об;
- әрекетті корпоративтік хатшының өкілеттігін мерзімнен бұрын тоқтату және жаңа Корпоративтік хатшы тағайындау туралы;
- Компанияның 2014 жылғы жылдық есебін алдын ала бекіту туралы;
- «Қазақстан инжиниринг» ҰҚ» АҚ 2014 жылғы жылдық қаржылық (шоғырландырылған және жеке) есептілігін алдын ала бекіту, таза табысты бөлу тәртібін ұсыну, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешімдер қабылдау және бір жай акцияға есептеуде дивидендтің мөлшерін бекіту туралы;
- Компанияның еншілес ұйымдарының Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімнен бұрын тоқтау және жаңа мүшелерді сайлау, сондай-ақ Директорлар кеңесінің жаңадан тағайындалған мүшелердің өкілеттіктерінің мерзімін, міндеттерді орындау үшін шығыстарының сыйақылар және өтемақылар мөлшерін, жағдайларын белгілеу;
- Компанияның Корпоративтік есептік саясатына өзгертулер мен толықтырулар енгізу;
- Компания Директорлар кеңесі Комитеттерінің қызметі туралы есептерді қарау туралы;
- Компанияның еншілес ұйымдарына қатысы бойынша дивидендтік саясатты бекіту туралы;
- Компания Басқармасы төрағасы мен мүшелерінің 2014 жылғы нақты маңыздарымен қызметінің басты көрсеткіштерінің карталарын бекіту туралы;
- Компанияның сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы саясатты қарау туралы;
- Компанияның ақпараттық қауіпсіздігі саясатын қарау туралы;
- Компанияның Директорлар кеңесімен белгіленетін тізбегі бойынша Компанияның ішкі қызметін реттейтін құжаттады бекіту;
- Компанияның 2015-2019 жылдарға арналған даму жоспарын бекіту;
- Компанияның 2015-2019 жылдарға арналған даму жоспарын орындау б Жөніндегі есептерді қарау туралы;
- Компанияның Директорлар кеңесі құзыреттілігінің шеңберінде басқа мәселелер жөнінде шешімдер қабылдау сияқты осындай мәселелерге аса назар қойылды.

Директорлар кеңесінің мәжілістері Директорлар кеңесінің 2015 жылға арналған бекітілген Жұмыс жоспарына сәйкес жүйелі негізінде жүргізілді.

Тұтас алғанда Директорлар кеңесі және оның комитеттері есептік кезеңде Компанияның алдында қойылған міндеттерді тиімді шешу үшін, Жалғыз акционермен, сенімгер басқарушымен, атқарушы органмен және корпоративтік қарым-қатынастардың барлық мүдделі тараптарымен өзара белсенді әрекет етті.

Компанияның Директорлар кеңесінің Комитеттері

Компанияның Директорлар кеңесінің жанында үш комитет әрекет етеді:

- 1) аудит жөнінде комитет;
- 2) тағайындаулар және сыйлықақылар жөнінде комитет;
- 3) стратегиялар мен инвестициялар жөнінде комитет.

Компанияның Директорлар кеңесінің Аудит жөнінде комитеті

Аудит жөнінде комитеттің Қағидасы Компанияның Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 9 сәуірдегі шешімімен (№ 82 хаттама) бекітілді.

Аудит жөнінде комитет үш адамнан — екі тәуелсіз директор мен сарапшыдан тұрады. Аудит жөнінде комитет Компанияның Директорлар кеңесіне:

- 1) Компанияның қаржылық-шаруашылық қызметіне (оның ішінде қаржылық есептіліктің толықтығы және дұрыстығы үшін) тиімді бақылау жүйесін белгілеу;
- 2) ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігі үшін, сондай-ақ корпоративтік басқару саласында құжаттарды орындау үшін бақылау;
- 3) сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауды қамтамасыз ету үшін бақылау бойынша ұсынымдар тұжырымдау жолымен көмек көрсетеді.

2015 жылы Аудит жөнінде комитеттің 8 күндігі мәжілістері өткізілді.

2015 жылы Аудит жөнінде комитеттің мәжілістерінде қатысу кестесі

Т.А.Ә.	Лауазымы	Мәжілістерде қатысу (%-да)
Махат Рашит Мұқарамұлы (19.12.2014 — 28.05.2015 жж.) (29.05.2015 — 01.07.2015 жж.)	Аудит жөнінде комитеттің төрағасы, Аудит жөнінде комитеттің мүшесі	100
Абдуов Нұрлан Қанатұлы (29.05.2015 — 29.07.2015 жж.)	Аудит жөнінде комитеттің төрағасы	0
Ларионов Дмитрий Владимирович (29.09.2015 жалдан бастап)	Аудит жөнінде комитеттің төрағасы	100
Исенжулов Ержан Бақытұлы (29.09.2015 ж. бастап)	Аудит жөнінде комитеттің мүшесі	100
Давлетова Гүлмира Мектепбайқызы (29.09.2015 ж. бастап)	Аудит жөнінде комитеттің сарапшысы — сарапшы, дауыс құқығынсыз	90



Аудит жөнінде комитеттің мәжілістерінде аса назар:

- Аудит жөнінде комитеттің 2015 жылға арналған жұмыс жоспарын мақұлдау туралы;
- Компанияның ішкі аудит қызметінің жылдық аудиторлық жоспарын алдын ала мақұлдау туралы;
- ішкі аудит қызметінің есептерін алдын ала мақұлдау туралы;
- Компанияның ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің еңбегін төлеу, қызметін бағалау және сыйлықақы беру ережелерін алдын ала қарау туралы;
- Компанияның қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның қызметтерін төлеу мөлшерін алдын ала қарау туралы;
- Компанияның ішкі бақылау жүйесін жетілдіру бойынша Іс-шаралар жоспарын алдын ала қарау және мақұлдау туралы;
- Компанияның 2014 жылғы жеке және шоғырландырылған қаржылық есептілігін алдын ала мақұлдау туралы;
- Компанияның Корпоративтік есептік саясатына өзгертулер мен толықтыруларды алдын ала мақұлдау туралы;
- тәуекелдерді басқару жүйесінің кейбір ішкі құжаттарын алдын ала мақұлдау туралы;
- Компанияның Тәуекелдер жөнінде есептерін шоғырландырылған негізінде алдын ала қарау және мақұлдау туралы;
- Компанияның Директорлар кеңесінің Аудит жөнінде комитеті құзыретінің шегінде басқа мәселелер жөнінде шешімдер қабылдау сияқты, осындай мәселелерге қойылды.

Компанияның Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақылар жөнінде комитет

Тағайындау және сыйақылар жөнінде комитеттің Қағидасы және Тағайындау және сыйақылар жөнінде комитеттің құрамы Компанияның Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 4 шілдедегі (№ 86 хаттама) шешімімен бекітілді. Тағайындау және сыйақылар жөнінде комитет үш адамнан – екі тәуелсіз директор мен сарапшыдан тұрады.

Тағайындау және сыйақылар жөнінде комитеттің жұмысы Компанияның Директорлар кеңесіне:

1) Директорлар кеңесінің, Басқарманың құрамына, Ішкі аудит қызметі басшысы және корпоративтік хатшы қызметіне білікті мамандарды тарту;

2) Компанияның Директорлар кеңесі үшін, Компанияның мақсаттарына, міндеттеріне, ағымдағы қағидаларына және түрлері және ауқымдары бойынша ұқсас қызметте сыйақының деңгейіне сәйкес сыйақы, тәуелсіз директорлар мен Директорлар кеңесінің өзге де мүшелерін, Басқарма мүшелерін белгілеу туралы ұсыныстарды қалыптастыру бойынша ұсынымдар тұжырымдау жолымен көмек көрсетуге бағытталды.

2015 жылы тағайындау және сыйақылар жөнінде комитеттің 7 мәжілісі өткізілді (6 күндізгі мәжілістер және бір сырттай мәжіліс).

2015 жылы Тағайындау және сыйақылар жөнінде комитеттің мәжілістерінде қатысу кестесі

Т.А.Ә.	Лауазымы	Мәжілістерде қатысу (%-да)
Махат Рашит Мұқарамұлы (17.03.2014 — 1.07.2015 жж.)	Тағайындау және сыйақылар жөнінде комитеттің төрағасы	100
Байсеитов Бақытбек Рымбекұлы (19.12.2014 — 28.09.2015 жж.)	Тағайындау және сыйақылар жөнінде комитеттің мүшесі	100
Исенжулов Ержан Бақытұлы (29.09.2015 ж. бастап)	Тағайындау және сыйақылар жөнінде комитеттің төрағасы	100
Ларионов Дмитрий Владимирович (29.09.2015 ж. бастап)	Тағайындау және сыйақылар жөнінде комитеттің мүшесі	100
Кайсенова Гүлжихан Қабдылқайырқызы (2012 ж. бастап)	Тағайындау және сыйақылар жөнінде комитеттің сарапшысы, дауыс беру құқығынсыз	70



Тағайындау және сыйақылар жөнінде комитеттің мәжілістерінде аса назар:

- Тағайындау және сыйақылар жөнінде комитеттің 2015 жылға арналған жұмыс жоспарын мақұлдау туралы;
- Корпоративтік хатшы және оның аппараты мақсаттарының 2015 жылға арналған картасын алдын ала қарау және мақұлдау туралы;
- нысаналы мақсаттармен Компания Басқармасы Төрағасы мен мүшелері қызметінің басты көрсеткіштерінің 2015 жылға арналған картасын алдын ала мақұлдау туралы;
- Компанияның еншілес ұйымдарының Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату және жаңа мүшелерді сайлау, сондай-ақ жаңадан тағайындалған мүшелердің өкілеттіктерінің мерзімін, міндеттерді орындау үшін шығыстарының сыйақылар мен өтемақылар мөлшерін, жағдайларын белгілеу;
- 2014 жылғы нақты мақсаттармен Компания Басқармасы Төрағасы мен мүшелері қызметінің басты көрсеткіштерінің карталарын алдын ала мақұлдау және 2014 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша Компания Басқармасының Төрағасы мен мүшелеріне сыйақы төлемеу туралы;
- олардың дауыс беру акцияларының елуден астам пайызы Компанияға меншік және/немесе сенімгерлікпен басқару құқығында тиесілі, ұйымның тәуелсіз директорлары шығыстарына сыйақы мен өтемақы төлеу ережелерін алдын ала мақұлдау туралы;
- Компания Басқармасының Төрағасына және оның мүшелеріне, Ішкі аудит қызметінің жұмыскерлеріне және Корпоративтік хатшыға әлеуметтік қолдау көрсету ережелеріне толықтырулар енгізуді алдын ала мақұлдау туралы;
- Компанияның кейбір еншілес ұйымдарының Директорлар кеңесіне 2012 және 2013 жылдарғы жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы төлеу туралы;
- Компанияның Тағайындау және сыйақылар жөнінде комитеті туралы қағидаға толықтырулар енгізуді алдын ала мақұлдау;
- Компанияның Корпоративтік хатшысы туралы қағидаға толықтырулар енгізуді алдын ала мақұлдау туралы;
- Компанияның Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақылар жөнінде комитеті құзыретінің шеңберінде басқа мәселелер жөнінде шешімдер қабылдайды.

Компанияның Директорлар кеңесінің Стратегия және инвестициялар жөнінде комитеті

Стратегия және инвестициялар жөнінде комитеттің Қағидасы Компанияның Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 31 мамырдағы шешімімен бекітілді (№ 5 хаттама). Стратегия және инвестициялар жөнінде комитет 4 адамнан — үш тәуелсіз директор мен сарапшыдан тұрады.

Комитет қызметінің негізгі мақсаты Компанияның Директорлар кеңесіне:

- 1) Компания қызметінің стратегиялық және басымдық бағыттарын белгілеуге;
- 2) Келешегі бар инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау және олардың Компанияның акционерлік құнының көбеюіне әсеріне;
- 3) Компанияның стратегиялық және инвестициялық жобаларын іске асыруды бақылауға;
- 4) Компанияның Директорлар кеңесіне Қазақстан Республикасында және шет мемлекеттерде Компанияның филиалдарын құру және өкілдіктерін ашу туралы ұсынымдарын даярлауға;
- 5) Компанияның активтерін тиімді басқаруға қатысты мәселелер жөнінде ұсынымдар әзірлеу және ұсыну болып табылады.

2015 жылы Стратегия және инвестициялар жөнінде комитеттің 4 күндізгі мәжілістері өтті.

2015 жылы Стратегия және инвестициялар жөнінде комитеттің мәжілістерінде қатысу кестесі

Т.А.Ә.	Лауазымы	Участие в заседаниях (в %)
Байсеитов Бақытбек Рымбекұлы (17.03.2014 - 18.07.2014 гг.) (с 18.07.2014 г.)	Стратегия және инвестициялар жөнінде комитеттің мүшесі, Стратегия және инвестициялар жөнінде комитеттің төрағасы	100
Махат Рашит Мұқарамұлы (с 19.12.2014 г.)	Стратегия және инвестициялар жөнінде комитеттің мүшесі	100
Абдуов Нұрлан Қанатұлы (29.05.2015 - 29.07.2015 гг.)	Стратегия және инвестициялар жөнінде комитеттің мүшесі	0
Исенжулов Ержан Бақытұлы (с 29.09.2015 г.)	Стратегия және инвестициялар жөнінде комитеттің мүшесі	100
Ларионов Дмитрий Владимирович (с 29.10.2015 г.)	Стратегия және инвестициялар жөнінде комитеттің мүшесі	100
Нұрбай Шыңғыс (с 25.02.2015 г.)	Стратегия және инвестициялар жөнінде комитеттің сарапшысы, дауыс құқығымен	100

Стратегия және инвестициялар жөнінде комитет отырысында ерекше назар аударылған мәселелер:

- Стратегия және инвестициялар жөнінде комитеттің 2015 жылға арналған жұмыс жоспарын мақұлдау туралы;
- Компанияның Активтерін қайта құрылымдау жоспарын орындау бойынша 2013-2014 жылғы есепті мақұлдау туралы;
- Компанияның Активтерін қайта құрылымдау жоспарын мақұлдау туралы;
- Компанияның 2015-2019 жылдарға арналған, түзетілген Даму жоспарын алдын ала қарау туралы;
- Компанияның 2015-2019 жылдарға арналған Даму жоспарын орындау бойынша есептерді алдын ала қарау туралы;
- 2013-2022 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыру бойынша 2014 жылғы есепті алдын ала қарау туралы;
- Компанияның еншілес ұйымдарға қатысы бойынша дивидендтік саясатты алдын ала мақұлдау туралы;
- Компанияның инвестициялық жобаларының 2014 жылғы 2 жарты жылдығының мониторингі бойынша есепті қарау туралы;
- Компанияның инвестициялық жобаларының 2015 жылғы 1 жарты жылдығының мониторингі бойынша есепті қарау туралы;
- Компанияның Директорлар кеңесінің Стратегия және инвестициялар жөнінде комитеті құзыретінің шегінде басқа мәселелер жөнінде шешімдер қабылдау сияқты, осындай мәселелерге қойылды.

КОМПАНИЯНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ БЕРУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Тәуелсіз директорларды қоспағанда, Директорлар кеңесінің мүшелері олармен өз міндеттерін орындау үшін, Компаниядан жеке сыйақы алмайды. Тәуелсіз директорларға сыйақының мөлшері сенімгер басқарушының бұйрығымен белгіленеді. Тәуелсіз директорларға «Самрұқ-Қазына» АҚ Компанияларының тәуелсіз директорларына сыйақы және өтемақы шығыстарын төлеу ережелеріне сәйкес мына сыйақылар:

- 1) тиянақталған сыйақы;
- 2) Директорлар кеңесінің жанындағы комитеттердің жұмысында, сондай-ақ Компанияның Директорлар кеңесінің төрағасымен және/немесе Қор Басқармасының төрағасымен, Компания Басқармасының төрағасымен бастамашылық етілген кеңестерде қатысқаны үшін қосымша сыйақы төленеді.
- 3) Компанияның жалғыз акционерінің (Сенімгер басқарушының – Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің атынан) Директорлар кеңесінің мүшелеріне – тәуелсіз директорларға 2015 жылғы жұмыстың қорытындысы бойынша сыйақы төлеу туралы шешім қабылданған жоқ.

КОМПАНИЯНЫҢ ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

Компанияның Директорлар кеңесінің 2007 жылғы 11 мамырдағы шешімімен Компанияның Ішкі аудит қызметі құрылды, оның негізгі мақсаты Компанияның Директорлар кеңесіне Компанияны тиімді басқаруды қамтамасыз етуге арналған тәуелсіз және объективті ақпаратты ішкі бақылауды, тәуекелдерді басқаруды және корпоративтік басқаруды бағалау жолымен ұсыну болып табылады.

Компанияның Ішкі аудит қызметінің негізгі міндеттері:

- 1) Компанияда корпоративтік басқару жүйесін бағалау және жетілдіруге көмек көрсету;
- 2) Ішкі бақылау жүйесін бағалау және жетілдіруге көмек көрсету;
- 3) Тәуекелдерді басқару жүйесін бағалау және жетілдіруге көмек көрсету болып табылады.

Ішкі аудиттің әділдігі мен тәуелсіздігі қағидаларын сақтау мақсатында, Компанияның Ішкі аудит қызметі Компанияның Директорлар кеңесіне функционалды бағынады және есеп береді және Компанияның Аудит жөнінде комитеті жетекшілік етеді және Компанияның Ішкі аудит қызметі туралы Қағиданы және Компанияның Ішкі аудит қызметінің қызметін регламенттейтін басқа да нормативтік құжаттарды басшылыққа алады.

Бүгінгі таңда Ішкі аудит қызметі 4 адамнан — Ішкі аудит қызметінің басшысынан және үш аудитордан тұрады:

1. Басшы — Мадиева Айжан Маратқызы
2. Аудитор — Қоныс Жанар Кенесбайқызы;
3. Аудитор — Даулетова Бақытжан Маратқызы;
4. Аудитор — Сембаев Асқар Қажажимұлы.

КОМПАНИЯНЫҢ ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ 2015 ЖЫЛҒЫ ЕСЕП

Компанияның Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 28 қазандағы шешімімен (№ 10 хаттама) Компанияның Ішкі аудит қызметінің 2015 жылға арналған Жылдық аудиторлық жоспары бекітілді. Жылдық аудиторлық жоспары Компанияның Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы (№ 12 хаттама), 2015 жылғы 31 наурыздағы (№ 3 хаттама) және 2015 жылғы 29 қазандағы (№8 хаттама) шешімдерімен түзетілді.

2015 жылы Компанияның Ішкі аудит қызметімен бекітілген Жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес толық көлемінде аудиторлық мақсаттар мен міндеттерге жетумен орталық аппаратта, сондай-ақ Компанияның еншілес ұйымдарында 13 аудиторлық тапсырма орындалды.

Аудитпен Компанияның Шоғырландырылған қаржылық есептілігін есепке алу және даярлау процесстерін ішкі бақылауды тестілеудің аудиті; онда сыртқы аудитпен 2014 жылғы Компания кемшіліктерінің маңызды саны анықталған, процесстердің аудиті; Компания Активтерін қайта құрылымдау жоспарын орындау мониторингі; Компанияда шығындарды қысқарту бағдарламаларын орындауды бағалау сияқты, осындай басты бизнес-процесстермен қамтылды. Ішкі аудит қызметімен жүргізілген аудиттердің нәтижелері бойынша Компанияда корпоративтік басқару, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіруге, қызметтің операциялық және стратегиялық мақсаттарының шеңберінде басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталған ұсынымдар берілді.

Жылдық аудиторлық жоспарды орындау бойынша іс-шаралар толық көлемінде орындалды, Компанияның Ішкі аудит қызметінің 2015 жылғы қызметі туралы есеп Компанияның Директорлар кеңесінің Аудит жөнінде комитетімен және Компанияның Директорлар кеңесімен қаралды.

Компанияның Ішкі аудит қызметі Аудит жөнінде комитетке нәтижелер туралы баяндап, берілген ескертпелер мен ұсынымдарды орындау мониторингін тұрақты негізінде жүргізеді.

Компанияда Компанияның Директорлар кеңесін кейін хабарландырумен, Компанияның Директорлар кеңесінің Аудит жөнінде комитетінде жүргізілген жұмыстың нәтижелері туралы орындаушыларды тыңдап, түзету әрекеттердің жоспарын жасақтау арқылы Компанияның Ішкі аудит қызметінің, сыртқы аудиторлардың және өзге тексерулердің, оның ішінде «Самрұқ-Қазына» АҚ мен мемлекеттік органдардың ескертпелерін жою және ұсынымдарын орындау бойынша жүйе жасақталды және әрекет етеді.



KAZAKHSTAN ENGINEERING
NATIONAL COMPANY

КОМПАНИЯ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚЫСҚАША ӨМІРБАЯНДАРЫ



Компания Басқармасының құрамы және оның мүшелерінің қысқаша өмірбаяндары

Атқарушы орган Директорлар кеңесіне есеп береді және ұйымның күнделікті қызметіне басшылықты жүзеге асырады, стратегияны, даму жоспарын және Директорлар кеңесімен және Жалғыз акционермен қабылданған шешімдерді іске асыру үшін жауапкершілікті көтереді.

Басқарма Компанияның міндеттерін орындау және стратегиясын іске асыру мақсаттарында ағымдағы қызметке басшылықты жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган болып табылады.

Басқарманың қызметі Жалғыз акционердің мүдделерін максималды сақтау және Директорлар кеңесінің шешімдерін толық есеп берушілігі қағидаласында негізделді.

Басқарма 5 мүшеден – Басқарма төрағасынан, оның орынбасарлары мен аппарат жетекшісінен тұрады.

2015 жылы Компания Басқармасының мүшелері болып табылды:

ЫДЫРЫСОВ Ерлан Сапарғалиұлы	Басқарма төрағасы 26.02.2015 ж. бастап; Басқарма төрағасының орынбасары 29.08.2014 — 25.02.2015 жж.
БИЖАНОВ Димаш Нұрахметұлы	Басқарма төрағасының орынбасары 28.08.2012 ж. бастап; вице-президент, Басқарма мүшесі 31.05.2011 — 27.08.2012 жж.;
МЫНШАРИПОВА Сая Найманбайқызы	Басқарма төрағасының орынбасары 2.02.2015 ж. бастап;
СҰЛТАНБЕКОВ Қанат Танатарұлы	Басқарма төрағасының орынбасары 26.02.2015 ж. бастап;
БЕРГЕНЕВ Әділғазы Садвоқасұлы	Аппарат жетекшісі 10.2010 ж. бастап;
ҚАПАКОВ Айбек Әмірбекұлы	Басқарма төрағасының орынбасары 29.08.2014 — 29.01.2015 жж.;
МУРАТОВ Ерлан Мұратұлы	Басқарма төрағасының орынбасары 4.11.2013 — 29.01.2015 жж.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша Компания Басқармасының құрамыа 5 мүше кіреді:

ЫДЫРЫСОВ Ерлан Сапарғалиұлы

Басқарма төрағасы



- «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқармасының төрағасы (26.02.2015 ж. бастап);
 - «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқармасы төрағасының орынбасары (29.08.2014 — 25.02.2015 жж.);
 - «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ басқарушы директоры (29.06.2010 — 29.08.2014 жж.);
 - «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ вице-президенті, Басқарма мүшесі (16.02.2010 — 29.06.2010 жж.);
 - «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Техникалық саясат және инновациялар департаментінің директоры (1.06.2005 — 16.02.2010 жж.).
- Туылған жылы — 1977 ж.
Білімі жоғары.
Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына ие емес.

БИЖАНОВ Димаш Нұрахметұлы

Басқарма төрағасының орынбасары



- «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқармасы төрағасының орынбасары (20.11.2014 ж. бастап);
 - «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ вице-президенті, Басқарма мүшесі (2.06.2011 — 27.08.2012 жж.);
 - «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ сервистік жобалар бойынша бас менеджері (28.06.2010 — 1.06.2011 жж.);
 - «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Сервистік активтерді басқару департаментінің директоры (1.04.2010 — 27.06.2010 жж.);
 - «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Солтүстік-Каспий жобасы Департаментінің бас менеджері (22.06.2009 — 1.04.2010 жж.).
- Туылған жылы — 1967 ж.
Білімі жоғары.
Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына ие емес.



МЫНШАРИПОВА Сая Найманбайқызы

Басқарма төрағасының орынбасары

- «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары; Басқарма мүшесі (2.02.2015 ж. бастап);
- «Самрұқ-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Аудит және бақылау департаментінің директоры (2008 — 2.02.2015 жж.);
- «ДАМУ ШҚДҚ» АҚ бас бухгалтері (қыркүйек 2007— оқазан 2008 жж.);
- «Ұлттық инновациялық қор» АҚ бас бухгалтері (09.2003— 08.2007 жж.).

Туылған жылы — 1970 г.

Білімі жоғары.

Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына ие емес.



СҰЛТАНБЕКОВ Қанат Танатарұлы

Басқарма төрағасының орынбасары

- «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқармасы төрағасының орынбасары (26.02.2015 ж. бастап);
- Астана қаласы әкімінің орынбасары (қазан 2009 — желтоқсан 2014 жж.);
- Астана қаласының Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының бастығы (5.2008— 10.2009 жж.);
- Алматы қаласы әкімінің орынбасары (қараша 2007 — мамыр 2008 жж.).

Туылған жылы — 1976 ж.

Білімі жоғары.

Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына ие емес.



БЕРГЕНЕВ Әділғазы Садвоқасұлы

Аппарат жетекшісі, Басқарма мүшесі

- «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ аппаратының жетекшісі, Басқарма мүшесі (27.11.2015 ж. бастап);
 - «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ аппаратының жетекшісі (13.04.2015 — 26.11.2015 жж.);
 - «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ басқарушы директоры (17.03.2014 — 12.04.2015 жж.);
 - «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ аппаратының жетекшісі, Басқарма мүшесі (10.2010 — 16.03.2014 жж.);
 - Шығыс Қазақстан облысының әкімі (мамыр 2008 — сәуір 2009 жж.).
- Туылған жылы — 1958 ж.
Білімі жоғары.
Компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына ие емес.

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 29 қаңтардағы шешімімен (№ 1 хаттама) 69 адам штаттық санымен «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ жаңа ұйымдастырушылық құрылымы бекітілді. Сол шешіммен және де «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқармасының жаңа құрамы бекітілді. Жаңа құрылымға келісімді, жаңадан сайланған Компания Басқармасы құрамының 3 жыл өкілеттігі мерзімімен Басқарма мүшелері – Басқарма төрағасының орынбасарлары ретінде Бижанов Димаш Нурахметұлы, Ыдырысов Ерлан Сапарғалиұлы және Мыншарипова Сая Найманбайқызы сайланды. Сонымен қатар, «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің осы шешімімен «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқарма төрағасының орынбасарлары Қапаков Айбек Амирбекұлы және Муратов Ерлан Мұратұлы атқарып отырған қызметтерінен босатылды.

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 25 ақпандағы шешімімен «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқармасының төрағасы ретінде Ыдырысов Ерлан Сапарғалиұлы тағайындалды. «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің және де осы шешімімен «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Директорлар Басқарма төрағасының орынбасары ретінде Сұлтанбеков Қанат Танатарұлы тағайындалды.

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 27 қарашадағы шешімімен (№ 9 хаттама) Компания аппаратының жетекшісі Бергенев Әділғазы Садвоқасұлы Компания Басқармасының мүшесі ретінде сайланды.



Компания Басқармасының жанындағы Комитеттер

Компания Басқармасының жанында үш комитет пен екі комиссия әрекет етеді. Осы алқалы органдар олар туралы қағидаларға сәйкес әрекет етеді және өз қызметтерін орындайды. Есептік кезеңде Компания Басқармасының жанындағы комитеттермен және комиссиялармен олардың құзыреттілігінің шегінде мәселелер қаралды және Компанияның Басқармасына тиісті ұсынымдар берілді.

Тәуекелдер жөніндегі комитет

Комитет Компания Басқармасының жанындағы сабағаттық-кеңесші орган болып табылады және Компанияның Басқармасына Компанияның тәуекелдерін басқару жүйесі мәселелері жөнінде шешімдер қабылдау үшін, Компанияның Басқармасына ұсынымдарды алдын ала қарау және даярлау үшін құрылды.

Комитеттің негізгі міндеттері:

- 1) Компанияның тәуекелдерін басқару саласында шешімдер қабылдау кезінде Компанияның Басқармасына көмек көрсету;
- 2) тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін ұйымдастыру және қолдау;
- 3) тәуекелдерді анықтауға, өлшеуге, қадағалауға және бақылауға тартылған процесстерді дамыту;
- 4) Компанияда және оның еншілес/тәуелді ұйымдарында тәуекелдерді басқару бойынша жұмыстарды үйлестіруді бақылау бойынша ұсынымдар мен ұсыныстарды даярлау болып табылады.

Инвестициялық-инновациялық комитет

Комитет Компания Басқармасының жанындағы тұрақты әрекет ететін алқалы сабағаттық-кеңесші орган болып табылады.

Комитеттің негізгі мақсаты Компания мен Ұйымдардың инвестициялық және инновациялық қызметінің тиімділігін арттыру, сондай-ақ Компания мен Ұйымдардың қазақстандық қамтуды дамыту мәселелері жөнінде бірыңғай саясатты қалыптастыру болып табылады.

Кредиттік комитет

Комитет Компания Басқармасының жанындағы тұрақты әрекет ететін алқалы сабағаттық-кеңесші орган болып табылады.

Комитет қызметінің негізгі мақсаты кредиттерді (қарыздарды), қаржылық көмек пен кепілдіктерді ұсынумен, Компанияның активтері мен пассивтерін басқарумен, ақшалай қаражатты тартумен және орналастырумен, Компанияның табыстылығын арттырумен байланысты тәуекелдерді минимизациялаумен байланысты, мәселелер жөніндегі шешімдерді уақтылы және сапалы қабылдауды қамтамасыз ету болып табылады.

Бюджеттік комиссия

Комиссия Компания Басқармасының жанындағы тұрақты әрекет ететін алқалы сабағаттық-кеңесші орган болып табылады.

Комиссия қызметінің негізгі мақсаты тиісті басқару органдары жұмысының шеңберінде бекітуге шығарылатын бюджеттер, инвестициялық жобаларды дамыту, жоспарлау және іске асыру жоспарлары бойынша еншілес және тәуелді ұйымдардың басқару органдарында Компания өкілдерінің бірыңғай позициясын тұжырымдау, сондай-ақ Компанияның тиісті қаржы кезеңіне

бюджетінің жобасын уақтылы және сапалы әзірлеуді қамтамасыз ету және оны түзету және орындау бойынша ұсыныстар тұжырымдау болып табылады.

МҚТ және әскери-техникалық ынтымақтастығы жөніндегі комиссия

Комиссия Компания Басқармасының жанындағы тұрақты әрекет ететін алқалы сабағаттық-кеңесші орган болып табылады.

Комиссия қызметінің негізгі мақсаты Компанияның Басқармасына Қазақстан Республикасының әскери-техникалық саясатын іске асыру бойынша, Компаниямен және оның еншілес тәуелді ұйымдарымен Мемлекеттік қорғаныс тапсырысты жасақтау және орындау бойынша, Компанияның еншілес тәуелді ұйымдарының қорғаныс секторының ғылыми-өндірістік қызметін жетілдіру бойынша және шет мемлекеттермен әскери-техникалық ынтымақтастықты дамыту бойынша ұсыныстарды әзірлеу және енгізу болып табылады.

Компания Басқармасының қызметі туралы есеп

2015 жылы Компания Басқармасының 57 мәжілісі өткізілді. Барлығы 235 мәселе қаралды.

Компания Басқармасының 2015 жылы қаралған басты мәселелері.

2015 году Компания Басқармасының мәжілістерінде аса назар:

- ЕТҰ акционерлерінің/қатысушыларының жалпы жиналысының құзыретіне қатысты мәселелер жөнінде шешімдер қабылдау;

- Компанияның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекіту;

- еншілес ұйымдары атқарушы органдарының басшыларын тағайындау;

- «Қазақстан Республикасының аумағында электрондық-оптикалық құралдарды өндіру бойынша орталық құру», «Қазақстан Республикасының аумағында тікұшақтардың өндірісін жасау» және басқалар сияқты, осындай Компанияның стратегиялық жобаларын іске асыруды мақұлдау және көмек көрсету;

- Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің қарауына шығарылатын мәселелер жөнінде материалдарды алдын ала қарау және мақұлдау сияқты, осындай мәселелерге қойылды.

Тұтас алғанда есептік кезеңде, Компанияның алдында қойылған міндеттерді тиіді шешу үшін, Компания Басқармасы корпоративтік қарым-қатынастардың Жалғыз акционерімен және барлық мүдделі тұлғалармен өзара әрекет етті.

Компания Басқармасының мүшелеріне сыйақы беру туралы есеп

Ішкі аудит қызметінің басшы жұмыскерлерінің, Басшысы мен жұмыскерлерінің, Корпоративтік хатшының және оның аппараты жұмыскерлерінің қызметін бағалау, сондай-ақ «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ басшы жұмыскерлеріне сыйақы төлеу ережелері Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Самрұқ-Қазына» АҚ Басқармасының 2013 жылғы 9 сәуірдегі шешімімен (№ 17/13 хаттама) бекітілген, «Самрұқ-Қазына» АҚ Компанияларының басшы жұмыскерлерінің қызметін бағалау және сыйақы беру саясатына сәйкес әзірленді және «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ аталған жұмыскерлерінің қызметін бағалау және сыйақы төлеу талаптары мен тәртібін белгілейді.

Басшы жұмыскерлер қызметінің тиімділігін бағалау рәсімі мына кезеңдерден тұрады:

- уәждемелік басты қызмет көрсеткіштерін (БҚК) таңдау, нысаналы мақсаттар қою;

- уәждемелік БҚК бекіту;
- нәтижелілігі мониторингі;
- нақты нәтижелілігін есептеу және бекіту.

Басшы жұмыскерлер үшін уәждемелік БҚК (БҚК карталары) БҚК санының оңтайлылығының (3-7), таразыларды қоюдың және нысаналы мақсаттардың барабарлығының есебімен Компанияның Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақылар жөнінде комитетімен әзірленеді және белгіленген тәртіппен есептік жылдың 31 наурызынан кешіктірмей Компанияның директорлар кеңесінің бекітуіне Компанияның жауапты құрылымдық бөлімшесімен шығарылады.

Қызмет нәтижелері бойынша сыйақы (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді сыйақылар) жеткен табыстары үшін материалдық көтермелеу және жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында жұмыс нәтижелерінен тәуелді төленеді, тұрақты сипатты емес және орташа жалақыны есептеген кезде есепке алынбайды.

Компанияның Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақылар жөнінде комитетінің ұсынымдарына келісімді, Компанияның Директорлар кеңесі:

- 1) жеке корпоративтік БҚК деңгейлі маңыздарын орындамаған;
- 2) функционалдық БҚК орындаудың қорытынды нәтижелілігі — 50% кем болған (қоса) кезде қызмет нәтижелері бойынша сыйақы төлемеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

Бір жылғы жұмыс нәтижелері бойынша сыйақы төлеудің негізгі талаптары сыйақы төлеу үшін жоспарланған соманың есебімен есептік жылғы шоғырландырылған қорытынды пайданың болуы болып табылады.

Компания Басқармасы Төрағасының және мүшелерінің 2015 жылғы БҚК картасын бекіту туралы, сондай-ақ Компания Басқармасының Төрағасына және мүшелеріне 2015 жылдың жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы төлеу туралы мәселені Компанияның Директорлар кеңесінің мәжілісінде 2016 жылғы 15 қыркүйекте қарау жоспарланып отыр.

Компания тәуекелінің негізгі факторлары және тәуекелдерді басқару жүйесі

Компания Компанияның даму стратегиясын іске асырудың басты элементі ретінде, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің тиісті қызмет етуіне үлкен мән береді.

Компанияның менеджменті-тәуекелінің басты мақсаты – бұл Компания қызметі тәуекелінің және табыстылығының ара салмағының оңтайлы деңгейіне жету.

2015 жылы Компанияда тәуекелдерді басқару рәсімдерін жетілдіру жалғасын тапты. Компанияның Директорлар кеңесімен «Самрұқ-Қазына» АҚ ұсынымдарының есебімен жаңа редакцияда Тәуекелдерді басқару саясаты бекітілді.

Компанияның Тәуекелдерді басқару саясаты тәуекелдерді қоллайлы деңгейін қамтамасыз ету және тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау, минималдандыру және тәуекелдердің мониторингі есебі арқылы аса жоғары қызмет нәтижелеріне жету үшін, менеджмент-тәуекелінің оңтайлы құрылымын қолдауға бағытталды.

Ішкі бақылау

Ішкі бақылау жүйесінің шеңберінде Компанияның қызметі 2014 жылғы маусымда жаңа редакцияда бекітілген (Компанияның Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 27 маусымдағы шешімі, № 7 хаттама), Компанияның Ішкі бақылау жүйесі туралы қағидасына сәйкес жүзеге асырылады.

Ішкі бақылау жүйесі туралы қағида ішкі бақылау жүйесінің ұғымын, мақсаттары мен міндеттерін,

оның қызмет ету қағидаларын, ішкі бақылау жүйесінің басты салалары мен негізгі құрауыштарын, Компанияның қызметін жүзеге асырған кезде ішкі бақылау рәсімдерін, Компанияда ішкі бақылау рәсімдерін орындау және ішкі бақылау жүйесін бағалау бойынша ішкі бақылау субъекттерінің құзыреті мен жауапкершілігін белгілейді.

Ішкі бақылау жүйесі туралы қағидада Директорлар кеңесінің Компанияда ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру үшін жауапкершілік және Ішкі бақылау қызметінің тиімді қызмету етуі үшін – Басқарманың жауапкершілігі бекітілді. Бұл ретте, Компанияның Ішкі бақылау қызметі Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тұрақты мониторингінің бөлігі ретінде шығады және ішкі бақылау жүйесін оның қойылған мақсаттарға, міндеттерге және тапсырылған өлшемдерге сәйкестігі мәніне тікелей бағалайды және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру бойынша ұсынымдарды ұсынады.

Ішкі бақылау жүйесі туралы қағидаға сәйкес оның міндеттеріне ішкі бақылау жүйесінің қызмет етуін және оны жетілдіруді ұйымдастыру, оның ішінде:

- ішкі бақылау жүйесінің қызмет етуін және оны жетілдіруді ұйымдастыру;
- Компания Басқармасын және Директорлар кеңесін Компаниядағы және Компаниялар тобындағы ішкі бақылау жүйесінің жағдайы туралы, сондай-ақ ішкі бақылау жүйесі процесстеріндегі маңызды ауытқулар туралы хабарландыруды қатамасыз ету;
- ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру бойынша, сондай-ақ Компанияның еншілес ұйымдарында ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі мониторингін жүзеге асыруға әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсету кіретін бөлімше көзделді.

Компаниямен еншілес ұйымдарда ішкі бақылау жүйесі туралы қағиданы бекіту туралы шаралар қолданды.

Ішкі аудит қызметімен 2014 жылы ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау жүргізілді.

Аудит «Самрұқ-Қазына» АҚ еншілес және тәуелді ұйымдарының ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау әдістемесінің талаптарына сәйкес жүргізілді. Компанияның Ішкі аудит қызметінің бағалау нәтижелері бойынша Компанияда ішкі бақылау жүйесін жетілдіруге бағытталған 22 ұсыным берілді.

Бұдан басқа, Компанияның Ішкі аудит қызметімен жеке бизнес-процесстердің аудитінің процессінде ішкі бақылау жүйесін бағалау жүзеге асырылады.

Қоғамның ішкі бақылау жүйесін жетілдіру шеңберінде, ішкі бақылау жүйесін бағалауды жүргізу барысында Ішкі аудит қызметімен анықталған сәйкессіздіктерді жою мақсатында, Компаниямен Компанияның ішкі бақылау жүйесін жетілдіру бойынша іс-шаралардың 2015 жылға арналған жоспары - Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 31 наурыздағы шешімімен (№ 3 хаттама) бекітілген, түзету іс-қимылдарының жоспары (бұдан әрі – Жоспар) әзірленді.

Жоспарға сәйкес есептік жылы 20 іс-шара жоспарланды, олардың 19 іс-шарасы орындалды, бір іс-шараның орындалуы 2016 жылға ауыстырылды.

Тәуекелдерді басқару

Компанияның менеджменті-тәуекелінің басты мақсаты — бұл Компания қызметі тәуекелінің және табыстылығының ара салмағының оңтайлы деңгейіне жету.

2015 жылы Компания Компанияның даму стратегиясын тиімді іске асырудың басты элементі ретінде тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіруге зор зейін қоюды жалғастырады. Компаниямен Тәуекелдерді басқару саясаты, Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау ережелері, Қаржылық тәуекелдерді басқару ережелері, Инвестициялық жобалардың тәуекелдерін бағалау ережелері, Сатылған тәуекелдерді есепке алу әдістемесі бекітілді, Компаниялар тобының сатылған тәуекелдерінің базасы жүргізіледі. Сонымен қатар тәуекелдердің 2015 жылға арналған картасы бекітілді. Тәуекелдердің 2015 жылға арналған тіркелімі және сын тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралардың 2015 жылға арналған жоспары, басты тәуекел көрсеткіштері және әр тәуекел бойынша толеранттықтың 2015 жылға арналған деңгейлері, 2015 жылға арналған тәбет-тәуекелі. Компанияның

Басқармасы тоқсан сайынғы негізінде Компанияның Директорлар кеңесін тәуекелдер жөніндегі қызмет туралы хабарландырады.

Компания Басқармасының жанында Тәуекелдер жөнінде комитет қызмет етеді, ол 2015 жылы онда 23 мәселе қаралған 15 мәжіліс өткізді.

Компанияның Басқармасы тоқсан сайын Тәуекелдер жөнінде комитеттің қызметі туралы есеп тыңдайды.

Бүгін Компанияда барлық процесстерге қаржылық тәуекелдерді (кредиттік, нарықтық, валюталық тәуекелдерді, өтімділігі тәуекелдері және пайыздық тәуекелдер) және операциялық тәуекелдерді басқаруды болжайтын, менеджменті-тәуекелінің бірыңғай тәжірибесі қолданылады.

Қаржылық тәуекелдерді басқару тәуекелдің лимитін белгілеуді және әлеуетті шығындардың тәуекелі осындай лимиттердің шегінен шықпау үшін, соған бақылауды болжайды. Операциялық тәуекелдерді басқару ішкі процесстердің және тәуекелдің өзге ішкі және сыртқы факторларына Компанияның ұшырағыштығын минималдандыруға арналған рәсімдердің тиісті қызмет етуін қамтамасыз етуден тұрады.

Компанияның және оның еншілес ұйымдарының корпоративтік басқару жүйесінің басты құраушы ретінде тәуекелдерді басқару, олар Компанияның және Компаниялар тобы кәсіпорындарының құнына және беделіне теріс әсер етуі мүмкін, тәуекелдердің деңгейін төмендету бойынша басқарашулық шараларды уақтылы сәйкестендіруге және қабылдауға бағытталды.

Қарыздар мен облигацияларға қызмет көрсету, өтімділікті жоғалту тәуекелін және Компаниямен берілген қарыз қаражатты ЕТҰ қайтармау тәуекелін басқару

Қарыздар мен облигацияларға қызмет көрсету үшін қаражаттың жеткіліксіздігі фактін, ақшалай ағымды тиімсіз пайдалануды болдырмау мақсатында, Компаниямен жүйелі негізінде табыс бөлігінің мониторингі жүзеге асырылады. Мониторингтің нәтижелері Компанияның Басқармасында, Директорлар кеңесінде тоқсан сайын қаралады. Компанияның операциялық табыстары Компанияның шығарылған облигацияларының купондарын төлеу бойынша шығыстарға толық көлемінде қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету шеңберінде мына шараларды қолданды:

- 1) Компаниялар тобының жеке ұйымдарының қаржылық-шаруашылық қызметін тұрақтандыру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді;
- 2) Компанияның ЕТҰ банктік шоттарын басқарудың регламенті лимиттелген режимде бекітілді;
- 3) Компанияның кредиттерін беру мен мониторингінің, қаржылық көмектері мен кепілдіктерінің регламенті бекітілді;
- 4) 2015 жылғы қарашада Компанияның ішкі облигациялары уақтылы өтелді;
- 5) Компанияның борыштық қоржынын басқару бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді.

Шығарылған облигациялар бойынша Компания жүйелі негізінде KASE корпоративтік және өзге де басты оқиғалар бойынша ақпаратты орналастырады.

Түрлендіру бағдарламаны іске асырумен байланысты, тәуекелдерді басқару

Компанияда Қордың Түрлендіру бағдарламасының шеңберінде түрлендіру бойынша Жол картасы бекітілді. Жол картасын іске асыру және Түрлендіру бағдарламасын іске асырумен байланысты, тәуекелдерді басқару мақсатында Компанияның Түрлендіру бағдарламасын әзірлеу және іске асыру бойынша Жұмыс тобы жасақталды, ол 4 мәжіліс өткізді.

Компания Басқармасы Төрағасының 2015 жылғы 21 мамырдағы № 29 Бұйрығымен Компанияны түрлендіру бойынша Жол картасының іс-шараларын іске асыру үшін жауапты тұлға (Компанияның

Басқарма Төрағасы орынбасарларының және Аппарат жетекшісінің деңгейінде) бекітілді.

«Самрұқ-Қазына» Корпоративтік университет» ЖУ-пен түрлендірудің шеңберінде Компания жұмыскерлерін үйрету бағдарламасы бойынша шарт жасалды.

Компанияның Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 30 маусымдағы шешімімен (№ 6 хаттама) бекітілген, Компанияның ұйымдастырушылық құрылымына сәйкес Түрлендіру жөнінде қызмет құрылды.

Қор Басқармасының 2014 жылғы 9 желтоқсандағы шешімімен (№ 55/14 хаттама) бекітілген, «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ түрлендіру бойынша Жол картасында процесстерді, технологияларды, адами ресурстарды жетілдіру бойынша 2015 жылы 10 іс-шара іске асыруға көзделді.

Компаниялар тобының активтерін қайта құрылымдау және қайта ұйымдастыру (жекешелендіру, біріктіру, бөлу және өз.) жоспарын орындамау немесе тиіссіз орындау тәуекелін басқару

«Жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 280 Қаулысын іске асыру шеңберінде Компанияда Компанияны қайта құрылымдаудың 2015-2016 жылдарға арналған жоспары бекітілді (Компанияның Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 30 маусымдағы шешімімен, № 6 хаттама).

Компанияның активтері мен объектілерін сату мәселелері жөнінде салалық комиссия құрылды және 6 мәжіліс өткізілді. Мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында және «Казахстанская правда» мен «Егемен Қазақстан» газеттерінде Компания активтерінің электрондық аукционы әдісімен саудасатығы жарияланды.

2015 жылғы 6 қаңтарда, 27 қаңтарда, 13 ақпанда және 7 сәуірде Компанияның активтерін сату бойынша электрондық аукцион өткізілді (ағылшын әдісімен) және тіркелген қатысушыларының болмауына байланысты, болмаған деп танылды.

2015 жылғы 7 сәуірде, 8 қыркүйекте, 30 қыркүйекте және 13 қарашада Компанияның активтерін сату бойынша электрондық аукцион өткізілді (голландтық әдіспен), олар және де тіркелген қатысушыларының болмауына байланысты, болмаған деп танылды.

Компанияның «Самрұқ-Қазына» АҚ-на 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 10-23/1034 және 2015 жылғы 9 қарашадағы № 10-23/1174 хаттарымен «Жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 280 Қаулысына келісімді нақты ортаға тапсыруға жататын, Компанияның активтерінің тізбегін өзгерту бойынша ұсыныстар енгізілді.

«Жекешелендірудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 280 Қаулысын іске асыру шеңберінде Қордың активтерін сату мәселелері жөнінде Қорда мәжілістерде қатысты, олардың барысында Компания өтімсіз активтерді сату тетігін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізді.

2016–2020 жылдары бәскеге қабілетті ортаға тапсұрға жататын, Компания активтерінің тізбегін жасақтау мәселелері жөнінде мемлекеттік органдардың мәжілістерінде қатысты.

2015 жылғы 30 желтоқсанда «Жекешелендірудің 2016–2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1141 Қаулысымен «Самрұқ-Қазына» АҚ активтерінің жаңа тізбегі, оның ішінде бәскеге қабілетті ортаға тапсыруға, сондай-ақ келшек кезеңдерде қайта құруға және таратуға жататын Компаниялар белгіленді.

Валюталық тәуекелдерді басқару

Компаниялар 2013 жылы валюталық тәуекелдерді жою үшін, еурооблигацияларды тарту кезінде табиғи хеджирлеуді – баланстың басқа позициялары бойынша осы өзгерістен алынатын пайдамен валюталық бағамның өзгеруінен шығынды жабу мақсатында активтер мен пассивтерді құрылымдық

теңдестіруді жүзеге асырады.

Бұдан басқа, ірі тапсырыс берушілермен («ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Қазақстан Темір Жолы» ҰК» АҚ, «Самрұқ Энерго» АҚ), Қазақстан Республикасының әлеуетті күштерімен келіссөздердің нәтижелері бойынша 2015 жылы тапсырыстардың көлемін және ұлттық валютаның құлбылмалы бағамын енгізмен байланысты сату бағасын көбейту бойынша келісімге жетті.

Валютаның айырбастау бағамының жүргізілген түзетулерінің есебімен өнімдерді сату шарттары бойынша баға белгілеу қайта қаралды; қазыналық операциялар енгізілді (конверсиялық операциялар және корпоративтік дилинг), ол айырбастауды нарықтық баға бойынша жасауға мүмкіндік береді. Тұрақты негізінде валюталық позицияның мониторингі жүзеге асырылады және Компанияның тәуекелдері бойынша Есепте көрсетіледі.

Кредиттік тәуекелді басқару

Бұл тәуекел Компания тобына кірмейтін контрагент-банкiлермен немесе үшінші тұлғалармен міндеттемелермен (баланстың активтік және пассивтік баптары) байланысты тәуекел. Кредиттік тәуекелді сату екінші деңгейдегі банкiлерде қаражатты орналастыру лимиттерін сақтамау, кепiлдердің төмен сапасы және басқа сияқты, осындай факторлардың басталуымен негізделді. Кредиттік тәуекелді басқару және 2015 жылы тәуекел иелерінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында шаралар қолданылды:

1) Компанияның операциялық табыстары Компанияның шығарылған облигацияларының купондарын төлеу бойынша шығыстарға қызмет көрсетуді толық көлемінде қамтамасыз етуге мүмкіндік береді;

2) Компанияның рейтингін растау бойынша рейтингтік агенттіктермен жұмыс жүргізілді;

3) Компанияның контрагент-банкiлермен операцияларына лимиттер мақұлданды;

4) уақытша бос ақшалай қаражаттың мониторингі (ай сайын «Самрұқ — Қазына» АҚ ұсынылады) және контрагент-банкiлермен операциялардың мониторингі.

Компанияда Кредиттік комитет құрылды, ол 2015 жылы 39 мәселе жөнінде 26 мәжіліс өткізді. Кредиттік комитет өз қызметін «Самрұқ — Қазына» АҚ ішкі кредиттік саясатына, Компанияның кредиттерді, қаржылық көмекті және кепiлдіктерді беру және мониторингі регламентіне және Компанияның Кредиттік комитеті туралы қағидаға сәйкес жүзеге асырады.

Белгіленген еңбек талаптарын сақтамау тәуекелін басқару

Осы тәуекел операциялық тәуекел болып табылады және өндірісте жазатайым оқиғалардың басталуын сипаттайды. Осы тәуекелдің мүмкін туындауы қауіпсіздік техника талаптарын сақтау бойынша персоналдың қатесі, тұрақты негізінде қолданылатын құқық бойынша жұмыскерлердің білім жаңарту тетігінің болмауы, қызметті жүзеге асыру процессінде Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтамау сияқты, осындай факторлармен негізделеді.

Өндірісте жазатайым оқиғаларды болдырмау мақсатында, Компаниялар тобының ұйымдарында қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөнінде бөлімше қызмет етеді, персоналды үйрету және нұсқаулық жүргізу кестелері бекітілді.

2014 жылы Қауіпсіздік және еңбекті қорғау және емтихан комиссиясын құру мәселелері жөнінде оқыту, нұсқау беру және білімдерін тексеру тәртібі туралы қағида бекітілді. Тұрақты негізінде Компанияның және Компаниялар тобының еншілес ұйымдарының қызметкерлерімен «Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау» тақырыбына сабақ жүргізілді, Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтар жұмыс орнында жүргізіледі. 2015 жылы Компанияның құрылымында ЕҚ, ҚТ және ҚОҚ Қызметі құрылды.

Инвестициялық жобалардың тәуекелдерін басқару (инвестициялық жобаларға салынған қаражатты жоғалту, жобаның қымбаттауы, пайдалануға уақтылы емес енгізу, өндірілетін өнімнің технологиялық артта қалуы және төмен бәсекеге жарамдылығы)

Осы тәуекелдердің мүмкін туындауы экономикалық және нарықтық стратегияның басымдықтарын, сондай-ақ Компанияның мақсаттарына жетуі үшін үлес қосуға қабілетті инновациялардың әртүрлі түрлерінің тиісті басымдықтарын негізсіз белгілеу, жобаның қаржылық-экономикалық және техникалық-экономикалық негіздерін сапасыз және уақтылы емес дайындау сияқты, осындай факторлармен негізделеді.

2015 жылы Компанияда инвестициялық жобалардың тәуекелін төмендету мақсатында мына жұмыс жүргізілді:

- Компанияның Директорлар кеңесімен Компанияның инвестициялық жобаларын іске асыру және қаржыландыру оларды Компанияның Директорлар кеңесі мақұлдаудан кейін жүзеге асырылады деп шешім қабылданды;

- Компанияның Директорлар кеңесімен 2014 жылғы және 2015 жылғы 1 жарты жылдықта инвестициялық жобалары бойынша мониторингтік есептер қаралды;

- Компанияның Директорлар кеңесімен инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша ақпарат қаралды:

1) «Қазақстан Республикасының аумағында тікұшақтардың өндірісін құру» (бағыттар түзетілді) ақшалай қаражатты игеру;

2) «Семей машина жасау зауыты» АҚ МАЗ автомобильдерінің құрастырма өндірісін құру;

3) «Семей инжиниринг» АҚ базасында әскери және азаматтық мақсаттағы ауыр техникаға инженерлік — техникалық қызмет көрсету, жөндеу және жаңғырту орталығын құру» жобасының ҚЭН түзету жүзеге асырылады (ҚР ҰЭМ 2015 жылғы 29 ақпандағы оң қорытындысы алынды);

4) «ҚР аумағында электрондық-оптикалық құралдарды өндіру бойынша орталық құру» жобасының ҚЭН түзету жүзеге асырылады.

Компанияда Инвестициялық-инновациялық комитет (бұдан әрі — ИИК) жасақталды, Компанияда Инвестициялық жобаларды қарау, келісу регламенті бекітілді.

2015 жылы ИИК үш мәжілісі өтті, онда 5 мәселе қаралды:

1) «Семей машина жасау зауыты» АҚ МАЗ автомобильдерінің құрастырма өндірісін құру» инвестициялық жобаны іске асыруды мақұлдау туралы» мәселе жөнінде «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Инвестициялық-инновациялық комитетінің 2014 жылғы 3 сәуірдегі шешімін (№17 хаттама) қарау туралы».

2) «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ инвестициялық жобаларының мониторингі бойынша 2014 жылғы есепті мақұлдау туралы».

3) «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ 2022 жылға дейінгі Даму шебер-жоспарын мақұлдау туралы».

4) «2015 жылғы 1 жарты жылдықта мониторингтік есепті қарау».

5) «Астана қаласында қорытылатын модельдер бойынша құю өндірісін ұйымдастыру» инвестициялық жобаны іске асыруды мақұлдау туралы».

Компанияның Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 30 маусымдағы шешімімен (№6 хаттама) бекітілген, Компанияның ұйымдастырушылық құрылымында Инвестициялық қызметінің департаменті жасақталды.



KAZAKHSTAN ENGINEERING
NATIONAL COMPANY

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ 2015 жылғы Жылдық есеп

КОМПАНИЯНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ

- Компанияның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі
- Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдарында әлеуметтік серіктестікті ұйымдастыру
- Компанияның демеушілік және қайырымдылық көмегі
- Компанияның кадр саясаты
- Еңбекті қорғау және қауіпсіздігі. Қоршаған ортаны қорғау
- Экологиялық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде негізгі міндеттер



Компанияның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі

Компанияның және оның активтерінің ұзақ мерзімді құнының өсуі қоғамның мүдделерін қоса алып, барлық мүдделі тараптардың қызығушылығының есебінсіз мүмкін емес. Компания 2013–2022 жж. Даму стратегиясына сәйкес өндіріс қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау саласында үлгілі жұмыс беруші және көшбасшы болуға тырысады.

Осыған байланысты, осы дамыту бағытын іске асыру үшін, Компания:

- 1) Әлеуметтік серіктестік қағидасының негізінде әлеуметтік-еңбек қарым-қатынастарды реттеу.
- 2) Кадрларды даярлау жүйесін қалыптастыру арқылы Компаниялар тобының ұйымдарында әлеуметтік жауапкершілік стандарттарын арттыру мақсатын қояды.

Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 28 қарашадағы шешімімен (№14 хаттама) Компанияның және оның еншілес ұйымдарының корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі саласындағы саясаты бекітілді.

Тұрақты дамуды қамтамасыз ету мақсатында аса назар корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік саласындағы мына басымдық бағыттарға қойылатын болады:

- 1) әлеуметтік серіктестік қағидасының негізінде әлеуметтік-еңбек қарым-қатынастарды тиімді реттеу;
- 2) кадрларды оқытудың және дамытудың тиімді жүйесін қалыптастыру;
- 3) өндірісте экологиялық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 4) әлеуметтік жобаларды іске асыру саласында бірыңғай саясатты белгілеу, әзірлеу және енгізу;
- 5) бірыңғай коммуникациялық стратегияны құру.

Компаниялар тобы өз қызметінде барлық мүдделі тараптардың (ішкі және сыртқы) алдында, оның ішінде:

- 1) Компания және Компаниялар тобының ұйымдары жұмыскерлерінің;
- 2) Компанияның және Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдарының;
- 3) Инвесторлардың, тауарлар, жұмыстар мен қызметтер жеткізушілерінің және тұтынушыларының;
- 4) мемлекеттік органдардың;
- 5) коммерциялық емес ұйымдардың және басқа да заңды тұлғалардың;
- 6) жергілікті қоғамдастықтардың алдында жауапкершілікті жете түсінеді және өзіне қабылдайды.

Компанияның және оның еншілес ұйымдарының мүдделі тараптармен өзара әрекет етуін ұйымдастыру процесі барлық мүдделі тараптардың құқықтарын құрметтеу қағидасында негізделді.

Компаниялар тобының корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігі саласындағы қызметі мына міндеттерді шешуге ықпал етуге тиіс:

- 1) меншік персоналдың дамуы кадрлардың тұрақтамауын болдырмауға ғана емес, бірақ және нарықта ең жақсы мамандарды тартуға;
- 2) еңбек өнімділігінің өсуіне;
- 3) бейнесінің жақсаруына, беделдің өсуіне;
- 4) пайдалы талаптарда инвестициялық капиталды тарту мүмкіндігіне;
- 5) мүдделі тараптармен өзара әрекет ету процессінде туындайтын тәуекелдерді тиімді басқаруға;
- 6) тұтас алғанда қоғамда әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға;
- 7) ұзақ мерзімді келешекте Компаниялар тобының тұрақты және тиянақты дамуға.

2015 жылы Компанияның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігін іске асыру шеңберінде

әлеуметтік-еңбек шиеленістерінің мониторингі, Компаниялар тобында медиация құралдарын енгізу және насихаттау тұрақты негізінде жүргізіледі.

Әлеуметтік ахуалды жалпы бағалау

Тұтас алғанда Компаниялар тобы бойынша тұрақты қолайлы ахуал тіркеледі. Жыл сайынғы негізінде Компанияда Әлеуметтік тұрақтылық рейтингі зерттеледі, оның көрсеткіші белгіленген шәкілге келісімді ол «орташдан жоғары» тұрған, 3 жыл бойынша тәжірибелік тұрғыда өзгерген жоқ (2013 жыл — 71%, 2014 жыл — 72%, 2015 жыл — 71%), ол оңай емес және жалпы дүниежүзілік экономикалық дағдарыс жағдайларында тұрақтылықты сақтау туралы айтады.

2013–2015 жж. ішінде сегіз ЕҰ үшеуі бойынша РСС өте жоғары көрсеткішімен білінген, оң динамика байқалады — «Гидроқұрал» ҒЗИ» АҚ, «ПАМЖЗ» АҚ, «С. М. Киров атындағы зауыт» АҚ.

Жетістіктер мен проблемаларды жіктеу

2015 жылы Компаниялар тобының кәсіпорындары:

- жұмыскерлердің еңбек процессімен қамтылуға қанағаттанушылығының жоғары деңгейін сақтауға;

- көрсетілетін әлеуметтік қолдаумен қанағаттанушылықты арттыруға;

- кадрлардың тұрақтамауын төмендетуге жетті.

Сонымен қатар, аса елеуді және арнаулы профилактиканы талап ететін үрейлі аймақтарды атап өту керек:

- жалақыға қанағаттанбаған ЕҰ жұмыскерлерінің жоғары деңгейін сақтау;

- Компания кәсіпорындарында жұмысшылар жалақысы қарқының саладағы жұмысшылар жалақысы өсуінің қарқынан артта қалуы.

Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдарында әлеуметтік серіктестікті ұйымдастыру

2014 жылғы наурыз айында Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің, Компанияның, «Қазақстан Республикасының машина жасау жұмыскерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестіктің және Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының арасында машина жасау саласындағы үш жақты Салалық келісім жасалды.

Осы келісім мына негізгі міндеттерді шешуге бағытталды:

- Машина жасау саласы Ұйымдарының тұрақты жұмысын қамтамасыз ету;

- машина жасау саласы жұмыскерлерінің өнімді еңбегі үшін жағдай жасау, өмір сүру деңгейін арттыру, жұмыскерлердің біліктілігін арттыру және қайта оқыту;

- машина жасау ұйымдары жұмыскерлерінің еңбегін төлеудің және өтемақы төлемдерінің минималды салалық стандарттарын белгілеу, еңбекшілердің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша шаралар белгілеу;

- өзара сенім, ақпаратпен алмасу және ынтымақтастығы негізінде әлеуметтік серіктестікті дамыту.

Компанияда және Компанияның еншілес ұйымдарында («Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ, «С. М. Киров атындағы зауыт» АҚ, «Мұнаймаш» АҚ, «Семей машина жасау зауыты» АҚ, «Семей инжиниринг» АҚ,

«Гидроқұрал» Ғылыми-зерттеу институты» АҚ, «Омега» Құрал жасау зауыты» АҚ, «Зенит» Орал зауыты» АҚ, «811 автожөндеу зауыты ҚИ» АҚ, «Тыныс» АҚ) «Қазақстан Республикасының машина жасау жұмыскелерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестіктің филиалдары – бастауыш кәсіби ұйымдар әрекет етеді.

Осы кәсіпорындарда жұмыскерлердің саны - 4 мыңнан астам адам, кәсіби одақтағы мүшелігі 75% астам құрайды.

Бастауыш кәсіби ұйымдар «Қазақстан Республикасының машина жасау жұмыскелерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестіктің Филиалдары туралы қағиданың негізінде әрекет етеді. Бастауыш кәсіби ұйымдарды «Қазақстан Республикасының машина жасау жұмыскелерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестіктің сенімхатының негізінде кәсіби одақ комитеттерінің төрағалары басқарады.

Салалық келісімді іске асыру мақсатында осы ұйымдардың жұмыс берушілері мен жұмыскерлерінің арасында 2014-2016 жылдарға арналған ұжымдық шарттарға қол қойылды.

Ұжымдық шарттың талаптарын орындауға бақылауды Жұмыс беруші өкілдерінің және Жұмыскерлер өкілдерінің тең санынан тұратын, тұрақты әрекет ететін ұжымдық шарттық комиссия жүзеге асырады.

Тараптар жыл сайын жұмыскерлердің жиналысында (конференцияларда) алынған міндеттемелерді орындау туралы есеп береді.

Тоқсан сайынғы негізінде әлеуметтік-еңбек шиеленістерінің мониторингі жүргізіледі. 2015 жылы Компанияда және оның еншілес ұйымдарында соңғылар тіркелмеген.

Компанияның және ЕҰ Ұжымдық шарттарда, ішкі құжаттарда белгіленген әлеуметтік құқықтар мен кепілдіктер толық көлемінде орындалады.

2015 жылы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының өзгеруімен байланысты (өзгерістер 2016 жылғы 1 қаңтардан күшіне енді) еншілес ұйымдардың еңбек ұжымдарында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар, медиация құралдарын (даулар мен шиеленістерді сотқа дейін шешу) қолдануды насихаттау тұрақты негізінде жүзеге асырылады. 2015 жылы «Самрұқ-Қазына» АҚ Медиаторларының пулына «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ-нан Қасымова Ж. А. («С. М. Киров атындағы зауыт» АҚ жұмыскері», Петропавл қ.) есепке қосылды, Компанияның Әкімшілік департаментінің бас менеджері Кизиева Ш. Н. «Әлеуметтік-еңбек қарым-қатынастардағы медиация» тақырыбы бойынша білім алды.

Компанияның демеушілік және қайырымдылық көмегі

2015 жылы осы бағытты іске асыру шеңберінде, Ұйымда есепте тұрған зейнеткерлерді және Ұлы Отан соғысының ардагерлерін және оларға теңестірілген тұлғаларды қолдау бабы, сондай-ақ «Мектепке жол» акциясы бойынша - қайырымдылық көмектің жалпы шоғырландырылған көлемі 23 255 000 теңге құрады.

Компанияның кадр саясаты

Компаниялар тобындағы табыстың басты факторларының бірі кадр әлеуеті болып табылады. Адами ресурстарды бұдан әрі табысты басқару және дамыту үшін, тиімді ұйымдастырушылық құрылым жасалды.

Біліктілік талаптарға сай келетін және қажетті білімдері, дағдылары, іскерлік және жеке қасиеттерге ие мамандарды іріктеп алу уақтылы және жүйелі жүзеге асырылады.

Жұмыскерлерді ынталандыру және көтермелеу шеңберінде жоғары тиімді жұмыскерлерді тарту және ұстау, сондай-ақ жұмыскерлердің білімдері мен дағдыларының деңгейін арттыру бойынша жұмыс тұрақты негізінде жүргізіледі.

Компанияның кадр саясаты Компанияның және Компанияның еншілес ұйымдарының ең жақсы корпоративтік тәжірибесінің шеңберінде персоналмен жұмыс істеуде бірыңғай тәсілдерді қамтамасыз етуді көздейтін, күшті корпоративтік мәдениетпен Компанияның 2013–2022 жылдарға арналған Даму стратегиясын іске асыру тиімді кадрдың ілесуіне бағдарланған.

Компанияның Кадр саясатының негізгі мақсаты максималды пайда алуға және экономикалық ынталарда және әлеуметтік кепілдіктерде базаланатын, бәсекеге қабілетті ортада көшбасшылықты қамтамасыз етуге бағытталған және жұмыс берушінің, солай жұмыскердің мүдделерінің үйлесімді бірігуіне және олардың қарым-қатынастарының Компанияның игілігіне дамуына ықпал ететін, Компанияның адами ресурстарын басқару жүйесін жасау жолымен персоналды басқарудың тиімділігін арттыру болып табылады.

Персоналды басқару жүйесі адами ресурстарды тиімді және негізді жоспарлауда, қазіргі заманғы HR-технологияларды және тиімді өнідірісті қамтамасыз етуге және жоғары кәсіби деңгейде стратегиялық міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін тиімді ынталандыру тетіктерді пайдалануда негізделді.

Компанияның Кадр саясатын іске асыру бойынша негізгі тұжырымдамалық міндеттері мынадан тұрады:

- Компания және Компанияның еншілес ұйымдары бойынша бірыңғай форматта кадр саясатын іске асыруды қамтамасыз ету;

- кәсіби стандарттарды әзірлеу және енгізу бойынша жобаны бұдан әрі жылжыту, олар ұстауға және еңбек талаптарына, әртүрлі біліктілік деңгейлер бойынша жұмыскерлердің біліктілігі мен құзыреттілігіне талаптарды белгілейді;

- бизнес-бағыттар қажеттілігінің есебімен кадр ресурстарын жоспарлау, оларды тиімді орналастыру және тиімді пайдалану жүйесін бұдан әрі дамыту;

- үзіліссіз білім берудің корпоративтік жүйесін дамыту, кәсіби стандарттарының негізінде корпоративтік оқыту жүйесін жетілдіру негізінде Компания және Компанияның еншілес ұйымдары жұмыскерлерінің кәсіпқойлығын арттыру;

- еңбекті төлеу жүйесін орындалатын жұмыстардың қиындығына және деңгейіне сәйкес келтіру;

- Компания және Компанияның еншілес ұйымдары жұмыскерлерін әлеуметтік қорғауды және еңбек жағдайларын арттыруды қамтамасыз ету.

Қойылған міндеттерді іске асыру бизнестің қажеттеліктеріне және қолданыстағы заңнаманың талаптарына және еңбек нарығының жай-күйіне сәйкес сандық және сапалық құрамын жаңарту және келтіру процесстерінің оңтайлы балансын қамтамасыз етуге тиіс.

Дуальды білім беру жүйесін енгізу бойынша сынақ алаңдары ретінде белгіленген ұйымдардың санына Компаниядан эксперимент режимінде төрт кәсіпорын кірді: «ПАМЖЗ» АҚ, «Тыныс» АҚ,

«811 автожөндеу зауыты ҚИ» АҚ және «Семей инжиниринг» АҚ.

Жазылғанмен қатар, Үкіметтің 2014 жылғы 15 қазандағы № 1093 қаулысымен жарияланған Дуальды білім беру жүйесінің жол картасы елдің басқа өнеркәсіптік кәсіпорындарын дуальды білім беру нысанымен қамту саласын жыл сайын кеңейтуді көздейді. Компания 2 062 адам жалпы кадр әлеуетімен Компанияның 5 басқа еншілес кәсіпорындарында дуальды білім беру жүйесінің элементтерін енгізуге даярлық жұмыстарды жүзеге асырады.

Жеке алғанда, «Зенит» Орал зауыты» АҚ кеме жасау өнімдерін шығару бойынша, «С. М. Киров атындағы зауыт» АҚ, темір жол автоматика, телемеханика, байланыс құралдарды және темір жол көлігі, мұнай газ кешені үшін қауіпсіздік жүйелерді және цифрлық теледидар үшін жабдықтарды өндіру бойынша кәсіпорын - «Семей машина жасау зауыты» АҚ, оның қызметінің негізгі түрі машина жасау болып табылады, «Мұнаймаш» АҚ, ол 2012 жылдан бастап «Өнімділік -2020» мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде мұнай өнеркәсібі үшін бұйымдарды өндіру бойынша бірегей инновациялық жобаны табысты іске асыруда, «Гидроқұрал» ҒЗИ» АҚ.

Жоғарыда көрсетілген төрт кәсіпорында дуальды білім беру мына ең аса талап етілген мамандықтар бойынша енгізілуде: «Машина жасау технологиясы», «Токарь», «Слесарь», «Фрезерші», «Механикалық өңдеу», «Мехатроника», «Өнеркәсіптегі бақылау-өлшеу құралдары мен автоматика», «Полимерлік өндірістің технологиясы», «Дәнекерлеу ісі», «Электр және электр механикалық жабдықтар», «Электрмен-газбен дәнекерлеуші», «Күштік желілер және электр жабдықтар бойынша электр монтажшы», «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану».

Серіктес-оқу орындарының оқушылары жоғары білікті мамандардың ішінен жетекші инструктор тағайындаумен өндірістік және технологияқ тәжірибе өтеді, арнаулы пән оқытушылары және өндірістік білім беру шеберлері үшін кәсіби біліктілікті арттыру курстарды ұйымдастырылады.

«Тыныс» АҚ өндірістік тәжірибенің ұзақтылығы 1 ай құрайды, «ПАТЖЗ» — 1 айдан 2 айға дейін, «811 автожөндеу зауыты ҚИ» — 3 ай, «Семей инжиниринг» АҚ — 1 айдан 3 айға дейін.

Өндірістік білім беру инструкторларының саны «Тыныс» АҚ — 4 адам, ПАМШЗ — 15 адам, «811 автожөндеу зауыты ҚИ» АҚ және «Семей инжиниринг» АҚ келген оқушылардың нақты саны бойынша.

2015 жылы Компаниямен елдің жетекші политехникалық ЖОО ынтымақтастық орнату бойынша жұмыс жүргізілді, Қ. Сәтпаев Атындағы ҚҰИТУ жіне Қарағанды мемлекеттік техникалық университетімен меморандумдар жасады. Меморандумдарды және Мемлекеттік индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасын (МҮИИДБ-2) іске асыру шеңберінде Компанияның еншілес ұйымдарының 14 жұмыскері «Машина жасау» мамандығы бойынша оқу үшін мемлекеттік білім беру гранттарына ие болды.

Сонымен қатар үлкен сынып оқушыларымен кәсіптік бағдар жұмысын жүргізу мақсатында Назарбаев зияткерлік мектебімен өзара әрекет ету жүзеге асырылды.

Дуальдық білім беру жүйесін енгізу бойынша табысты мысалдар Компанияның және оның еншілес ұйымдарының веб-ресурстарында жарық көреді.



Еңбекті қорғау және қауіпсіздігі. Қоршаған ортаны қорғау

Компания өндірісті еңбек қауіпсіздігін арттыру бойынша жүйелі шаралар өткізеді. Компанияның еншілес ұйымдары өздеріне алынған міндеттемелерді орындайды, оның ішінде:

- Күзгі-қысқы кезеңде жұмыс орындарында тиісті температураны қамтамасыз ету. Цехтер мен бөлімдерді күзгі-қысқы кезеңге даярлау бойынша іс-шаралар жоспар-кестеге келісімді жыл сайын 1 қазаннан бастап орындалады;

- Жұмыс орындарының жеткілікті жарықтандырылуын қамтамасыз ету;

- Өндірістік жарақаттанудың себептерін талдау және оның алдын алу бойынша шаралар қолдану;

- профилактикалық медициналық қарау өткізу;

- еншілес ұйымдардың жұмыскерлеріне арнаулы киім, аяқ киім, дара қорғау құралдарын беру;

- Зиян еңбек жағдайларымен байланысты жұмыс орындарында белгіленген нормалар бойынша сүт және басқа да тағамдық азық-түлікті беру;

- Жұмыскерлердің олармен еңбек міндеттерін орындаған кезде өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін жауапкершілікті сақтау;

- Еңбекті қорғау талаптарын сақтауды тұрақты бақылау;

- цехтерді, медпункттерді зауыт жұмыскерлеріне шұғыл жәрдем көрсету үшін қажетті медикаменттермен қамтамасыз ету;

- қоршаған ортаны ластау көздерін тоқсан сайын түгендеу және экологиялық жағдайды жақсарту бойынша шаралар қолдану.

Компанияның еншілес ұйымдарымен өнімнің жаңа түрлерін игеру, өнімділікті көбейту, өндірісті әртараптандыру, энергиялық тиімділігін арттыру, энергия үнемдеуді дамыту үшін, оларды жаңғырту жоспарларын әзірлеу бойынша жұмыс жүргізілуде.

Есептік кезеңде өндірістегі жазатайым оқиғалар тіркелген жоқ. Компания келешекте бұндай ахуалдарды болдырмау үшін барлық қажетті алдын алу шараларын қолданады.

Экологиялық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде негізгі міндеттер

Экологиялық тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде негізгі міндеттер:

- қоршаған ортаға ұқыпты қарау;
- еншілес ұйымдардың жұмыскерлері үшін қолайлы, пайдалы және қауіпсіз жағдай жасау, өндірістік жарақаттану мен аурудың алдын алу;
- еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік саласында нормалар мен стандарттарды сақтау;
- қызметтің энергиялық тиімділігін арттыру;
- есептілік жүйесін енгізу болып табылады.

Экологиялық тұрақтылыққа бизнестің экологиялық сипаттамаларын жақсартуға инвестициялау арқылы жетеді.

Компания қоршаған ортаға максималды ұқыпты қарау қағидасын сақтауға және табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға тырысады, қоршаған ортаға теріс әсерлердің алдын алуға ықпал етеді, қоршаған ортаның жай-күйі үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамашылықтарды қолданады, экологиялық тұрғыда таза және энергия үнемдейтін технологияларды дамытуға және таратуға, экологиялық мониторинг жүргізуге және экологиялық ақпаратты ашық ұсынуға көмек көрсетеді. 2015 жылы Компанияның ЕТҰ экологиялық қауіпсіздік бойынша бұзышылықтары анықталған жоқ.

Экологиялық менеджментінің жүйесіне:

- қоршаған орта, денсаулық және қауіпсіздік үшін олардың қызметтерінің салдарына қатысты барабар және қазіргі заманғы ақпаратты жинау және бағалау;
- экологиялық көрсеткіштерді жақсарту және ресурстарды тиімді пайдалану бойынша өлшенетін мақсаттарды белгілеу;
- жүйелі мониторинг және қоршаған ортаны, денсаулық пен қауіпсіздікті қорғау бойынша мақсаттарға жету бойынша прогрессті тексеру кіреді.

Аса назар энергиялық тиімділігі арттыруға, ресурстарды сақтауға және Компанияның кәсіпорындарында энергияның баламалы көздерін пайдалануға, персоналдың қауіпсіз тәртібінің мәдениетін арттыруға және өндірісте қауіпсіздік техниканы сақтауға қойылады.





KAZAKHSTAN ENGINEERING
NATIONAL COMPANY

КОМПАНИЯНЫҢ БАСТЫ ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ





«Тыныс» АҚ

«Тыныс» АҚ, бұрын Оттегі-демалу аппаратурасының зауыты ретінде белгілі, 1959 жылы құрылды. Бұрын «Наука» Агрегаттық зауыттың, Мәскеу қ., «Звезда» машина жасау зауыттың, Томилино қ., Конструкторлық бюросымен, А. И. Микоян атындағы машина жасау зауыттың КБ, Мәскеу қ., әзірленген, авиациялық бұйымдардың 45 атауын шығару бойынша жалғыз кәсіпорын (калька ұстаушы) болып табылады.

2005 жылдың қорытындысы бойынша «Тыныс» АҚ «Сапа саласындағы жетістіктері үшін» Қазақстан Республикасы Үкіметінің сыйлығына ие болды.

«Тыныс» АҚ өндірістік қуаттары:

- әртүрлі қорғау топтарының құрышпен қапталған жилеттерін өндіруге — жылына 12000 толым;
- ПЭ-тұрбаларды өндіруге — жылына 12000 т;
- ерт сәндіргіштерді өндіруге — жылына 25000 дана;
- газ шығаратын модельдер бойынша құюға — жылына 1000;
- геотоқыманы өндіруге — жылына 500 т;
- әр түрлі авиатехникаға арналған мамандандырылған бұйымдарды өндіруге бағдарланған - жылына 1000 толымға дейін .

Өндірісті ұйымдастыру үшін барлық қажетті лицензиялар мен сертификаттар бар. ISO9001:2008 сапа менеджментінің жүйесі енгізілді және қызмет етеді.

Атауы	Өндіріс көлемі (мың теңге)	Табыстар. БАРЛЫҒЫ (мың теңге)	оның ішінде:	Қорытынды пайда (мың теңге)	Еңбек өнімділігі, мың теңге /адам
			Өнімді сатудан табыс (мың теңге)		
2012 ж. факті	4 652 426	4 823 054	4 660 940	658 668	7 202
2013 ж. факті	5 583 012	5 839 329	5 771 931	528 255	8 198
2014 ж. факті	6 673 160	6 785 308	6 671 712	688 691	8 278
2015 ж. факті	4 937 954	5 650 098	5 000 989	497 603	6 470



«Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ

«Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ мұнай газ, энергетика және темір жол жабдықтардың жетекші қазақстандық өндірушісі болып табылады және машина жасауда бұл өнімдерді шығару үшін қажетті, барлық технологиялық қайта қорытудың болуымен көп профильді өндірістік қуаттарға ие. 2011 жылы «Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ бірінші өнімді шығарудың 50 жылдық мерейтойын атап өтті.

2015 жылы «Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ ірі кәсіпкерлік субъектісі санатында өндірістік мақсаттағы ең жақсы кәсіпорын ретінде, «Алтын сапа» Қазақстан Республикасы Президентінің Сыйлығына ие болды.

«Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ 30 жыл ішінде ҚСРО Қорғаныс өнеркәсібі министрлігіне кірді.

«Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ құрамында 19 өндірістік цехтер мен учаскелер бар, оларда 2000 бірлік технологиялық жабдықтар жұмыс істейді, конструкторлық-технологиялық орталық бар, онда 100-ден астам білікті инженерлер мен конструкторлар жұмыс істейді. Мұнай өндіру техникасының 11 бұйымы, мұнай химия жабдықтарының 40 астам түрі, сондай-ақ энергетикалық және химиялық кешендеріне арналған гамма-өнімдер әзірленді және өндіріске қойылды,

«Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ мұнай газ жабдықтардың, мұнай газ өңдеуге, энергетикалық және химиялық өндіріске арналған жабдықтардың, тімр жол жабдықтарының, арнаулы өнімдердің өндірісі реттелген.

«Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ өндірістік қуаттары:

- жүк көтерімділігі 125 т модульдік типті мобильді бұрғылау қондырғыларды — жылына 5 дана;
- автомобиль шассиінде жүк көтерімділігі 40 т. 100 т дейін АПРС және ПАП типті мұнай газ ұңғымаларын күрделі және жер асты жөндеуге арналған көтергіш қондырғыларды, жүк көтерімділігі 40 т трактор көтергіштерді — жылына 50 дана;
- Сағатына 1600 кг дейін өнімділігімен, 10 Мпа қысыммен АС-204 бу қондырғысымен арнаулы автомобильдерді және 50 Мпа дейін қысымымен АСЦ (АСЦ— 500, АСЦ— 320) типті цементтегіш агрегаттарды — жылына 50 дана;
- 10 м3 және 12 м3көлемімен автоцистерналарды — жылына 50 дана;
- АСР арнаулы жөндеу агрегаттары — жылына 50 дана;
- АСК–500 оттегі агрегаттарын — жылына 30 дана;
- ұңғымаларын күрделі және жер асты жөндеу жүргізуге арналған құрал-саймандарды — жылына 3 000 дана;
- жылу алмастырғыштарды, құбыр шоқтарды, ауа салқандатқыш аппараттарына секцияларды, ребойлерді, айырғыштарды — жылына 100 дана;
- темір жол жолдарының жоғарғы құрылысын жөндеуге арналған жол құрал-саймандарын, шпал шегелейтін блоктарды — жылына 2 000 дана;
- «Кең спектр» бір дүркін атыстың ракеттік жүйесін (навигацияның серік жүйесімен бір дүркін

атыстың қазіргі заманғы мобильді көп функционалды компьютерленген ракета жүйесі);

- 40 км дейін және 150 км дейін қашықтықтарда «Кең спектр» БДАРЖ атысы үшін жоғары дәлді ракеталарды өндіру орындалатын жауынгерлік міндеттердің шеберін маңызды кеңейтуге мүмкіндік береді;

- ЗУ-23-2 жаңартылған 23 мм қосарланған зениттік қондырғыны (6000 м дейін қашықтықтарда тәулік бойы әуе арқылы шабуыл жасау тұрпатты құралдарымен күресуге арналған, «Игла— С» типті зениттік ракеталарды автоматтандырылған түрле жалғыз және жүйелі қосу);

- «Стрела-10М» жаңартылған зениттік-ракеталық кешенді (соғыстың жылжымалы нысандарында және маршта объектілерді және әскерді оптикалық және жылу кедергілерін қою жағдайларында күндіз және түнде әуеден шабуыл жасаудың қазіргі заманы құралдарының соққысынан тікелей қорғауға арналған);

- «Ночь-12» күзету техникалық құралдардың жүйелерін (2,4 км астам емес периметрімен қойма құрылыстары мен арнаулы объектілер типті күзетілетін объектілерді жабдықтауға арналған) өндіруге бағдарланды.

Өндірісті ұйымдастыру үшін барлық қажетті лицензиялар мен сертификаттар бар. ISO9001:2008 сапа менеджментінің жүйесі енгізілді және қызмет етеді.

Атауы	Өндіріс көлемі (мың теңге)	Табыстар. БАРЛЫҒЫ (мың теңге)	оның ішінде:	Қорытынды пайда (мың теңге)	Еңбек өнімділігі, мың теңге /адам
			Өнімді сатудан табыс (мың теңге)		
2012 ж. факті	5 108 200	5 737 000	5 670 365	229 425	4 493
2013 ж. факті	5 570 012	5 674 835	5 597 850	326 671	4 843
2014 ж. факті	4 400 002	4 093 534	4 015 158	136 408	3 721
2015 ж. факті	4 081 934	4 050 510	3 863 415	10 846	3 791



«Зенит» Орал зауыты» АҚ

«Зенит» Орал зауыты» АҚ 1941 жылы Ленинградтан эвакуацияланған «Двигатель» зауытының базасында құрылды. Соғыс кезінде зауыт арнаулы әскери-теңіз қару-жарақтарды шығарды. Қазақстан кәсіпорындарының арасында жалғыз, «Зенит» Орал зауыты» АҚ Ұлы Отан Соғысы жылдарындағы армия мен флоты қамтамасыз етудегі қызметтері үшін, бірінші дәрежелі Отан соғысы орденімен марапатталды.

«Зенит» Орал зауыты» АҚ қызметінің негізгі түрлері катерлер мен кемелерді жасау болып табылады, ол Қазақстан Республикасында өнеркәсіптің жаңа саласының – 1993 жылдан бастап кеме жасаудың туындауының басы болды. Бұл зауытта тиісті техникалық және өндірістік мүмкіндіктердің, зияткерлік және кадрлық әлеуеттің болуының арқасында мүмкін болды. Осы уақытта 240 тоннаға дейін су сыйымдылығымен катерлер мен кемелердің сериялық өндірісі игерілді.

Шығарылатын өнім:

- кеме жасау;
- мұнай газ кешеніне арналған өнім родукция;
- өзге азаматтық өнім.

Келешекте сонымен қатар, 600 тоннаға дейін құрғақ салмағымен мамандандырылған теңіз кемелерін шығару жоспарлануда (көп функционалды қамтамасыз ету кемелері, жүзетін зертханалар, таяз шөгүмен буксирлер, вахта ауысымының жеткізу кемесі, іздестіру-құтқару және өрт кемелері).

Өндірісті ұйымдастыру үшін барлық қажетті лицензиялар мен сертификаттар бар.

ISO9001: 2008 сапа менеджментінің жүйесі енгізілді және қызмет етеді.

Атауы	Өндіріс көлемі (мың теңге)	Табыстар. БАРЛЫҒЫ (мың теңге)	оның ішінде:	Қорытынды пайда (мың теңге)	Еңбек өнімділігі, мың теңге /адам
			Өнімді сатудан табыс (мың теңге)		
2012 ж. факті	4 682 732	6 758 734	6 741 681	549 164	5 135
2013 ж. факті	5 223 529	5 243 294	5 224 778	332 406	5 528
2014 ж. факті	5 292 991	5 336 215	5 281 358	317 725	5 823
2015 ж. факті	3 237 530	3 363 023	3 247 745	140 891	3 653

«Мұнаймаш» АҚ



«Мұнаймаш» АҚ Петропавл қ. 1941 ж. қарашада эвакуацияланған «Красный гидропресс» Таганрог зауытының базасында құрылды.

«Мұнаймаш» АҚ мұнай газ кешеннің өнімдерін шағыаруда мамандандырылады (терең штангтік сорғыларды және оларға құрауыштарды — жылына 7 500 бір.). Өнім түпнұсқалық технология бойынша өндіріледі және жоғары дәлдікке, жемір сұйық және газ орталарға қоррозияға қарсы тұрақтылығына, жоғары тозуға тұрақтылығына ие. Эксплуатациялық-техникалық сипаттамалар бойынша сорғылар ең жақсы дүниежүзілік үлгілердің деңгейінде тұр. Өндіріске арналған өнім ұқсас бұйымдарды пайдалану процессінде тұжырымдаған, мұнай өндіретін кәсіпорындардың талаптарының есебімен әзірленеді және тапсырыс берушінің талаптарының есебімен қосымша жұмыс істеуі мүмкін болады.

«Мұнай өнеркәсібі бұйымдарының механикалық өңдегіш өндіріс жаңғырту» инвестициялық жобаны іске асыру шеңберінде инвестициялар ретінде мемлекеттік қолау нысанындағы қаражат тартылды: «Өнімділік — 2020» бағдарламасында қатысу арқылы ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыру.

Кең ауқымды жаңғырту жүргізілді, «НакамураТоми» (Жапония) өндірісінің ең жаңа металл өңде-

гіш жабдықтары енгізілді және ең жоғары дүниежүзілік стандарттарға сәйке келетін, жобалау және өндірісті басқарудың толассыз автоматтандырылған жүйесі жасалды.

Өндірісті ұйымдастыру үшін барлық қажетті лицензиялар мен сертификаттар бар.
ISO9001:2008 сапа менеджментінің жүйесі енгізілді және қызмет етеді.

Атауы	Өндіріс көлемі (мың теңге)	Табыстар. БАРЛЫҒЫ (мың теңге)	оның ішінде:	Қорытынды пайда (мың теңге)	Еңбек өнімділігі, мың теңге /адам
			Өнімді сатудан табыс (мың теңге)		
2012 ж. факті	1 685 834	2 407 746	1 669 931	80 877	12 925
2013 ж. факті	2 357 027	3 213 835	3 174 628	183 740	15 109
2014 ж. факті	2 790 259	3 472 059	3 193 291	210 307	20 211
2015 ж. факті	2 250 912	2 394 351	2 351 261	148 184	15 469

«ҚазИнж Электроникс» АҚ



«ҚазИнж Электроникс» АҚ (бұрын — Қазақстан Республикасының Ұлттық радиоэлектроника және байланыс орталығы) «Сары-Шаған» полигонының ғылыми-техникалық кешенінің, сондай-ақ радиотехникалық профильді кәсіпорындар мен ұйымдардың базасында 1994 жылы құрылды.

«ҚазИнж Электроникс» АҚ қызметінің негізгі түрлері қару-жарақты, әскери және арнаулы техниканы жаңғырту және күрделі жөндеу, қазіргі заманғы байланыс құралдарын және радиоэлектроника бұйымдарын өндіру, компьютерлік жабдықтардың құрастырма өндірісі болып табылады.

Өндірісті ұйымдастыру үшін барлық қажетті лицензиялар мен сертификаттар бар.
ISO9001:2008 сапа менеджментінің жүйесі енгізілді және қызмет етеді.

Атауы	Өндіріс көлемі (мың теңге)	Табыстар. БАРЛЫҒЫ (мың теңге)	оның ішінде:	Қорытынды пайда (мың теңге)	Еңбек өнімділігі, мың теңге /адам
			Өнімді сатудан табыс (мың теңге)		
2012 ж. факті	2 447 489	2 326 995	2 326 242	5 172	24 974
2013 ж. факті	1 789 390	1 842 440	1 789 391	5 451	12 601
2014 ж. факті	643 116	689 187	643 117	9 830	8 462
2015 ж. факті	780 170	804 866	760 014	61 973	15 834



«С. М. Киров атындағы зауыт» АҚ

«С. М. Киров ат. зауыт» АҚ радиоаппаратураның өндүрі манмандануымен 1928 жылы құрылды. Зауыт 1941 жылы Петропавл қ. эвакуацияланды.

«С. М. Киров ат. зауыт» АҚ негізгі қызметі байланыс құралдарын, темір жол автоматиканы, Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мұқтаждықтары үшін қауіпсіздік жүйелерді, темір жол көлікті, мұнай газ кешенді, цифрлық теледидарға арналған техникалық құралдарды және арнаулы құралдарды жобалау және өндіру, монтаж, қосу-күйне келтіру жұмыстары, сервистік қызмет көрсету және жөндеу болып табылады.

«С. М. Киров ат. зауыт» АҚ өндірістік қуаттары:

- электр техникалық өнімдерді, темір жол және мұнай газ салалары үшін қауіпсіздік жүйелері мен автоматиканы өндіруге (КЛУБ-У кешенді локомотивтік қауіпсіздік құрылғылары, РВС— 1 локомотивтік радиостанциялар, әр түрлі мұнай тартқыштарды басқару блоктары) — жылына 2 000 дана;

- цифрлық теледидарды ұйымдастырудың техникалық құралдарды өндіруге бағдарланды («Отау» серік телевизиялық приставкалары) — жылына 1 000 000 дана.

Өндірісті ұйымдастыру үшін барлық қажетті лицензиялар мен сертификаттар бар.

ISO9001:2008 сапа менеджментінің жүйесі енгізілді және қызмет етеді.

Атауы	Өндіріс көлемі (мың теңге)	Табыстар. БАРЛЫҒЫ (мың теңге)	оның ішінде:	Қорытынды пайда (мың теңге)	Еңбек өнімділігі, мың теңге /адам
			Өнімді сатудан табыс (мың теңге)		
2012 ж. факті	6 504 981	6 166 916	6 114 875	329 317	10 164
2013 ж. факті	8 520 237	8 295 669	8 249 825	473 577	12 456
2014 ж. факті	6 709 207	6 987 225	6 944 772	405 708	11 711
2015 ж. факті	6 734 048	6 928 934	5 980 459	715 600	10 223



«С. М. Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ

«С. М. Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ Махачкала қ. жанынан эвакуацияланған № 182 зауыттың (қазір «Дагдизель» зауыты) базасында 1942 жылы құрылды.

«С. М. Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ өндірістік қуаттары:

- жылу қозғалтқыштарымен торпедоларды жаңғыртуға, қайта қалпына келтіру бойынша жөндеуге (53— 65К, С2510, Е274 бұйымдары және олардың түрлері) — жылына 100 дана;
- кеме қазандықтарының жану кеме гидравликасы мен автоматикасын өндіру (мікбас және мембрандық пневматикалық гидроаккумуляторлар, электр магниттік және қолмен жүргізетін гидробөлгіштер, қақпақтық ауыстырып-қосқыштар және басқа) — жылына шартты гидравликаның 4–5 толымы (4–5 кем, қайықтар); жылына жану автоматикасының 1–2 толымы (жылына 1–2 кемені толымдау). Шағын кеме гидравликасының бұйымдарын өндіру бойынша жылына — 2400 бір., ірі кеме гидравликасының бұйымдарын өндіру бойынша жылына — 1200 бір. дейін;
- темір жол саласы үшін қосалқы бөлшектерді, тау өңдеу өнеркәсібі және мұнай газ кешені үшін бұйымдарды өндіру; ақшалай шамада жылына 250 –ден 1000 млн теңгеге дейін;
- жалпы өнеркәсіптік маңыздағы машина жасау өнімдерді өндіру (әртүрлі құю түрлері, металл конструкциялар, жылумен өңдеу, гальваника:
 - түсті құю бойынша — жылына 300 т дейін;
 - болат құю бойынша — жылына 300 т дейін;
 - шойын құю бойынша — жылына 160 т дейін;
 - қорытылатын модельдер бойынша құю бойынша — жылына 100 т дейін;
 - шыңдалған болат темір бойынша — жылына 250 т дейін;
 - болат қалыптау бойынша — жылына 250 т дейін бағдарланды.

Аккредитацияланған санитарлық-өнеркәсіптік және метрологиялық зертханасы, сынау орталығы, конструкторлық-технологиялық бюросы бар.

Өндірісті ұйымдастыру үшін барлық қажетті лицензиялар мен сертификаттар бар.

ISO9001:2008 сапа менеджментінің жүйесі енгізілді және қызмет етеді.

Атауы	Өндіріс көлемі (мың теңге)	Табыстар. БАРЛЫҒЫ (мың теңге)	оның ішінде:		Еңбек өнімділігі, мың теңге /адам
			Өнімді сатудан табыс (мың теңге)	Қорытынды пайда (мың теңге)	
2012 ж. факті	740 750	747 057	564 964	(311 192)	2 218
2013 ж. факті	527 526	881 798	806 097	(333 204)	1 570
2014 ж. факті	505 331	651 474	482 234	(433 981)	1 899
2015 ж. факті	528 079	646 989	476 151	(213 545)	1 928



«Гидроқұрал» FZI» АҚ

«Гидроқұрал» Ғылыми-зерттеу институты» АҚ іздестіру, апаттық-құтқару және арнаулы су асты-техникалық жұмыстарды жүргізу үшін су асты қолданудың робот техникалық құралдарын зерттеу, әзірлеу және өндіру үшін, ҚСРО Кеме жасау өнеркәсібі министрлігінің «Гидроприбор» Ленинградтық орталық Ғылыми-зерттеу институтының Орал филиалы ретінде К. Е. Ворошилов атындағы машина жасау зауытының арнаулы конструкторлық бюросының базасында Орал қаласында 1972 жылы құрылды.

Қазіргі уақытта «Гидроқұрал» FZI» АҚ қызметінің негізгі бағыттары кеме жасау, мобильді робот техникасы саласындағы зерттеулерде, жобалауда, өндірісте және инжинирингте, сондай-ақ мұна газ секторы үшін жабдықтарды өндіруде жұмылдырылған.

Осы жұмыстарды орындау үшін, «Гидроқұрал» FZI» АҚ өндірісті ұйымдастыру үшін барлық қажетті лицензиялары мен сертификаттары бар.

Сонымен қатар 39 ХҚЕС «Қаржы құралдарды: тану және бағалау» қолданылу мақсаты Топ үлесінің қатнастарының құнсыздануын мойындауын қажет етеді. Қажеттілікке байланысты жалпы инвестициялық баланс (гудвилды қосқанда) 36 ХҚЕС «Активтердің құнсыздануы» жеке актив ретінде оның құн өлшемін салыстыру арқылы тестіленеді. Инвестицияның баланстық құнына гудвилды қосқанда құнсызданудан пайда болған залал қандайда активке жатады. Мұндай құнсызданудан пайда болған залалды қайта қалпына келтіру 36 ХҚЕС «Активтермен қамтамасыз ету» егер инвестицияның балансының құны жоғарылай түсетін болса. Осындай зиянды құнсыздандырудан кез келген қалпына келтіру егер инвестициялардың баланстық құны салдарынан өсетін болса, «Активтердің құнсыздануы» 36 МБСУ сәйкес танылады.

Топтың осы ұйымдар шығынындағы үлесі Топтың осы ұйымдардағы иелік ету үлесінен (Топтың ұйымдағы таза инвестицияларының бөлігін қамтитын кез келген ұзақ мерзімді иелік ету үлестері) асып кеткен жағдайда, Топ ары қарайғы шығындардағы өз үлесін тануды тоқтатады. Бірлесіп бақыланатын ұйымдар ретінде екі немесе одан да көп тараптар бірлесе бақыланатын экономикалық қызметті жүзеге асырушы шарттық келісім түсініледі. Қауымдасқан/бірлескен-бақыланатын кәсіпорындарға құйылатын инвестициялар сатып алу құны бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрініс табады: плюс — сатып алғаннан кейін қауымдасқан/бірлескен бақыланатын ұйымдардың таза активтеріндегі Топ үлесінің өзгерісі, минус - құнсыздануы. Топтың осы ұйымдар шығынындағы үлесі Топтың осы ұйымдардағы иелік ету үлесінен (Топтың ұйымдағы таза инвестицияларының бөлігін қамтитын кез келген ұзақ мерзімді иелік ету үлестері) асып кеткен жағдайда, Топ ары қарайғы шығындардағы өз үлесін тануды тоқтатады. Қауымдасқан/бірлескен-бақыланатын ұйымдардың пайдалары мен шығындарындағы Топ үлесі Топтың жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есебінде көрініс табады.

Егер, тәуелді кәсіпорындарының инвестициялары бірлескен инвестицияға айналса, немесе бірлескен инвестиция тәуелді кәсіпорындардың инвестицияларына айналса, онда Топ қайта құнды қарастырмай іскерлік әдісті қолдануды жалғастырады.

Егер, Топтың үлесі тәуелді және бірлескен кәсіпорында төмендейтін болса, онда Топ іскерлік әдісті қолдануды жалғастырады. Топ табыс және шығыстың арнайы бір бөлігін актив немесе міндеттемер бойынша классификация бойынша бөледі. Бірақ топ үлестік қатысу әдісін қолдануды жалғастырады, Топ тиісті активтер немесе міндеттемелер есептен шығарылған кезде шығын немесе пайданың құрамында осы табыс немесе шығын қайта жіктелуі үшін иеліктегі үлесте осы азаюымен байланысты өзге жиынтық табыс құрамында жіктеледі.

Табыс және шығыс, Топтың және оның тәуелді немесе бірлескен кәсіпорындар нәтижесінде пайда болады, шоғырландырылған есептілікті Топ тәуелді және бірлескен кәсіпорын үлесі болмаса ғана мойындайды.

Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер

Ұзақ мерзімді активтің (немесе шығаруға арналған топтың) қаржылық жағдай есебі құнының оны пайдалануды жалғастыра беруінен емес, негізінен сату есебінен толтырылса, ұйым оны сатуға арналған ретінде жіктеуі тиіс. Ол үшін актив (немесе шығаруға арналған топ) қазіргі күйіндегі осындай активтер (немесе шығаруға арналған топтар) дереу сату үшін қолда бар және оны сатқан-

да қоса жүретін әдеттегі талаптармен болуы тиіс, және де сату ықтималдығы жоғары болуы тиіс. Басшылық сатуға арналған жіктелген активті бір жыл ішінде сатуды аяқтауы қажет.

Еншілес ұйымды басқарудан айырумен бірге жүретін сату жоспарына енгізілген ұйым, ұйым өзінің бұрынғы еншілес ұйымындағы басқарылмайтын пайызын сатылғаннан кейін сақтау-сақтамауына қарамастан, жоғарыда баяндалған талаптар орындалғанда, барлық активтерін және міндеттемелерін сатуға арналған ретінде жіктеуі тиіс.

Егер Топ тәуелді және бірлескен кәсіпорындарға салынған үлесті немесе үлес бөлігін сатуға жорамалданған жоспарды ұстанса, сатылатын үлес немесе оның бөлігі жоғарыдағы сәйкес сатуға арналған деп топтастырылады, және Топ сатуға арналған ретінде жіктелген үлес бөлігі бойынша өзінің үлес тәсілін қолдануды тоқтатады. Тәуелді және бірлескен кәсіпорындар қалған сатуға арналған үлес бөлігі қайта топтастырылмайды және іскерлік қатысу әдісі бойынша көрсетіледі. тәуелді және бірлескен кәсіпорындарға Топтың елеулі әсері жойылғанда Топ іскерлік қатысу әдісін қолдануды тоқтатады.

Топ шыққаннан кейін қалған қатысу үлесі бұрынғы тәуелді және бірлескен кәсіпорындарда ХҚЕС 39 сәйкес келеді. Егер кәсіпорын тәуелді және бірлескен кәсіпорын болып қалса, Топ іскерлік қатысу әдісін жалғасытырады.

Сатуға арналған ретінде жіктелген ұзақ мерзімді активті (немесе шығаруға арналған топты) сату шығындарын шегере отырып, ең аз қаржылық жағдай есебі немесе әділ құны бойынша бағалауға тиіс.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған амортизация сомасы мен құнсызданудан болған шығындар шегерілгенде, бастапқы құн бойынша көрсетіледі.

2006 жылғы 31 желтоқсанына дейін сатып алынған негізгі құралдар ХҚЕС өту күніне бастапқы құн болып табылатын, тәуелсіз бағалаушы анықтаған әділ құн бойынша көрініс табады. Нақты шығындарға сәйкес активті сатып алумен тікелей байланысты барлық шығындар қосылады.

Ары қарай өндірістік немесе әкімшілік мақсаттарда пайдалану үшін көтерілетін аяқталмаған құрылыс нысандары құнсызданудан болатын кез келген танылған шығындар шегеріліп, құрылыс құны бойынша есепке алынады. Құрылыс құны кәсіби қызметтер құнын, сондай-ақ жіктелетін активтер үшін Топтың есеп саясатына сәйкес капиталданатын қарыздар бойынша шығындарды қамтиды. Негізгі құралдардың мұндай нысандары құрылысты аяқтау немесе мақсатына сай қолдану сәтіне орай, негізгі құралдардың сәйкес санаттарына жатқызылады.

Аталмыш активтер бойынша басқа да жылжымайтын мүлік нысандары бойынша амортизация есептеу, активтердің жоспарланған пайдалануына дайын болған сәтінен басталады.

Амортизация күтілетін пайдалы қолдану мерзімі ішіндегі жойылу құны шегерілгендегі, негізгі құралдардың (жер телімдері мен аяқталмаған құрылыс нысандарын қоспағанда) нақты құнын есептен шығару үшін есептеледі Күтілетін пайдалы қолдану мерзімі, баланстық құн мен амортизацияны есептеу тәсілі әрбір есепті кезеңнің соңында талданады, бұл ретте бағалаудағы барлық өзгерістер салыстырмалы көрсеткіштерді қараусыз, шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрініс табады.

Активтер тобы	Пайдалы қызметтің орташа мерзімі
Ғимараттар мен имараттар	8 - 100 жыл
Машина мен жабдық	3 - 20 жыл
Көлік құралдары	5 - 10 жыл
Өзге активтер	4 - 20 жыл

Қаржылық жалдау шарттары бойынша алынған активтер Топ меншігіндегі активтер секілді, күтілетін пайдалы қызмет ету мерзімі ішінде амортизацияланады. Алайда меншік құқығы жалдау мерзімінің соңында жалдаушыға өтеді деген негізделген сенімділік болмаса, актив жалдау мерзімі және пайдалы қызмет мерзімі екеуінің ішіндегі ең қысқа мерзім ішінде толықтай амортизациялануы тиіс.

Негізгі құралдардың объектісі сатылу жағдайында немесе келешек экономикалық пайданы алуға күтілмейтін активті пайдаланған кезде шығынға жазылады. Сатудан немесе негізгі құралдардың басқа да шығуынан табыс немесе шығын осы объектілердің баланстық құны мен сату бағасы арасындағы айырмашылық ретінде анықталады және шығындар мен табыста танылады.

Материалдық емес активтер

Негізгі құралдар нысаны сатылған кезде немесе активті пайдалануды жалғастырудан болашақта экономикалық пайда алу күтілмеген жағдайда есептен шығарылады. Негізгі құралдар нысанын Сатудан немесе басқалай шығарудан келетін табыс немесе шығын осы нысандардың сатылым бағасы мен баланстық құны арасындағы айырма ретінде анықталып, пайда және шығындарда танылады.

Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануы

Топ әрбір есепті күні материалдық және материалдық емес активтердің баланстық құны құнсыздануы белгілерінің бар жоғын тексереді. Ондай белгілер анықталған жағдайда, құнсызданудан болатын шығын өлшемін анықтау мақсатында сәйкес активтің өтелетін құны есептеледі (егер ондай болса). Өтелетін құн өткізуге кететін шығынды шегергендегі активтің әділ құны мен пайдаланушылық құндылық құнының арасындағы ең үлкен мән ретінде анықталады. Пайдалану құндылығын бағалағанда ақшалай құралдардың күтілетін болашағы осы активке тән уақыт пен тәуекелдердегі ақшалардың ағымдағы нарықтық құнын сипаттайтын салық салуға дейінгі дисконттау коэффициент қолданыла отырып, ағымдағы құнға дейін дисконтталады.

Егер активтің (немесе туынды бірліктің) өтелетін құны оның баланстық құнынан төмен болса, осы активтің (немесе туынды бірліктің) баланстық құны өтелетін сомаға дейін азаяды. Құнсызданудан болатын шығындар пайда мен шығындарда көрініс табады.

Құнсызданудан болған шығындар нәтижесінде қалпына келетін жағдайларда активтің (немесе

туынды бірліктің) баланстық құны оның өтелетін құнын жаңаша бағалау арқылы алынған сомаға дейін ұлғаяды. Бұл былайша көрініс табады: актив (немесе туынды бірлік) бойынша алдыңғы жылдары құнсызданудан болатын шығын көрініс таппағандағы баланстық құннан жаңа баланстық құн аспайтындай болуы тиіс.

Тауарлық- материалдық қорлар

Тауарлық-материалдық қорлар өзіндік құн мен таза өткізу құнының арасындағы ең төменгі мән бойынша көрінеді. Таза өткізу құны аяқтау мен өткізу бойынша болжалды барлық шығындарды шегергендегі тауарлық-материалдық қорларды өткізудің ықтималды құнына негізделеді.

Дайын өнім мен аяқталмаған өндірістің өзіндік құны орташа өлшемді әдісті қолдана отырып, есептеледі, және материалдар бойынша тікелей шығындар мен жалақы бойынша тікелей шығындарды, және тауарлық-материалдық қорларды олардың ағымдағы күйіне келтіру және керекті орнына жеткізу кезінде пайда болған жүкқұжаттық шығыстарды қамтиды.

Қаржылық құралдарын тану

Топ қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі қаржылық активтер мен міндеттемелерді тек құрал бойынша сәйкес шарттың қатысушысы болғанда таниды. Қаржылық активтер мен міндеттемелер операция күнгі есепке алу қағидасын қолдана отырып, көрінеді.

Қаржылық активтер мен міндеттемелер бастапқыда мәмілені жасасумен байланысты шығындарды қосқанда немесе шегергендегі алынған немесе төленген сыйақының әділ құнын сипаттайтын өзіндік құн бойынша көрінеді, ал ары қарай әділ құн немесе амортизацияланған құн бойынша есепке алынады. Әділ құн әдетте ресми нарықтық бағаларға сілтеме жасала отырып, анықталады. Егер нарықтық бағалар қолжетімсіз болса, әділ құн нарықтық мәліметтерге негізделетін дисконтталған болашақ ақша қозғалысы сияқты бағалаудың жалпыға бірдей әдістері бойынша нақтылынады.

Амортизацияланған құн тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдану арқылы бағаланады. Тиімді пайыздық мөлшерлеме — бұл күтілетін болашақ ақша қозғалыстарын (тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын, қарыз құралы бойынша барлық алынған немесе жасалған төлемдерді, мәмілені рәсімдеу бойынша шығындар мен басқа да сыйақыларды немесе дисконттерді қосқанда) қарыз құралы өтелгенше күтілетін мерзімге немесе (егер қолданылса) одан аз мерзімге, қарыз құралын есепке алу сәтіндегі баланстық құнға дейінгі дисконтау мөлшерлемесі.

Қаржылық активтер

Қаржылық активтер келесідей санаттарға жіктеледі: пайда немесе шығындар арқылы әділ құн бойынша («ПШАЭҚБ») есепке алынатын қаржылық активтер, өтелгенше ұсталатын инвестициялар мен «қарыздар мен дебиторлық берешек». Жіктеліс қаржылық құралдардың сипаты мен мақсаттарына байланысты болады және бастапқы тану сәтінде анықталады.

Ақша құралдары мен олардың баламалары

Ақша құралдары мен олардың баламалары банк есепшоттарындағы құралдарды, жолдағы ақшаларды; Кассадағы қолма-қол ақша мен бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын қысқа мерзімді депозиттерді қамтиды.

Қысқа мерзімді қаржылық инвестициалар

Қысқа мерзімді қаржылық инвестициаларға бастапқы өтеу үш айдан бір жылға дейінгі қысқа мерзімді депозиттер жатады.

Сауда дебиторлық берешек

Сауда дебиторлық берешек бухгалтерлік есепте күмәнді берешек бойынша резервті шегергендегі, төлемге шығарылған шоттардың сомалары бойынша танылады және көрінеді. Күмәнді берешек бойынша резерв Топ тарапынан дебиторлық берешек шартта белгіленген мерзімде өтелмесе есептеледі. Күмәнді берешек бойынша резерв ұдайы қаралып отырады және түзету қажеттілігі туындаса, сәйкес сомалар қажеттілік туындаған есепті кезеңдегі жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте көрініс табады. Үмітсіз берешек бұрын құрылған резерв есебінен оның анықталу шамасына қарай есептен шығарылады.

Қарыздар мен басқа дебиторлық берешек

Қарыздар мен дебиторлық берешек тіркелген немесе төлем мөлшерін анықтауға икемді белсенді нарықта баға белгіленбейтін өнімсіз қаржы активтері болып табылады. Қарыздар мен дебиторлық берешек құнсыздануы шегеріліп, пайыздың тиімді ставка әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі.

Пайыздық табыс болар-болмас болған қысқа мерзімді дебиторлық берешекті қоспағанда, пайыздық табыс тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдану арқылы танылады.

Басқа қаржылық активтер

Басқа қаржылық активтер тіркелген немесе төлем мөлшерін анықтауға икемді белсенді нарықта баға белгіленбейтін банктердегі депозиттер секілді өнімсіз қаржылық активтерге сай. Мұндай активтер кез келген құнсыздануы шегеріліп, пайыздың тиімді ставка әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құн бойынша көрсетіледі.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Пайда және шығындар арқылы әділ құн бойынша есепке алынатын активтерден басқа, қаржы активтері әрбір есепті күні құнсыздану көрсеткіштеріне бағаланады.

Қаржы активтерін бастапқы танудан кейін пайда болған бір немесе бірнеше оқиғалар нәтиже-

сінде, мысалы: инвестиция бойынша ақша құралдарының болжалды болашақ қозғалысында айтарлық өзгеріс, эмитент немесе борышкер тап болған айтарлықтай қаржылық қиындықтар, несие берушінің борышкердің қаржылық қиындықтарына байланысты берген жеңілдік жағдайлары, қарыз алушының банкротқа ұшырауы немесе қаржылық қайта ұйымдастырылу ықтималдылығы, аталмыш қаржы активі үшін белсенді нарықтың жойылуы пайда болады деген объективті куәліктер болса, қаржы активтері құнсызданады. Амортизацияланған құн бойынша көрінген қаржы активтері үшін құнсыздану сомасы активтің баланстық құны мен бастапқы қолданыстағы пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталған ақшалай құралдардың болжалды болашақ қозғалысының ағымдағы құны арасындағы айырманы құрайды.

Баланстық құн күмәнді берешек бойынша резервті қолдану арқылы азаятын сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, қаржы активінің баланстық құны барлық қаржы активтері бойынша тікелей құнсызданудан болатын шығынға азаяды.

Егер келесі кезеңде құнсызданудан болған шығын сомасы азайса, азақ құнсыздануды танудан кейін болған оқиғамен байланысты болуы да мүмкін.

Онда құнсызданудан болған шығынның бұрын танылған сомасы инвестицияның баланстық құны құнсыздану танылмаған жағдайда амортизациялық құн құрауы мүмкін сомадан аспайтын дәрежеде пайда немесе шығында түзетіледі.

Қаржылық міндеттемелер мен үлес құралдары

Топ кәсіпорындары шығарған борыштық және үлес құралдары келісімшарттық келісім, сондай-ақ қарыздық міндеттемелер мен қарыздық құрал сипатына сәйкес қаржылық міндеттемелер сияқты не болмаса капитал сияқты жіктеледі.

Үлес құралдары — барлық міндеттемелерін шегергеннен кейін активінде қалған қатысуы туралы куәландыратын кезкелген келісімшарт. Топ шығарған үлес құралдар шығаруға шыққан тікелей залалдарды шегерумен алынған пайда бойынша есепке алынады.

Топтың өзіндік үлес құралдарын сатып алу тікелей капиталдан шегеріледі. Компанияның өзіндік үлес құралдарын сатып алу, сату, шығару немесе жою нәтижесінде пайда болатын табыстар мен шығыстар пайда мен шығындарда есепке алынбайды.

Артықшылық берілген акциялар

Дивидендтерінің сомасы тіркелген артықшылық берілген акциялар шарттық келісім сипатына сәйкес құрама қаржы құралы болып табылады. Осыған сай, міндеттемелер мен капитал компоненттері қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте бөлек саналған. Бастапқы тануда капитал компонентіне құралдың бастапқы баланстық құнынан міндеттеме компоненті үшін белгіленген әділ құнды шегергеннен кейін қалатын сома қалдығы төлінеді. Міндеттеме компонентінің бастапқы танудағы әділ құны нарықтық пайыз мөлшерлемесі бойынша күтілетін ақша қозғалысын ұқсас борыш құралынан шегеру арқылы есептеледі. Ары қарай міндеттеме компоненті тәртіптелген борыш сияқты қағида бойынша өлшенеді, ал өзіндік капитал компоненті жарғылық капитал секілді қағидамен өлшенеді.

Қаржы міндеттемелері шарт бойынша міндеттемелер пайда болған кезде есепке алынатын шарттық келісімдерде ұсынылады.

Сауда және басқа да кредиторлық берешек

Сауда және басқа да кредиторлық берешек бастапқыда әділ құн бойынша бағаланады, ал нәтижесінде тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданылып, амортизацияланған құн бойынша қайта бағаланады.

Қарыздар және тартылған қаражат

Барлық қарыздар мен тартылған қаражат бастапқыда қарыздық қаражаттарды тартумен байланысты шығыстар ескерілгендегі алынған ақшалай қаражаттың әділ құнын сипаттайтын құн бойынша есепке алынады.

Бастапқы танудан кейін пайыздық қарыздар мен тартылған қаражаттар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданылып, амортизацияланған құн бойынша есепке алынады.

Капиталдандырылуы тиіс қарыздар бойынша шығыстарды қоспағанда (мысалы, үшінші тараптар кепілдіктері бойынша комиссиялары) табыстар мен шығыстар міндеттерді тану тоқтағанда, сондай-ақ амортизация есепке алынғанда, жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Өзара есептер

Танылған сомалардың өзара есебін жүргізуге заңды құқық болса, және Топта не өзара есеп жасау, не активті өткізіп, міндеттемені бір уақытта өтеу ниеті болған жағдайда, қаржы активтері мен қаржы міндеттемелері өзара есепке алынып, таза сома қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте есепке алуға болады.

Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелері

Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері мен міндеттемелері (1) қысқа мерзім ішінде сату деген негізгі мақсатпен сатып алынған, (2) басқару бірлесе жүзеге асырылатын және құрылымы қысқа мерзімді уақытта пайда алу ниетін сипаттайтын сәйкестендірілген қаржы құралдары қоржынының бөлігі болып табылатын, немесе (3) бастапқыда Топ тарапынан пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері және міндеттемелері ретінде есепке алынған өнімді құралдарды немесе бағалы қағаздарды сипаттайды. Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері және міндеттемелері бастапқыда және болашақта әділ құн бойынша бағаланады. Топ өнімді қаржы құралдарын қосқанда, пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері және міндеттемелерінің әділ құнын анықтау үшін бағалауды пайдаланады. Пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын қаржы активтері және міндеттемелерінің әділ құнын түзету жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте есепке алынады. Топ аталмыш қаржы құралдарына иелік ету кезеңі ішінде қаржылық құралдарды осы санатқа немесе ол санаттан қайта жіктеуді жасамайды.

Қосылған туынды қаржы құралдары

Басқа қаржы құралдарына немесе негізгі шарттарға қосылған туынды қаржы құралдары сипаттамалары мен қауіптері негізгі шарттың сипаттамаларымен және қауіптерімен тығыз байланыста болмаса, және негізгі шарттар пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланбаған кезде бөлек туынды қаржы құралдары ретінде қарастырылады.

Қаржы активтері мен міндеттемелерді тануды тоқтату

Қаржы активтері

Қаржы активін (немесе қай жерде қисынды болса, қаржы активінің бөлігін немесе ұқсас қаржы активтерінің бір бөлігін) тану мына жағдайларда тоқтатылады:

- активтен ақша қаражатын алу құқығының мерзімі өтсе;
- Топ активтен ақша қаражаты қозғалысын алу құқығын сақтайды, алайда оларды өткізу келісіміне сәйкес үшінші тарапқа кешіктірместен толықтай төлеу міндеттемесін қабылдаса, және негізінен осы актив бойынша барлық қауіптер мен пайдаларды берсе;
- Топ өзінің активтен ақша қаражаты қозғалысын алу құқығын берсе, және немесе (а) осы актив бойынша барлық қауіптер мен пайдаларды берсе, немесе (б) актив бойынша ешбір қауіптер мен пайдаларды берген жоқ және ұстаған жоқ, алайда активті бақылау құқығын берді болып саналады.

Егер Топ өзінің активтен ақша қаражаты қозғалысын алу құқығын берсе, және актив бойынша ешбір қауіптер мен пайдаларды бермесе және ұстамаса, және активті бақылау құқығын бермесе, актив Топ активке қатысуын жалғастыратын дәрежеде танылады. Берілген актив бойынша сенімгерлік нысанына ие болатын қатысудың жалғасуы активтің бастапқы баланстық құны мен Топтан өтелім ретінде қажет болуы мүмкін максималды өтем сомасы мәндерінің ең кішісі бойынша бағаланады.

Қаржы міндеттемелері

Қаржы міндеттемесін (немесе қаржы міндеттемесінің бөлігін) тану ол өтелгенде, демек шартта көрсетілген міндеттеме орындалғанда, күшін жойғанда немесе мерзімі өткен кезде тоқтайды.

Табысты тану

Табыстардан Топ белгілі бір экономикалық пайда алады, және табыстар жеткілікті түрде дәлдікпен есептеле немесе бағалана алады деген ықтималдылық бар дәрежеде танылады.

Тауарларды өткізу

Тауарларды өткізуден түсетін табыс тауарлы жеткізу дерегі және меншік құқығының өту дерегі бойынша танылады.

Қызметтерді көрсету

Қызмет көрсету шарттары бойынша табыс аяқталу дәрежесіне қарай танылады.

Құрылысқа арналған шарттар

• Егер құрылысқа арналған шарттың қаржылық нәтижесі сенімді түрде есептеле алса, түсім мен шығыстар есеп күнгі шарт бойынша жұмыстардың аяқталу дәрежесіне барабар танылады. Аяқталу дәрежесі шарт бойынша шығындардың жалпы есептік сомасындағы есепті күнге дейін жұмыстарды орындауға кеткен шығындардың үлесі (бұл үлес жұмыстың аяқталу дәрежесін сипаттамаса) ретінде анықталады. Орындалған жұмыстар көлемі, шағымдар мен ынталандырушы төлемдер бойынша ауытқулар сенімді бағалана алатын және олардың алыну ықтималдылығы жоғары болатын дәрежеде есепке алынады.

• Егер құрылысқа арналған шарттың қаржылық нәтижесі сенімді түрде есептеле алса, онда келісім бойынша түсім келісім шығыны арқылы өтелуі мүмкін. Келісім бойынша шығындар сол кезеңдегі шығыстар ретінде қарастырылады.

• Егер жиынтық шығыс шарт бойынша жиынтық түсім бойынша қарастырылса, онда зиян шығыс шұғыл бағыты деп күтіледі.

Егер пайда болған шығындар қосылып мойындалған табыс шегерілген зияннан жоғары болса сомманың жоғарлауы ашылып, келісім бойынша тапсырушы жұмысы ретінде есептеледі. Тапсырыс берушіден келісім орындалғанға дейін алынған сомма шоғырландырылған есептілікте қаржылық жағдай алынған аванс ашылып көрсетіледі. Орындалған жұмысқа қойылған есеп төленбеген сомма шоғырландырылған есептегі қаржылық жағдайды дебиторлық және басқа берешектері көрсетіледі.

Қарыздар бойынша шығындар

Жоспарланған пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін айтарлықтай уақыт қажет болатын активтерді сатып алумен, салумен немесе жасаумен тікелей байланысты қарыздар бойынша шығындар жоспарланған пайдалануға немесе сатуға дайын болғанша, ондай активтердің құрамына қосылады.

Жіктелген активтерді сатып алуға шығындалғанға дейін алынған қарыздық қаражатты уақытша инвестициялау нәтижесінде алынған табыс қарыздық қаражатты тартуға кеткен шығындардан шегеріледі.

Барлық қарыз бойынша қалған шығындар пайда болу шамасына қарай пайдаларды және шығындарды есепке алады.

Зейнетақылық міндеттемелері

Топ зейнетақы қорларына аударымдар ретінде қызметкерлердің жалақысынан 10% мөлшерінде төлемдер жүзеге асырады, алайда ол айына 171,443 теңгеден аспайды (2014 ж. 149,745 теңгеден

аспайды). Зейнетақы қорларына жасалатын төлемдер қызметкерлердің жалақысынан ұсталып қалады да, жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте жалақы бойынша жалпы шығыстарға және аударымдарға жатқызылады.

Салық салу

Табыс салығы бойынша шығыстар ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтық жиынтығын құрайды.

Ағымдағы салық

Ағымдағы салық сомасы жыл ішіндегі салық салынатын пайда көлеміне қарай анықталады. Салық салынатын пайда асқан жылдарда салық салу мақсатында салық салынатын немесе шегерілетін табыс және шығыс баптарына байланысты жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есептегі пайдадан ерекшеленеді, сондай-ақ салық салу мақсатында салық салынбайтын немесе шегерілмейтін баптарды қарастырмайды. Пайдаға ағымдағы салық бойынша міндеттеме есепті күнгі заңнамамен бекітілген салық салу мөлшерлемелері қолданыла отырып, есепке алынады.

Кейінге қалдырылған салық

Кейінге қалдырылған салық шоғырландырылған қаржылық есептілікте есепке алынған активтер мен міндеттемелердің баланстық құны мен салық салынатын пайда есептегенде қолданылатын салық есебінің сәйкес мәліметтері арасындағы уақыттық айырмаға қатысты танылады. Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер әдетте барлық салық салынатын уақыттық айырмалар ескеріле отырып, есепке алынады. Кейінге қалдырылған салықтық активтер осы уақытты қайырымаларды пайдалану үшін болашақта салық салынатын баланстық пайда ықтималдылығы жоғары болған жағдайда барлық шегерілетін уақыттық айырмалар ескеріле отырып, есепке алынады. Егер уақыт айырмалары гудвиллмен байланысты болса немесе не салық салынатын, не бухгалтерлік пайдаға әсер етпейтін мәмілелер (бизнестерді біріктіру бойынша мәмілелерден басқа) аясындағы басқа активтер мен міндеттемелерді бастапқы тану нәтижесінде пайда болса, салықтық активтер мен міндеттемелер шоғырландырылған қаржылық есептілікте есепке алынбайды.

Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер Топ уақыттық айырма мерзімдерін бақылау мүмкіндігіне ие болатын және аталмыш айырма болжалды болашақта кері қайтпайды деген жоғары ықтималдылық болатын жағдайларды қоспағанда, еншілес кәсіпорындарға, қауымдасқан

кәсіпорындарға сондай-ақ бірлескен қызметке қатысты салық салынатын уақыттық айырмалар ескеріле отырып, көрсетіледі. Еншілес кәсіпорындар, қауымдасқан кәсіпорындар және бірлескен қызмет бойынша кейінге қалдырылған салықтық активтер шегерілетін уақыттық айырмаларды пайдалану үшін жеткілікті болашақта салық салынатын пайда алынады және олардың болжалды болашақта пайдаланылуы күтілетін жоғары ықтималдылық болса, танылады.

Кейінге қалдырылған салықтық активтердің баланстық құны әрбір есепті кезеңнің соңында қайта қаралады, және осы активтерді толықтай немесе ішінара пайдалану үшін жеткілікті болашақта салық салынатын пайда болу ықтималдылығы жоғары болмаса, азаяды. Кейінге қалдырылған салықтық активтер мен табыс салығы бойынша міндеттемелер есепті күнге заңнамамен бекітілген немесе бекітілуге таяған, және салықтық активті өткізу немесе міндеттемені өтеу кезеңінде қол-

данылады деп күтілетін салық салу мөлшерлемелері (сондай-ақ салық заңнамасының қағидалары) қолданыла отырып, есептеледі. Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері мен активтерді бағалау Топтың активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын өтеу немесе төлеу тәсілдеріне қатысты ниеттерінің салықтық салдарын (есепті күнгі жағдай бойынша) сипаттайды.

Жыл ішіндегі ағымдағы және кейінге қалдырылған салық

Ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар басқа жиынтық табыс немесе өзіндік капитал құрамына тікелей қатысты баптарға жататын жағдайларды қоспағанда, пайдалар мен шығындарда танылады. Бұл жағдайда ағымдағы және кейінге қалдырылған салықтар сәйкесінше басқа жиынтық табыста немесе тікелей капиталда танылады. Ағымдағы немесе кейінге қалдырылған салық бизнестерді біріктіру бойынша мәмілелерді бастапқы есепке алу нәтижесінде пайда болса, салық әсері осы мәмілелерді жасасқанда көрінеді.

Резервтер

Алдағы шығыстар резервтері Топтың алдыңғы оқиғалар нәтижесінде пайда болған міндеттемелері (заңды немесе іскери айналым нормаларымен байланысты) болса және Топ аталмыш міндеттемелерді өтеуі тиіс, ал ондай міндеттемелердің мөлшері құнсыздануы мүмкін деген ықтималдылық жоғары болса, есепте көрсетіледі.

Есепте көрінетін алдағы шығыстар резервінің өлшемі осы міндеттемелер үшін тән қауіптер мен белгісіздіктер ескеріле отырып, есепті күнге белгіленген міндеттемелерді өтеуге қажетті соманың ең жақсы бағасын сипаттайды. Егер алдағы шығыстар резервінің өлшемі міндеттемелерді өтеу бойынша күтілетін ақша қозғалысының негізінде есептелетін болса, алдағы шығыстар резерві мұндай ақша қозғалысының дисконтталған құны ретінде анықталады (егер уақыттағы ақша құнының әсері елеулі болса).

Егер міндеттемелерді өтеуге қажетті төлемдер үшінші тарап тұрғысынан ішінара немесе толықтай өтеледі деп күтілсе, сәйкес дебиторлық берешек өтем алынады деген толықтай сенімділік болса және осы дебиторлық берешек сомасын сенімді бағалауға қажетті мүмкіндіктер болса, актив ретінде есепке алынады.

4. ЕЛЕУЛІ ЖОРАМАЛДАР МЕН БАҒАЛАУДАҒЫ БЕЛГІСІЗДІК КӨЗДЕРІ

ХҚЕС сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау Топ басшылығының талдауларды дайындауын және есепке алынған активтер мен міндеттемелердің сомаларына және шоғырландырылған қаржылық есептілікке қол қойылған күнгі әлеуетті активтер мен міндеттемелер туралы ақпараттың ашылуы және есепті кезең ішіндегі есепке алынған табыстар мен шығыстар сомасына ықпал ететін субъективті бағалаулар мен жорамалдарды пайдалануын қарастырады.

Келесі қаржылық жылда активтер мен міндеттемелердің баланстық құнының елеулі материалдық түзету тәуекеліне әкелетін есепті күнгі белгісіздікті бағалаудың болашақ және басқа да негізгі көздері бойынша негізгі жорамалдар төменде талқыланады:

Есептік саясатты қолданған кезде болған елеулі жорамалдар

Төменде Топ шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген сомаларға анағұрлым елеулі әсер ететін және Топтың есептік саясатын қолданған кезде Топ басшылығы қолданған бағаларда белгісіздік барынан басқалары аталған.

«Еврокоптер Қазақстан инжиниринг» ЖШС, «Талес Қазақстан инжиниринг» ЖШС, «Қазақстан ASELNAN инжиниринг» ЖШС бірлескен кәсіпорын ретінде калассификациялануы

Бірлескен қызметті бөлуді қарастыратын «Еврокоптер Қазақстан инжиниринг» ЖШС, «Талес Қазақстан инжиниринг» ЖШС, «Қазақстан ASELNAN инжиниринг» ЖШС жауапкершілігі шектеулі серіктес болып табылады. Басқа дерек пен міндеттемелер қатысушылардың бірлескен қызметінің міндеттемелері арқылы активтерді қарастыруға құқылы. Бірлескен инвестициялық іс – шара бірлескен кісіпорын инвестициясы ретінде классификацияланады (9- ескертпе).

Бағалаудағы белгісіздіктің негізгі көздері

Төменде ықтималдылықтың үлкен үлесімен келесі қаржылық жылдың ағымында міндеттемелер мен активтердің баланстық құнын елеулі түзетулерге әкелетін ықтималдылықтың үлкен үлесімен есептік кезеңнің соңына бағалаудағы белгісіздіктің негізгі көздеріне қатысты негізгі кемшіліктер келтірілген.

Негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімдері

Топ әрбір жылдық есептік кезеңнің соңында негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімдерін қарастырады. Активтің пайдалы қызмет ету мерзімін бағалау үнемді пайдалану, жөндеу және қызмет ету бойынша бағдарламалар, технологиялық жақсартулар және басқа да іскери жағдайлар сияқты факторларға байланысты болады. Басшылықтың негізгі құралдардың пайдалы қызмет ету мерзімдерін бағалауы аталмыш шоғырландырылған қаржылық есептілік жасалған күнгі сәйкес ақпаратты сипаттайды.

Активтердің құнсыздануы

Топ әрбір есепті күні материалдық және материалдық емес активтердің баланстық құнының құнсыздану белгілерінің бар-жоғын тексереді.

Актив белгілерінің бар-жоғын анықтау төмендегідей факторларға негізделеді: күтілетін өсім, болжанатын ақша қозғалысы, болашақта қаржыландыру қолжетімділігінің өзгеруі; технологиялық бағаланады да, активтердің баланстық құнымен салыстырылады. Егер баланстық құн активтердің өтілу құнынан асып түссе, құнсыздану болып танылады. Өтелетін құн өткізуге кеткен шығындарды шегергендегі активтердің әділ құны мен пайдалану құны арасындағы ең жоғары мән арқылы анықталады.

Пайдалану құнын бағалауда ақшалау қаражаттың болашақ қозғалысы басшылық пікірінше ақшалардың уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және активтерге тән тәуекелдерді сипаттайтын, салық салуға дейінгі дисконт мөлшерлемелерін қолдана отырып, ағымдағы құнға дейін

дисконтталады, бағалаушылық өтелу құнындағы өзгеріс құнсыздануға немесе оның алдағы кезеңдерге қалпына келуін әкеле алады.

Салық салу

Түрлі Қазақстандық заңнамалық актілер мен нормалар әрдайым нақты жазылмайды, олардың негізі жергілікті салық инспекторлары және Қазақстан Республикасының қаржы министірлігіне тәуелді. Жергілікті, аймақтық және республикалық салық органдары пікірлерінің арасында айырмашылықтар болуы мүмкін. Бұл ретте салық органдары тарапынан қосымша салықтар қосымша есептелген жағдайда айыппұлдар мен өсімпұлдардың күшіндегі өлшемдері елеулі мөлшерлерде белгіленген; айыппұл мөлшері қосымша есептелген салықтың 50%, ал өсімпұл уақытылы төленбеген салықтың 13,75% құрайды. Нәтижесінде айыппұлдар мен өсімпұлдар қосымша есептелген салықтар сомасынан асып кетуі мүмкін.

Топ басшысы барлық қолданылатын салықты төлеп және есептеді деп санайды. Анық емес жағдайда Топ барлық салықты басшының бағалауы негізделген бағыт арқылы төлейді. Топ саясаты нақты орнатылған сомма бойынша шығыстардың кенеттен пайда болуы есептілік кезеңдегі резервті қалыптастыруды көздейді.

Жоғарыда аталған белгісіздіктерге байланысты салықтардың айыппұлдық санкциялардың және өсімпұлдардың әлеуетті сомасы, егер олар қосымша есептелсе, 2015 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шығыстарға жатқызылған және есептелген сомадан асып кетуі мүмкін. Бағалаулар мен нақты төленген сомалар арасындағы айырмалар, егер олар пайда болса, Топтың болашақ кезеңдердегі пайдасына елеулі әсер етуі мүмкін.

Кез келген күтпеген жағдай пайда болуы мүмкін, бағытты тәжірибе жүзінде болашақтағы дауды анықтау мүмкін емес.

5. САЛЫСТЫРЫЛАТЫН АҚПАРАТҚА ЫҚПАЛ ЕТЕТІН ЖІКТЕУДІҢ ӨЗГЕРУІ

Қаржылық есептіліктің түсінілуін арттыру мен ақпаратты үздік ұсыну мақсатында Топ қаржылық күйі туралы шоғырландырылған жеке баптардың жіктелуін жүзеге асырды. Сәйкесінше салыстыру деректері 2014 жылдың 31 желтоқсанына қайта есептелді.

Қаржылық күйі туралы шоғырландырылған есепке ықпалы

	Түзеткенге дейін	Қайта жіктеу	Қайта есептелді
31 желтоқсан 2014 ж.			
Ұзақ мерзімді активтер			
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	6 057 061	(6,057,061)	-
Қауымдасқан кәсіпорындарға инвестициялар	661 025	(661 025)	-
Қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	-	6 718 086	6 718 086
Ұзақ мерзімді активтер барлығы	24 831 329	-	24 831 329
Ағымдағы міндеттемелер			
Өзге ағымдағы міндеттемелер	2 389 246	(487 740)	1 901 506
Байланысқан тараптардан алынған аванстар	-	487 740	487 740
Барлығы ағымдағы міндеттемелер	17 567 657	-	17 567 657

Топ, шығындар мен табыстар және өзге де жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепте өзге шығындар сияқты активтердің құнсыздануынан қайта жіктелген.

Табыстар мен шығындар және басқа жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есепке ықпалы

	Түзеткенге дейін	Қайта жіктеу	Қайта есептелді
2014 ж.			
Өзге табыстар (шығындар)	61 831	(225 355)	(163 524)
Активтердің құнсыздануынан шығындар	(225 355)	225 355	-
Бірлескен кәсіпорынның табысындағы үлес	267 861	(267 861)	-
Қауымдасқан кәсіпорындардың табысындағы (шығынындағы) үлес	(336 642)	336 642	-
Қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындардағы шығындағы үлестер	-	(68 781)	(68 781)

Топ сондай-ақ ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есепте келесі баптарды біріктіруді шешті: аванстар, негізгі құралдарды сатып алу және ұзақ мерзімді активтер үшін берілген.

Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы шоғырландырылған есепке ықпалы

	Түзеткенге дейін	Қайта жіктеу	Қайта есептелді
2014 ж.			
Өзге шығындар	-	225 355	225 355
Құнсызданудан шығындар	225 355	(225 355)	-
Бірлескен кәсіпорындардағы табыстағы үлес	(267 861)	267 861	-
Қауымдасқан кәсіпорындардың табысындағы (шығынындағы) үлесі	336 642	(336 642)	68 781
Қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындардағы шығын үлесі	-	68 781	-
Аванстар, Ұзақ мерзімді активтер	(1 045 582)	1 045 582	-
Негізгі құралдарды иелену	(1 651 320)	1 651 320	-
Негізгі құралдарды сатып алу және ұзақ мерзімді активтер үшін берілген аванстар	-	(2 696 902)	(2 696 902)

6. СЕГМЕНТТІ АҚПАРАТ

Ресурстарды бөлу және сегменттер бойынша нәтижелерді бағалау мақсатында Топтың операциялық қызметі бойынша шешім қабылдауға жауапты басшылығына ұсынылатын ақпарат сатылатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің түріне; арнайы өніммен және қос мақсаттағы өніммен, азаматтық қолданыс өнімдері мен қызмет көрсетумен байланысты операцияларға қатысты. Топтың есептік сегменттерін алу үшін, жекелгенде сандық шектерден аспайтын басқа өнімдер мен қызметтерді қоспағанда, оның операциялық сегменттерінің ешқайсысы біріктірілген жоқ.

Атап айтқанда, Топтың есептік сегменттері былайша ұсынылған:

- Арнайы өнім және қос мақсаттағы өнім
- Азаматтық мақсаттағы өнім
- Сервистік қызметтер (инжиниринг)

Есептік сегменттердің есеп саясаты қағидалары 3-ескертпеде сипатталған Топтың есептік саясаты қағидаларынан ешбір ерекшеленбейді. Топ басшылығы сегменттер бөлінісінде тек тауарлар мен қызметтерді өткізуден түсетін табыстарды талдайды. Бұл көрсеткіш ресурстарды бөлу және сегменттер бойынша нәтижелерді бағалау мақсатында операциялық қызмет бойынша шешім қабылдауға жауапты басшылыққа ұсынылады.

Топтың негізгі өнімдер мен қызметтер бойынша жалғасатын қызметінен түсетін түсімнің талдауы келесідей тәсілмен ұсынылған:

	2015 ж.	2014 ж.
Арнайы өнім және қос мақсаттағы өнім	44 948 653	16 366 3
Сервистік қызметтер (инжиниринг)	10 376 654	11 329 944
Азаматтық мақсаттағы өнім	8 191 191	10 791 774
	<u>63 516 498</u>	<u>38 488 086</u>

Топ Қазақстанда қызметін жүргізеді.

Сегмент ішіндегі түсім 2015 жыл үшін 10,680,605 мың теңгені құрады (2014 ж.: нөл).

Өнімдер мен қызметтердің негізгі түрлері бойынша жалға алынатын қызметі туралы Топ түсіміне талдау келесі дейінгі көрсетілді:

	2015 г.	2014 г.
Арнайы өнім және қос мақсаттағы өнім	44 948 653	16 366 368
Сервистік қызмет (инжиниринг)	10 376 654	10 791 774
Азаматтық мақсаттағы өнім:		
- нефтегаз жабдықтары	5 417 822	6 001 994
- теміржол жабдықтары	825 325	2 599 981
- басқа да тауарлар	1 948 044	2 727 969
	<u>516 498</u>	<u>38 488 086</u>

Арнайы және қос мақсаттағы тауарлар белгіленген тауар көбнесе кеме, теңіз және өзен кемелері, ұшақ жабдықтары және қосалқы бөлшектері, тікұшақ пен оларға қосалқы бөлшектер және басқа да жабдықтарға бағытталған.

Арнайы техника және жабдықтар мен машинаны, техникалық жабдықтар және кемеңі модернизациялау, күрделі жөндеуге негізделген сервистік қызметтер (инжиниринг).

Сервистік қызметтер (инжиниринг) кемелерді, машиналар мен жабдықтарды және арнайы техниканы күрделі жөндеу, техникалық қызмет көрсету және жаңғыртуға бағытталған.

Басқа да тауарлар цифрлық, компьютерлік техника, ауыл шаруашылығына арналған техника және басқа да халық тұтынатын тауарлар көрсетілген.

2015 жылы мамандандырылған өнім сервистік қызметтерді (2014 жылы 23 025 335 мың теңге сервистік қызметтерді қосқанда) 51 498 039 мың теңге министрліктер мен ведомстволармен негізінен іске асырылды; мұнай газ жабдығы негізінен «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ іске асырылды, 3 609 752 мың теңге (2014 ж.: 4,629,989 мың теңге); темір жол жабдығы негізінен «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ 1 633 259 мың теңгеге іске асырылды (35 ескертпе).

Елдер кескінінде сыртқы сатушыларға сатылымдар бойынша жалғасатын қызметтен Топ түсімі төменде келтірілген:

	31 желтоқсан 2015 ж.	31 желтоқсан 2014 ж.
Қазақстан	61 419 946	35 392 286
ТМД елдері	2 096 552	2 748 200
Басқалары	-	347 600
	<u>63 516 498</u>	<u>38 488 086</u>

7. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР

	Жер	Ғимараттар мен имараттар	Машиналар, жабдық және көлік құралдары	Өзге активтері	Аяқталмаған құрылыс	Барлығы
Алғашқы немесе бастапқы құны:						
1 қаңтар 2004 ж.	193 591	5 958 738	8 209 226	895 616	2 965 080	18 222 251
Түсімдер	4 601	130 720	393 624	163 877	2 399 731	3 092 553
Ішкі жылжу	-	2 170 756	1 022 669	71 188	(3 264 613)	-
Шығу	-	(43 054)	(124 731)	(99 441)	(594)	(267 820)
31 желтоқсан 2014 ж.	198 192	8 217 160	9 500 788	1 031 240	2 099 604	21 046 984
Түсімдер	323 128	131 577	257 664	67 861	4 821 586	5 601 816
Ішкі жылжу	202	235 705	463 997	36 687	(736 591)	-
Шығу	(1 727)	(8 842)	(102 448)	(11,065)	-	(124 082)
31 желтоқсан 2015 ж.	519 795	8 575 600	10 120 001	1 124 723	6 184 599	26 524 718
Жинақталған тозу және құнсыздану:						
1 қаңтар 2014 ж.	-	(1 243 881)	(3 237 862)	(371 977)	-	(4 853 720)
Жыл ішінде тозу есептелді	-	(170 361)	(688 116)	(115 283)	-	(973 760)
Шығу	-	7,207	94 864	63 980	-	166 051
Құнсызданудан зиян шығыстар мен кірістерде көрсетілді	-	-	(108 944)	-	-	(108 944)
31 желтоқсан 2014 ж.	-	(1 407 035)	(3 940 058)	(423 280)	-	(5 770 373)
Жыл ішінде тозу есептелді	-	(218 477)	(728 790)	(128 897)	-	(1 076 164)
Шығу	-	4,384	63 765	10 226	-	78 375
31 желтоқсан 2015 ж.	-	(1 621 128)	(4 605 083)	(541 951)	-	(6 768 162)
Баланстық құны:						
31 желтоқсан 2015 ж.	519 795	6 954 472	5 514 918	582 772	6 184 599	19 756 556
31 желтоқсан 2014 ж.	198 192	6 810 125	5 560 730	607 960	2 099 604	15 276 611

2015 жылдың 31 желтоқсанына қарағанда аяқталмаған құрылыс келесі күрделі шығындарды қосады:

- 556 964 мың теңгеге «Семей машина құрылысының зауыты» АҚ еншілес кәсіпорында МАЗ автотехникасының жинау өндірісін құру (31 желтоқсан 2014 ж.: 194 677 мың теңге);
- «Астана қаласындағы авиатехника орталығы» жобасы бойынша шығындар 5 256 506 мың теңге сомасына «Қазақстандық авиациялық индустрия» ЖШС еншілес кәсіпорында шығындар (31 желтоқсан 2014 ж.: 1 259 667 мың теңге). Осы жобаны қаржыландыру негізінен Компанияның жарғылық капиталын арттыру арқылы Мемлекеттік бюджеттің есебінен жүзеге асырылды.

2015 жылдың 31 желтоқсанға қарағанда 477 809 мың теңге баланстық құны бар негізгі құралдар Топтың алған банктік кепілдіктері мен белгілі бір қрызды қамтамасыз ету ретінде кепілдікте болды (31 желтоқсан 2014 ж.: 1 065 260 мың теңге).

2015 жылғы 31 желтоқсанға қарағанда қаржылық жалға алу бойынша алынған негізгі құралдардың құны 1 142 756 мың теңгені құрады (31 желтоқсан 2014 ж.: 1 295 944 мың теңге). Бұл жабдық қаржылық міндеттемелер бойынша кепілдік қамтамасыз ету ретінде шығады.

2015 және 2014 жылғы 31 желтоқсанға қарағанда тозған негізгі құралдардың құны 1,032,866 мың теңгені және 1 072 561 мың теңгені сәйкесінше құрады.

Уақытша тұратын негізгі құралдардың баланстық құны 2015 жылғы 31 желтоқсанға қарағанда 315 348 мың теңгені құрады (31 желтоқсан 2014 ж.: 336 494 мың теңге).

8. ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАР

Атауы	Қызметтің сипаты	Ел	Иелену пайызы	
			31 желтоқсан 2015 ж.	31 желтоқсан 2014 ж.
«Автожөндеу зауыты» АҚ811 КИ»	Күш тораптары мен агрегаттардың қорғанысты-өнеркәсіптік кешені техникасының («ҚӨК») жөндеу жұмыстарын жүргізу; жабдықты жаңғырту	Қазақстан	100%	100%
«Авто жөндеу зауыты» АҚ 832 КИ»	Автомобильді техникасының жөндеу жұмыстарын жүргізу	Қазақстан	100%	100%
«Киров атындағы зауыт» АҚ	Теміржол кешеніне арналған навигациялық жүйелер, радиостанциялар, басқару пульттері, басқару блоктары мен мұнай-газ кешеніне арналған автоматтандырылған құрылғылар.	Қазақстан	84%	84%

«Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ	Теңіз су асты қаруы және гидравлика бұйымдары мен теңіз кемелеріне арналған жану автоматикалары, кен шығарушы өнеркәсіпке арналған пневмоперфораторлар; теміржол кешеніне арналған қосалқы бөлшектер.	Қазақстан	98%	98%
«Мұнаймаш» АҚ	Мұнай-газ секторына арналған ұңғымалық штанг торғылары, ФТП.	Қазақстан	52%	52%
«Гидропррибор ФЗИ» АҚ	Конструкторлық және зерттеушілік жұмыстар, сондай-ақ теңіз, өзен катерлерін, кемелерді, және басқа жүзу құралдарын, су асты аппараттары, жерүсті және әуе роботтары мен катерлерін, су асты зерттеуі мен құбырларды жөндеуге қажетті қондырғыларды, бұрғылау мұнарапарын, суасты нысандарын әзірлеу.	Қазақстан	93%	93%
«Омега» Прибор жасау зауыты» АҚ	Суды тазалауға арналған «Таза су» қондырғылары; теміржолға керекті бөлшектер мен түйіндер, сандық АТС және құраушы бөліктер, телефон аппараттары.	Қазақстан	99%	99%
«Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ	Мұнай өнеркәсібіне арналған арнайы техника, қысыммен жұмыс жасайтын ыдыстар, т/ж жолдарын жөндеуге және қызмет көрсетуге қажетті құралдар, жылжымалы құрам бөлшектері; арнайы өнімді өндіру және өткізу, әскери техниканың заманауи үлгілерін өндіру және жетілдіру.	Қазақстан	100%	100%
«Семей инжиниринг» АҚ	Бронды танк қару-жарағы мен әскери техниканы жөндеу; қозғалтқыштар, тасымалдаушы көліктер.	Қазақстан	100%	100%
«Семей машина жасау зауыты» АҚ	Тартқыш-жыланбауыр тасымалдағыштар, жүк вагондарына арналған люк қақпақтары, инженерлік техниканы жөндеу.	Қазақстан	99%	99%
«Тыныс» АҚ	Мед. техника, газды қысымды арматура, авиа. өнімдер, ПЕТ құбырлар, өрт сөндіру құралдары.	Қазақстан	99%	99%
«Зенит Орал зауыты» АҚ	ҚР ӘТК арналған катерлер мен кемелер; болат конструкцияларды, мұнай-газ кешеніне арналған бөлшектерді жобалау және өндіру.	Қазақстан	95%	95%
«КазИнж Электроникс» АҚ	Радиоэлектроника саласындағы ғылыми зерттеулер мен жұмыстар, автоматтандырылған басқару жүйелерін жасау, бағдарламалар мен технологиялар енгізу.	Қазақстан	100%	100%

«Қазақстан инжиниринг ғылыми зерттеу институты» ЖШС (бұрынғы «Қару-жарақты басқарудың жүйелерін бірыңғай енгізу орталығы» ЖШС)	ҚӨК кәсіпорындарына арналған арнайы өнімнің жаңа түрлерін әзірлеу және игеру.	Қазақстан	100%	100%
«Қазақстандық авиациялық индустрия» АҚ	Авиациялық техниканы жөндеу және оған қызмет көрсету	Қазақстан	100%	100%
«БК«Қорғау инжиниринг» АҚ	Адамның тыны салу органдарының қорғанысы жеке құралдарын жеткізу және өндіру.	Қазақстан	100%	-

Жартымды бақыланбайтын үлес иесі «Мұнаймаш» АҚ еншілес кәсіпорны болып табылады. Басқа еншілес кәсіпорындарында бақыланбайтын үлес меншігі артықшылық акцияларымен берілген.

Қазіргі бақыланбайтын үлесімен толық емес меншіктегі еншілес кәсіпорындар төмендегі кестеде:

Еншілес ұйым	Бақыланбайтын үлестің қатысу үлесі		Бақыланбайтын үлеске жатқызылатын табыс		Бақыланбайтын үлестің баланстық құны	
	31 желтоқсан 2015 ж.	31 желтоқсан 2014 ж.	31 желтоқсан 2015 ж.	31 желтоқсан 2014 ж.	31 желтоқсан 2015 ж.	31 желтоқсан 2014 ж.
«Мұнаймаш» АҚ	48%	48%	71 069	100 947	498 349	534 098

Төменде «Мұнаймаш» АҚ қатысты жартымды бақыланбайтын үлесі туралы қорытынды қаржылық ақпарат берілген. Топ ішінде мәміле болмаған кездегі қорытынды ақпарат.

	31 желтоқсан 2015 ж .	31 желтоқсан 2014 ж .
Ағымдағы активтер	1 130 586	1 454 320
Ұзақ мерзімді активтер	1 287 790	1 303 117
Ағымдағы міндеттемелер	(735 861)	(773 237)
Ұзақ мерзімді активтер	(643 856)	(871 496)
Аналық компанияның акционеріне қатысты жеке меншік капитал	540 310	578 606
Бақыланбайтын үлестер	498 349	534 098
	2015 ж .	2014 ж .
Табыстар	2 351 261	3 193 291
Шығындар	(2 203 077)	(2 982 985)
Жыл ішіндегі табыс және барлық жиынтық кіріс Жатқызылатын:	148 184	210 306
Аналық компанияның акционеріне	77 115	109 359
Бақыланбайтын үлестерге	71 069	100 947
Жыл ішіндегі барлық табыс пен жиынтық кіріс	148 184	210 306
Бақыланбайтын үлестерге жарияланған дивидендтер	106 581	41 351
Бақыланбайтын үлестерге төленген дивидендтер	52 998	41 351
Ақшалай қаражаттың таза түсуі (кетуі):		
- операциялық қызметтен	201 549	306 436
- инвестициялық қызметтен	(57 986)	(23 563)
- қаржылық қызметтен	(291 198)	(264 885)
Ақшалай қаражаттың таза түсімі (кетуі)	(147 635)	17 988

9. ҚАУЫМДАСҚАН ЖӘНЕ БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Атауы	Қызметтің сипаты	Ел	2015 ж.		2014 ж.	
			Баластық құны	Иелену пайызы	Баластық құны	Иелену пайызы
Қауымдасқан кәсіпорындар:						
«КАМАЗ инжиниринг» АҚ	Автобустар, автомобильдер, арнайы техника мен оларға қосалқы бөлшектердің өндірісі және сату	Қазақстан	625 588	25.00%	661 025	25.00%
Прочие			16 250	22.07%-49.00%	-	22.07%-49.00%
Барлығы инвестиции в ассоциированные предприятия			641 838		661 025	
Бірлескен кәсіпорындар:						
«Еурокоптер Қазақстан инжиниринг» ЖШС	Тікұшақтар шығару және оған техникалық қызмет көрсету	Қазақстан	2 775 622	50.00%	2 878 084	50.00%
«Талес Қазақстан инжиниринг» ЖШС	Электронды қондырғыны, жүйелерді және/немесе бағдарламалық қамсыздандыруды әзірлеу, өндіру және сату, және онымен байланысты қызметтерді ұсыну; қорғаныс нарығына арналған радио мен коммуникациялық қондырғыны сату және оған техникалық қызмет көрсету	Қазақстан	-	50.00%	-	50.00%
«Қазақстан ASELSAN инжиниринг» ЖШС	Электронды-оптикалық құралдардың өндірісі	Қазақстан	2 946 249	50.00%	3 178 977	50.00%
Бірлескен кәсіпорындарға барлық инвестициялар			5 721 871		6 057 061	

Барлық жоғарыда аталған қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындар Топ қызметі үшін стратегиялық болып табылады.

31 желтоқсанға қарағанда қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындар бойынша қозғалыс келе-сідей көрсетілген:

Қауымдасқан кәсіпорындар	2015 ж.	2014 ж.
1 қаңтарға	661,0	1 707 626
Табыстағы (шығындағы) үлес	58 195	(336 642)
Алынған дивидендтер	(77 382)	(82 857)
Құнсыздану	-	(34 609)
Сатуға арналған активтерге ауыстыру (16 ескертпе)	-	(592 493)
31 желтоқсанға қарағанда	641 838	661 025
Бірлескен кәсіпорындар		
1 қаңтарға қарағанда	6,05	3 057 799
Табыстағы (шығындағы) үлес	(335 190)	267 861
Иелену үлесін өзгертусіз жарғылық капиталға салымдар	-	3 000 000
Пайызсыз қарыз бойынша әділ құны бойынша түзету (35 ескертпе)	-	87 825
Алынған Дивидендтер	-	(274 622)
Құнсыздану	-	(81 802)
31 желтоқсан	5 721 871	6 057 061

Топтың елеулі бірлескен кәсіпорындары бойынша қорытынды қаржылық ақпарат төменде көрсетілген. Қорытынды қаржылық ақпарат төменде ҚЕХС сәйкес дайындалған Топтың елеулі бірлескен кәсіпорындарының қаржылық есептіліктерінде көрсетілген.

	«Еурокоптер Қазақстан инжиниринг» ЖШС		«Қазақстан ASELSAN инжиниринг» ЖШС	
	31 желтоқсан 2015 ж.	31 желтоқсан 2014 ж.	31 желтоқсан 2015 ж.	31 желтоқсан 2014 ж.
Ағымдағы активтер, оның ішінде	3 444 289	6 049 955	4 977 155	3 058 312
Ақшалай қаражат және олардың баламалары	1 867 532	3 748 832	953 515	895 227
Ұзақ мерзімді активтер	2 221 329	1 828 139	7 256 124	5 930 527
Ағымдағы міндеттемелер , оның ішінде	(61 968)	(2 121 926)	(6 656 915)	(3 042 288)
Қысқа мерзімдік қаржылық мін- деттемелер (Өзге ҚБ және резервтерді шегергенде)	-	-	-	(956 861)
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	(52 406)	-	(173 716)	(59 379)
Таза активтер	5 551 244	5 756 168	5 402 648	5 887 172

2015 ЖЫЛДЫҢ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ҮШІН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК.

Топты иелену үлесі	50%	50%	50%	50%
Топ үлесіне келетін таза активтер	2 775 622	2 878 084	2 701 324	2 943 586
Берілген пайызсыз қарыз бойынша әділ құнды түзету	-	-	244 925	235 391

	«Еурокоптер Қазақстан инжиниринг» ЖШС		«Қазақстан ASELSAN инжиниринг» ЖШС	
	31 желтоқсан 2015 ж.	31 желтоқсан 2014 ж.	31 желтоқсан 2015 ж.	31 желтоқсан 2014 ж.
Табыстар	90 224	12 551 353	9 405 227	3 898 309
Жыл үшін табыс (шығын) және барлық жиынтық (шығын)	(204 924)	779 262	(465 456)	(216 252)
Бірлескен кәсіпорынның (шығындағы)/ табыстағы үлесі	(102 462)	389 631	(232 728)	(108 126)

10. ӨЗГЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР

	31 желтоқсан 2015 ж.	31 желтоқсан 2014 ж.
Қосылған құн салығы	957 785	-
Негізгі құралдар үшін жеткізушілерге аванстар	880 486	1 045 582
